Despite the seeming simplicity of these theories (we suppose this is due to Professor's talent to state thoughts briefly, clearly and specifically, and at the same time extremely thoroughly, avoiding 'blurring' of thought and obscurantism in philosophy), John Searle's researches possess deep metaphysical loading. His theory of social reality covers wide layer of metaphysical problems, offering an accurate explanation of social facts. It is extremely difficult to argue with his arguments. It is obvious that the main objective of this work is to improve and amplify the theory earlier mentioned by the author - from the special theory to the general theory of social reality. At that the central role in creation of social reality is given to such phenomenon as declaration.

It is possible to summarize the fundamentals of social ontology according to John Searle's theory. The external world in which we live completely consists of physical particles and force fields. Most of them are systematized, and the science pursues them in general. Some of these systems are living, and some of these living systems have obtained consciousness. Intentionality comes with consciousness - it is one more key element of Searle's theory of social reality. Intentionality is an ability of an organism to represent objects and conditions of the world. The understanding of intentionality helps to understand how language works in general. From the evolutionary point of view, language is the top, built on the pre-language, biologically more primitive forms of intentionality. Belief, desire, hope and fear are all intentional.

A very important point in this theory is the understanding of ontological objectivity and subjectivity, and epistemological objectivity and subjectivity respectively. In ontological sense, 'objectivity' and 'subjectivity' are predicates of objects and types of objects, and refer to a mode of existence. In ontological sense, pain is subjective

because its existence depends on feelings of the subject. But compared to pain, mountains are ontologically objective because their existence doesn't depend on the perceiving or intellectual state [2].

We can do epistemologically subjective judgments about objects which are ontologically objective, and similarly, we can do epistemologically objective judgments about objects which are ontologically subjective. For example, the statement 'I've got a backache' is an epistemologically objective fact, but pain exists depending on the subject, therefore, such statement will be ontologically subjective.

This is a very important condition not only for understanding the theory of social reality, but also for research of consciousness and language, and speech acts. Searle notes that the problem of research of consciousness is in misunderstanding of this difference of objectivity and subjectivity. In particular, Searle asked neurobiologists a question on the nature of consciousness, and for a long time he got the same utterly dissatisfying answer. Consciousness is subjective, and science is objective, therefore there can't be a distinct objective scientific explanation for such phenomenon as consciousness. But in his works Searle denies this conventional tradition. He takes economics as an example. Economics is quite an objective science, however it investigates ontologically subjective, but epistemologically objective processes in human society, in fact, social facts and activity of social institutes, such as money for example. Searle demands to apply this approach for conducting the research of consciousness. He claims that there is a difference between the properties that we could call common to an object by nature and those properties that exist depending on the observer's intentionality, etc.

For example, cars, money, a flag of the state, etc possess a certain physical weight, color, consist of certain chemical elements, etc. - all these properties are inherent in objects, but at the same time the true statement about these objects will be that they are what they are for us, observers, i.e. cars, money, a flag of the state, etc. At that all these epistemologically objective properties depend on the observer. It is a car, money and a flag only because people use them as those.

We will draw conclusions for clarity of further research:

1. The existence of a physical object before me doesn't depend on my attitude towards it.
2. This object has many properties which are internal or peculiar to it in the sense that they don't depend on observer's or user's prescriptions. For

example, it has a physical mass and a chemical composition.

3. This object also has some other properties that exist only depending on intentionality of agents. In particular, it is its functional status. For example, it is a flag of the state or money. The author calls such properties 'dependent on an observer'. Properties, dependent on an observer, are ontologically subjective.

4. Some of these ontologically subjective properties are epistemically objective. For example, this not only my opinion that it is a flag or money. Their status function imposed by observers, is already objectively established fact.

5. Though the property to be money or a flag is the fact, dependent on an observer, the property to think that something is money or a flag (used as money, etc.) is internal for a person who thinks (uses money). Being money or a flag is the fact, dependent on an observer, but properties of an observer that allow him to create such properties of the world, dependent on an observer, is the internal property of an observer [3].

Properties, dependent on an observer, depend only on an observer's attitude. Properties inherent in object don't give an idea of an observer and exist irrespective of him. If to be more precise, properties of reality inherent in an object are the properties that exist irrespective of intellectual states, except intellectual states which are properties of reality also inherent in an object.

The author lays emphasis on differences between properties, inherent in object and dependent on an observer, because the social reality can be understood only in the light of these differences. Properties, dependent on an observer, are always created by mental phenomena of an observer, inherent in an object. These mental phenomena, like all mental phenomena, are ontologically subjective; and properties, dependent on an observer, inherit this ontological subjectivity. But this ontological subjectivity doesn't contradict the statement that properties, dependent on an observer, are epistemologically objective.

Taking all the aforesaid into consideration, according to Searle at the heart of social reality, in the course of joint activity there is ability of people to impose on rough facts of the world (i.e. inanimate facts) the mode of some ideal expediency, or as Searle notes - appoint status functions. For clarity we will note here once again that according to the above correspondence theory of truth the existence of rough facts doesn't demand any human institutes. Of course, the institute of language is required for establishing rough facts, but the statement of a fact should be distinguished from its establishment [2].

As a result, people create the new reality consisting of the 'institutional facts' on the surface of rough physical facts. Behind this new reality in the first place there is a collective intentionality, inherent in human community (as a result of biological evolution) or 'We are intentionality', and secondly what Searle names 'constructive rules' [3].

Constructive rules have a logical form: 'X must be considered as Y within the context of C'. The existence of constructive rules differs human sociality from collective behavior of animals. If the latter is subordinated to instinct, and its variability is limited, then people creatively design their reality, using agreements, but the main thing is that they practice free play behavior patterns on the basis of 'constructive rules'. According to Searle, these rules function like Wittgenstein language games, i.e. they are rather flexible, are never realized completely as the fixed contracts, and are capable to change creatively in the course of their consistent application (iteration). As a result, there are unpredictable nonlinear effects and the rules that initially serve to support the institutional facts, and can destroy them as well – for example, rules of monetary circulation and crash of monetary system. This is how people create and destroy the institutional facts of their world. From Searle's point of view, it is essentially important that all institutional facts are the facts dependent on language. Note that interpretation of this dependence is one of the most subtle aspects in Searle's theory. According to Searle the essence of strong linguistic dependence is in the nature of constructive rules – 'X is Y in C'. Here X is the rough fact of the world, say, a line on the earth or the line of stones, and Y is the ideal fact of collective consciousness, for example, a border between two communities. To make the rule work successfully, it has to be represented in the form of a collective intentionality. But language is, in fact, the only such form in which the rough facts of the world can be correlated to the facts of collective consciousness as language and consciousness are identical on their logical structure, as we have seen it earlier. In other words, on the ground that in speech acts the logical structure of conditions of consciousness is presented, Searle draws a conclusion that the same speech actions are capable to represent the relation of rough facts and the facts of collective consciousness in a way, significant for this consciousness. Let us pay attention that in his work devoted to social reality unlike 'Intentionality', Searle, by entering the concept of collective intentionality, thereby attributes to consciousness the status of special factuality, namely, factuality of institutional reality of collective consciousness, but

continues to insist on logical identity of language and consciousness [6].

In such a manner the theoretical strategy of Searle has changed. Consciousness is the special region of facts (institutional), but this peculiarity does not have a special logical status. From the logical point of view, these facts of consciousness have the same logical dimension (importance), as any other facts of language, i.e. rough facts of the world, allocated with value, as they are created under conditions of principle dependence, any joint activity of the language. Language plays an essential role in creation of institutional reality.

Even the simplest action of purchase and sale has big complexity. As the structure of the fact exists only depending on its representation, the complex facts demand complex system of representation for their existence; and language is such a difficult system of representation.

According to Searle neither generally valid thought, nor joint action are possible beyond language. It is possible to say that the notable spirit of Kant thought is present in Searle's theory by finding the necessity as the law of coordination of two incidents. In this case collective consciousness alone (ontologically) is accidental, rough facts of our world, their physical scale and dimension are also accidental, but the interrelation of that and another in the institutional reality of human life is necessary, and language is the way of presentation of this necessity. It is important that from the point of view of such understanding, language doesn't comprise the law of the 'predefined harmony', but in itself it is a special type of practice and game in which some harmony is shown as becoming in the course of joint activity and its history [7].

That thread of thought gains further development and even some form of theoretical reflection in Searle's work 'Rationality in Action'. Here Searle formulates his own understanding of the sense of rationality in relation to human behavior. From his point of view, the main line of human behavior consists in lack of continuous causality that binds belief, motives and actions in an integrated sequence. Or otherwise, the human behavior is always action under conditions of a gap. There are only three such gaps. The first one is related to the general comprehension of a situation and formation of the rational plan of action or preliminary intention. This process can't last eternally and assumes a conscious choice of some final basis. The second one is related to transition from preliminary intention to the action itself that assumes jump from preliminary intention to intention in operation. And, finally, the third one is related to

the temporary structure of operation and to conation, necessary to finish it. All three moments assume the solution of free will which fills a gap. As Searle believes, it is natural to human behavior to think freely motivated; however the last circumstance doesn't make it irrational. In this case the essence of rationality consists in necessary coordination of freedom and institutional reality, when fully functional act of man is possible. As we saw, language is a fundamental condition of existence of the institutional reality, and a special form of language action (the speech act), namely, "promise" acts as a fundamental condition of coordination of free will of a person and institutional reality of environment. This form establishes a specific class of institutional facts - "obligations" which, in their turn, are external rational basis of free will, i.e. such external basis which in appropriate cases becomes the internal motive at the proper time. By that a free subject, an individual indicates to its action the discrete structure, which is well proportioned to institutional reality. As Searle writes: "To organize our own behavior and to manage it, we need to create an entity class that is similar to desires on logical structure, but at that independent of desire. Briefly speaking we need a class of external factors of motivation which would represent the basis for activity. Such essences connect rational beings only assuming that rational beings freely create them as obliging themselves" [8, p.233].

From Searle's essential standpoint, the ethical reciprocity of free subjects and formal reciprocity as a result of the general significance of language are essentially inseparable as it is impossible to divide the process of human behavior formation and conditions of language formation. Language is a practice, including and not least of all the practice of freedom in the conditions of institutional reality. The essence of this practice is that, by making the promise, a person as if crosses some border and opens the new sphere of values from the point of view of the first person and already from this position allocates the trivial general significance of language with ethical sense of reciprocity of free subjects. In other words, a person studies freedom in diverse linguistic usage, creating new forms of obligations and representing them by means of promises.

Also, it is notable to mention Professor's attitude to the theory of a collective intentionality, which he considers to be biologically primitive phenomenon that can't be reduced to individual intentionality. Searle calls the attempt to reduce collective intentionality to individual intentionality as one of the errors of philosophical thought, and reduces its emergence to requirements of methodological

individualism. The simplest forms of social facts include simple forms of collective behavior. And any fact containing collective intentionality is considered to be the social fact.

Now let's go back to the role of language in designing the social reality. In work "Making the Social World: The Structure of Human Civilization" Searle refers to a problem of functions of language in more detail. Functions of language include the following: specifying, communicative, representative, expressional, declarative and other functions. Searle provides an answer to a question about the main function of language which makes language to what it is: language couldn't be language at all if it didn't carry out the function of providing the mechanism which helps individuals to communicate with each other. That is the communicative function of language. Communication means exchange of information. But the term "information" is considered to be one of the most difficult, unclear and badly defined concepts of today's intellectual thought, causing a lot of disputes and discussions. For attaining clarity, Searle reduces this function to exchange of intentional states, reflecting information on the world around. He allows one individual who acts as a speaker to express his thoughts, and to the second one who acts as a percipient to comprehend them, i.e. to react, understand, accordingly change his behavior or mental affirmations. The act of communication wouldn't be possible without language.

Thereinbefore we mentioned the value of language in the course of designing the social reality. Transfer from rough state to institutional one is the linguistic transfer in itself because the X term now symbolically reflects something outside itself. But this symbolical transfer requires mental process. To possess a thought which creates transfer from the X term to Y status, there must be a thought carrier that possesses consciousness. We need something for thinking. Physical features of the X term are insufficient for the content of thought, but any object that can be conventionally used as the carrier of this contents can be used for creation of thoughts. Words are most suitable for it as they are appropriated for this purpose. But formally, any standard marker will do it. It is simple to think in words, but it is much more difficult to think in people, mountains, etc. because they have too many excess properties and they are too unrepresentable. We use real words, but we can also use word-like markers as thought carriers. For example, road signs, signs of computer programs, emoticons that are extremely popular in the last decade and so on. Language is epistemologically

necessary for creation of institutional facts of social reality. In the structure of institutional facts we impose the Y status function on the X term which doesn't carry it out due to its physical constitution. Creation of a fact of ontological subjectivity is quite a difficult process, and at the same time it possesses quite real epistemological objectivity in the context of social reality. We can't derive function or status out of physical properties when it comes to money, universities, professors and playing chess for example. For example to consider paper as money we must have some linguistic or symbolical way of representation of the created facts concerning functions because they aren't derived directly from physical properties of objects. In other words, recognition of the fact that it is money, requires that it is linguistically or symbolically presented [9].

So, in summary we shall provide a number of functions thanks to which language is necessary for designing social reality and thanks to which it is possible to understand the complex mechanism of social reality and possibility of social facts as such. First, language is epistemologically necessary for creation of social reality. Secondly, social facts have to be transferrable, and as mentioned above the mandatory condition of social facts is the existence of collective intentionality. For functioning of the system, the created facts have to be transferred from one person to another. And strictly speaking, language explicitly accomplishes this function. Even in simple cases of institutional facts, this transfer requires means of general communication, language, sign system as such. Thirdly, in real life the considered phenomena are extremely complicated, and presentation of such complicated information requires language. Even such obviously simplest activities as commodity-money exchange or conclusion of marriage has big complexity. As the fact structure exists only depending on its representation, the complicated facts demand complicated system of representation for their existence; and language is such a difficult system of representation of the created social facts. Fourthly, the considered facts remain irrespective of duration of belief and tendencies of the institute participants. The collective agreement as the result of a collective intentionality leads to creation of social facts and social institutes. Their continuous existence as existence of social reality in general, requires the means of representation independent of participants' state, ranked primitively to linguistic ones, and this representation is linguistic.

Certainly it is senseless to argue on the language significance from the standpoint of the modern

cornerstone of philosophy - the triad “consciousness - language-society”. But the analysis of the principles of these phenomena interaction, as well as the analysis of their essence in general, are extremely important. Revealing the trends and basic principles of action within collective and individual intentionality would help to understand and solve

many existing social problems, to unveil secrets of social harmony and social discord. Against the background of modern global changes and total instability this analysis could allow to predict possible options of social processes development, by applying fully effective research methods of epistemologically objective reality.

#### Литература

- 1 Blakar R.M. Jazyk, kak instrument social'noj vlasti (teoretiko-jempiricheskoe issledovanie jazyka i ego ispol'zovanija v social'nom kontekste)//Jazyk i modelirovanie social'nogo vzaimodejstija. – M., 1987.
- 2 Searle J. R. Making the social world: The Structure of Human Civilization. New York: Oxford University Press, 2010. – 208 s.
- 3 Searle J. R. The Construction of Social Reality. New York: Free Press, 1995. – 256 s.
- 4 NickFotion. JohnSearle. Princeton: Princeton University Press, 2000. – 266 c.
- 5 Joshua Rust. JohnSearle. Bodmin, Cornwall, UK: MPG Books, 2009. 174 c.
- 6 Searle J. R. Inntentionality: An Essay in the Philosophy of Mind. Cambridge: CambridgeUniversity Press, 1983. – 278 s.
- 7 Sjolr' Dzh. Otkryvaja soznanie zanovo. – M.: Ideja-Press, 2002. – 256 s.
- 8 Sjolr' Dzh. Racional'nost' v dejstvii. – M.: Progress-Tradicija, 2004. – 336 s.
- 9 Searle J. R. Consciousness and Language. – New York: Cambridge University Press, 2002. – 269 s.

#### References

- 1 Блакар Р.М. Язык, как инструмент социальной власти (теоретико-эмпирическое исследование языка и его использования в социальном контексте)//Язык и моделирование социального взаимодействия. – М., 1987.
- 2 Searle J. R. Making the social world: The Structure of Human Civilization. New York: Oxford University Press, 2010. – 208 c.
- 3 Searle J. R. The Construction of Social Reality. New York: Free Press, 1995. – 256 c.
- 4 NickFotion. JohnSearle. Princeton: Princeton University Press, 2000. – 266 c.
- 5 Joshua Rust. JohnSearle. Bodmin, Cornwall, UK: MPG Books, 2009. 174 c.
- 6 Searle J. R. Inntentionality: An Essay in the Philosophy of Mind. Cambridge: CambridgeUniversity Press, 1983. – 278 c.
- 7 Сёрль Дж. Открывая сознание заново. – М.: Идея-Пресс, 2002. – 256 с.
- 8 Сёрль Дж. Рациональность в действии. – М.: Прогресс-Традиция, 2004. – 336 с.
- 9 Searle J. R. Consciousness and Language. – New York: Cambridge University Press, 2002. – 269 c.

Смейся восторженно, искренне радуясь,  
когда видишь человека, обретшего благо,  
свершившего дела добрые, достойные подражания.  
Хороший пример учит сдержанности, вовремя остановит,  
не допустит опьянения.

Я хоть и живу, живым себя не считаю.  
Не знаю, от досады ли на людей, от недовольства ли  
собой, а может, и по какой иной причине. Внешне жив, вну-  
три все мертво. Сержусь, но не испытываю гнева. Смеюсь,  
но не могу радоваться. Слова, произносимые мной, и смех  
кажутся мне не моими. Все чужое.

*Абай Кунанбаев.  
Слова назидания.*

Бейсенов Б.Қ.,  
Игисенова А.Р.

**Жаһандық сын-қатерлер  
және рухани қауіпсіздік**

Бұл жұмыста қазіргі жаһандану заманындағы адамзат өркениетіне төнген әлемдік сын-қатерлер мен оған қарсы тұратын ұстанымдар қарастырылады. Әлем мен аймақтағы бейбітшілік пен тұрақтылықты қамтамасыз етудегі дінаралық келісім мен төзімділіктің үлгісі болған әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері съезінің өркениеттер мен мәдениеттер үндесуі мен өзара ықпалдасуында маңызы орасан зор. Съезд жұмысының нәтижелерін игеру әлемдік және дәстүрлі діндер арасында диалог пен сенім құндылығын дамытуда маңызды болып табылады. Автор мемлекет пен дін қатынастардың мәселелерін қарастырып талдау барысында зайырлылық пен діндарлық арақатынасын ашуға ұмтылады.

**Түйін сөздер:** жаһандану, қоғам, мемлекет, тұрақтылық, төзімділік, ислам, дін, диалог, экстремизм, лаңкестік, саясат, зайырлылық, бірегейлік, халифат, және т.б.

Bejsenov B.K.,  
Igisenova A.R.

**Global challenge  
and spiritual security**

The work demonstrates the analysis of problems globalization . In the age of globalization, inter cultural dialogue and tolerance thinking are critically important for the development of a civilization and culture in the world. Religious leaders have a great resolve to formation human security of global world. The author tries to show how the process of formation the modern Islamic societies and problem of religion identity. At the end author gives suppositions on actual questions on the world religious tendencies.

**Key words:** Global world, dialogue, tolerance, stability, extremism, terrorism, society, the state, politics, identity, Islam religion.

Бейсенов Б.Қ.,  
Игисенова А.Р.

**Глобальные вызовы  
и духовная безопасность**

В данной работе рассматриваются глобальные вызовы современности и актуальные проблемы межконфессиональных отношений. Автор рассматривает проблемы толерантного воспитания в условиях глобализации. Толерантность и диалог приобретают особую актуальность в связи с ростом ксенофобии. Процессы глобализации оказывают влияние на внутреннюю политику и духовную культуру разных стран. Автор пытается показать, как религиозная безопасность в современном мире заключается в регулировании международных отношений с учетом современных реалий и специфики региона. Современный мир ставит перед человечеством общие вопросы и вызовы, отвечая на которые и формируется многообразный культурный глобальный мир. Съезд лидеров мировых и традиционных религий показывает, что Казахстан придерживается принципов толерантности и межрелигиозного диалога, сформировав уникальную модель взаимодействия в многоконфессиональном социуме.

**Ключевые слова:** глобализация, общество, государство, политика, диалог, светскость, ислам, религия, толерантность, экстремизм, терроризм, халифат, стабильность и т.д.

## **ЖАҒАНДЫҚ СЫН-ҚАТЕРЛЕР ЖӘНЕ РУХАНИ ҚАУІПСІЗДІК**

Жаһандану заманында әлем үшін басты мақсат – бейбіт өмірмен тұрақты дамудың тұғыры – қоғамдық келісім мен төзімділік мәдениеті екендігі күмәнсіз. Заманауи әлем қазіргі таңда экономикалық дағдарыс, қаржылық тұрақсыздық, әлеуметтік күйзеліс, саяси кеудемсоқтық текетіресі, лаңкестік, діни экстремизм, ксенофобия сынды сын-қатерлермен бетпе-бет келіп отыр. Дін және діни құндылықтар әлемдік саясатта мемлекеттер мен өркениеттерді диалогқа жетелеуші қайнар көз ретінде қарастырылуда. Еліміз әлемдік және дәстүрлі діндердің бейбітшілік пен гуманизмді ұлықтаушы әлеуетіне сенім артып дін көшбасшыларын Астана шаһарына жинап жаһандық мәселелерді діни төзімділік және бейбіт жолмен шешуге шақырады. Зайырлы мемлекетімізде дін мен қоғам арақатынасын, діни құндылықтардың қоғамдық өмір мен санадағы орнын зерделеу әрқашан да өзекті болмақ. Дін күрделі қоғамдық сананың формасы және әлеуметтік институт ретінде адамзат тарихымен бірге жасауда. Себебі дін адам мен азаматтың бостандығымен, құқығымен, дүниетанымымен және ұлттың мәдениетімен, құндылықтық ұстанымымен байланысты. Дін әлеуметтік институт ретінде қоғам мен адам өмірінде нақты қызмет атқарады. Дін – әлеуметтік құбылыс ретінде адамдардың санасы мен мінез-құлықтарына ықпал етуші объективті фактор. Зайырлы қоғамда дін дүниетанымдық, реттеуші, ұйыстырушы, мәдени-шығармашылық, рухани-адамгершілік, т.б. қызмет атқарады. Сондықтан да зайырлы қоғамда әлемдік және дәстүрлі діндердің құндылықтарын ғылыми және зайырлы тұрғыдан зерделеу мен танып білу маңызды.

Қоғам мен адамның қауіпсіздігі қазіргі таңда әлемдік деңгейдегі басты мәселе болып отыр. Қауіпсіздік ұғымы қоғам, мемлекет, табиғат және адам өмірінің барлық салаларын қамтиды. Атап айтсақ, ақпараттық, интеллектуалды, саяси, әскери, экономикалық, қоғамдық, экологиялық және т.б. қауіпсіздік түрлері елдегі нақты ішкі және сыртқы жағдаймен айқындалады. Қазіргі уақытта адам мен қоғам өміріндегі ақпараттық және интеллектуалды үдерістерде діни сенім мен сананың рөлі едәуір өсіп отыр. Мемлекеттік атеизм тұсында діни сана мен дін надандық пен артта қалушылықтың қайнар көзі деп қарастырылды. КСРО-да атейстік идеология үстемдік еткен жетпіс

жылдан астам уақыт ішінде дін мен діндарлық деңгейіне өркениеттік тұрғыда зерттеулердің жүргізілмеуі себебі қоғам мен ғылым өркендеген кезде дін өздігінен қоғамдық өмірден аластатылады деген сенімге сүйенді. Жиырмасыншы ғасырдың 90-жылдарынан кейінгі идеологиялық вакуум салдарынан қоғамда сан түрлі жат діни ағымдар, әсіресе жастар арасында жылдам тарай бастады. Мұның себебі – діни сауатсыздық, жастық албырттық және максимализм, «батыр» болып атын шығару, өмірлік тәжірибенің аздығы, өмірден өз орнын таппау, әлеуметтенудің қалыпты үрдісінің бұзылуы, әлеуметтік сатылық жолының әлсіреуі, әлеуметтік жағдайлар (жұмыссыздық, әлеуметтік әділетсіздік, жемқорлық, кәсіби біліктіліктің төмендігі), рухани әлемнің жұтандығы, торығу, жалғыздық, арманның іске аспауы, үмітсіздік, рухани тірек іздеу, ақпараттық материалдардың тасқыны (шетелдік діни әдебиеттер, интернет жүйесі, әлеуметтік желілер), еліктеушілік, постатейстік қоғам өміріндегі көрініс берген маргиналды құбылыстар және постмодернистік ұстанымдар.

Әлеуметтік құбылыс ретінде діннің қоғаммен өзара әрекеттестігін талдауда өркениеттік ұстанымды басшылыққа алу керек. Қоғам дегеніміз топтар мен топ мүшелері арасындағы түрлі әлеуметтік қатынастардың жиынтығын көрсетеді. Мұнда діннің экономикамен, отбасымен, мәдениетпен өзара әрекеттестігін талдау керек. Сонымен қатар, дін мен қоғамның өзара қарым-қатынасы мәселесі жеке адамның дүниетанымы және мінез-құлқының діни негіздерін, адамның діни мүдделері мен ұстанымдарын, әлемдік діндердің адам және қоғам туралы ілімдерін зерделеуде маңызды.

Дін адамзатпен байланысты әлеуметтік құбылыс болғандықтан, адамзат мәдениеті ұғымымен байланысты. Әлеуметтік-мәдени байланыстарды және дүниетанымдық ұстанымдарды айқындайтындықтан, қазіргі әлемдегі дінтанулық және әлеуметтанулық теорияларда дін қоғамның тұрақтылығына ықпалдастық беруші фактор ретінде қарастырылады.

Қазіргі таңда қоғамдық өмірде дінге деген қызығушылық артып тұрған уақытта діннің қоғам өміріндегі орнын зерделеу үшін дінтанулық негізде аналитикалық талдаулар жүргізу қажет. Дін адам өмірінде құндылықтық ұғым ретінде оның өмір мәндік ұстанымына ықпал етеді. Дін ұжымдық бірегейлену ретінде индивид, ұлт пен қоғамға ықпал етуші фактор болып табылады. Қазіргі дінтанулық ғылымда дінді талдау нақты тарихи ішкі және сыртқы жағдайды есепке ала жүргізілеуі қажет.

Заманауи секулярлы қоғамда қоғамның түрлі салаларына, қоғамдық және жеке адам санасына, әлеуметтік қатынастар мен институттардың қызметіне діннің ықпал етуі төмендеген. Дегенмен, қазіргі жаһандану заманында діни бірегейлік саяси, азаматтық, ұлттық бірегейленуге қарағанда басым болып отыр. 2015 жылы халықаралық Gallup international агенттігінің жүргізген сауалнамасы бойынша жер тұрғындарының 63% дінге сенетіндіктерін көрсеткен. Зайырлы ұстаным – адам мен азаматтың діни сенімін құрметтейді. Зайырлылық қағидаты мемлекет пен қоғам өміріндегі діннің қызмет ету саласын айқындап және реттейді. Зайырлылық бұл дінге қарсылық не дінсіздік емес. Зайырлылық мемлекет пен дін қатынасын өркениеттік және азаматтық негізде үйлесімді арнада өрбіту.

«Қазақстан – 2050» стратегиясында: «Біздің мемлекетіміздің зайырлы келбеті – Қазақстанның табысты дамуының маңызды шарты. Мұны Қазақстанның қазіргі және болашақ саясаткерлері, барлық қазақстандықтар айқын түсінуге тиіс», – деп атап көрсетілген. Зайырлы қоғамда діннің қоғамдағы орны мен қызметін секуляризация ұғымы арқылы түсіну қалыптасқан. Бүгінгі постиндустриалды қоғамда дін адамдарды біріктіруші және қоғамдағы тұрақтылықтың, өзара түсіністік пен татулықтың қызметін атқаруы тиіс. Әлемдік және дәстүрлі діндердің мәдени құндылықтарының негізінде бейбітшілік, әділеттілік, сүйіспеншілік, сабырлылық, төзімділік сынды әмбебап ұғымдар жатыр. Қазіргі дінтану ғылымы үшін діннің қоғамға ықпалы мен әлеуметтік-саяси факторлардың діни мінез-құлыққа әсерін зерделеу маңызды болып отыр.

Жаһандану заманында геосаяси мүдделердің діни негізде бүркемеленуі және діннің саяси-лануының күшеюі, алпауыт елдердің әлемдік саясат пен нарықтағы бәсекелестігі мен мүдделер қайшылығында діни факторды әлемдік және аймақтық қатынастардың өзекті құбылысына айналдырып отыр. Әлемдік экономикадағы дағдарыстардың шешілмеуі және әлеуметтік мәселелердің күрделі сипат алуы батыс елдерінде ксенофобиялық әрекеттердің туындауына түрткі болып отыр. Қоғамдық пікірді өзге арнаға бұру үшін ақпараттық шайқас алаңына әлеуметтік желілер және ғаламтор желілері тартылуда. Бұл үшін түрлі жобалар дайындалып адам санасы мен психикасына, әрекетіне ықпал жасаушы тетіктер механизмі жетілдірілуде. Діни экстремизм мен фанатизм, әсіресе діншілдік жаһандық сипат алууда. Діни экстремизм мен лаңкестікке қарсы тұратын сыни көзқарас, азаматтық позиция

қалыптастыру осы дінтану пәнінің міндеті болып табылады. Елімізде 1999 жылы «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы», 2005 жылы «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңдары қабылданды. 2011 жылы желтоқсан және 2014 жылы қарашада ҚР кейбір заңнамалық актілеріне экстремизмге және терроризмге қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР Заңы қабылданды. Діни экстремизм мен лаңкестік адам мен қоғам өміріне, мемлекет негізіне қауіпті індет екендігі жастарға байыпты және ғылыми тұрғыда түсіндірілуі қажет. 2013-2017 жылдарға арналған діни экстремизм мен терроризмнің алдын алуға байланысты қабылданған мемлекеттік бағдарламада нақты көрсетілген. Мемлекеттік бағдарламаны іске асыру аясында республикалық және өңірлік деңгейде ақпараттық-насихаттық топтар құрылды.

XIX ғасырдың ортасында дінтану ғылымында дін социологиясы қалыптасты. Дін әлеуметтануында діннің қоғамдық негіздері, діннің құрылымы мен қызметі, қоғамдық жүйедегі діннің рөлі қарастырылады. Бүгінгі өркениетті қоғамда тұлғаны қалыптастыру рухани-адамгершілік кемелдену және білім мен тәрбие беру арқылы іске асады. Тәрбиелеу процесінде ұлттық және адамзатқа ортақ құндылықтарды үйлесімді үйлестіру және зайырлылық қағидаты негізінде жастардың діни санасы мен рухани әлемін қалыптастыру үшін исламның дәстүрлі құндылықтарын қоғамның әлеуметтік-мәдени жағдайына, елдік діл мен ұлттық дүниетанымға сай байыппен, байсалды түрде тиімді қолдану керек. Қазақстан Республикасының Президенті, «Нұр Отан» партиясының Төрағасы Н. Назарбаевтың партияның XVI съезінде сөйлеген сөзінде «Біздің елімізде 17 конфессияның өкілдері бейбітшілік пен келісімде тату-тәтті тұрып жатыр. Олардың ішіндегі аса ірілері – ислам, православие және протестанттық. Қазақстан аумағында тарихи қалыптасқан Ханафит исламы ұстамдылығымен және төзімділігімен, ислам құндылықтарын парасатты түсіндіруімен ерекшеленеді» – деп атап көрсетті [1].

Қазіргі заманда дінтану ғылымында дін мен саясаттың аражігін анықтау – маңызды мәселе. Әлемде мемлекет пен діннің арақатынасын шешудің бірнеше тәсілдері бар. Дінтанулық ғылымда мемлекет пен дін қатынастарының негізгі модельдері төмендегідей: 1) теократиялық басқару формасындағы елдер; 2) нақты конфессионалды идеологияны ұстанатын зайырлы мемлекеттер; 3) ресми атеистік идеологияны ұстанатын зайырлы мемлекеттер; 4) зайырлы, көпконфес-

сионалды мемлекеттер. Мұсылман елдерін екі топқа бөліп қарастыруға болады: мұсылмандар басым болатын діни басқарудағы елдер, мұсылмандар басым тұратын зайырлы елдер. Кейбір еуропалық және мұсылман елдерде діни-саяси партияларға рұқсат етілген. Араб елдерінің әлеуметтік құрылымы түрлі ру-тайпалық, кландық, этникалық, діни, конфессиональды топтардан құралған. Таяу Шығыс және Солтүстік Африкада мемлекеттік шекараларды батыс отаршылары Ұлыбритания, Франция, Италия, Испания белгіледі. Атап айтсақ, Ирак, Сирия, Иемен, Судан, Ливия, Алжир. Батыс отаршылдарының бөліп алда билер бер ұстанымы бұл мемлекеттегі экономиканың нақты бір секторын немесе нақты бір өнімді шығару мен өндіруді, пайдалы қазба байлықты бір тайпаға, не бір кланға, болмаса бір діни топқа бөліп берген. «Өкінішке орай, батыста ислам әлемін батыс либерализмі мен неолиберализмі тұрғысында трансформациялауды қалайтын империалистік ұстаным әлі де күшті» [2]. Бұл қоғамдарда мемлекеттік бірегейлік емес ру-тайпалық, діни-конфессиональды, ұлттық, кландық бірегейлік басым: сүннит, шиит, друзд, христиан, араб, курд және т.б. Ру-тайпалық және конфессиональды бірегейлік-араб қоғамының түп негізі. Сондықтан бұл аймақтағы қоғамдардың ішкі құрылымы ыдыраңқы және ортақ мақсат жолында жұмылуына ұлттық, тайпалық, діни, кландық ерекшеліктер кедергі келтіреді. Бұл елдердегі саяси-әлеуметтік үдерістер мен экономикалық ахуалды зерделеу үшін қоғамның әлеуметтік құрылымына назар аударған жөн. Аймақ елдеріндегі саяси және экономикалық үрдістер қоғамның әлеуметтік өмірінің салдары ғана болып отыр. 2010 жылы Тунистен басталған араб көктемі Мысыр, Ливия, Сирия, Иемен, Алжир, Бахрейн елдерін шарпыды. Экономикалық әлеуеті зор мұнайға бай Сауд Арабиясы, Бахрейн, Кувейт, Катар туындаған әлеуметтік толқулар мен мәселелерді ақшамен басып отыр. Араб дүниесінде болып жатқан саяси-әлеуметтік және діни үдерістер әлем назарын аударуда. Араб қоғамындағы азаматтық қоғам институттарының әлсіздігі және сыртқы күштердің ықпалына қарсы тұра алмауы қазіргі жағдайдың ушығуына себеп болуда.

Қазіргі өркениетті әлем бетпе-бет келіп отырған лаңкестік пен діни экстремизм, ксенофобия дерті адамзат болашағына қауіп төндіруде. Елбасы дамуымызға қауіп төндіретін 5 жаңа сыртқы сын-қатерлер туралы «Бұл – әлемдік тәртіптің дағдарысы мен ортақ белгісіздіктің өрістей түсуі. Қауіпсіздіктің әлемдік жүйесінің

беріктігі жаңа сипаттағы жанжалдармен сыналуда. Әлемдік аренада экстремизм мен зорлық-зомбылықты пайдаланатын жаңа жүйесіз ойыншылар пайда болуда», – деп көрсетті [3]. Жаһандық және аймақтық қауіпсіздікке қауіп төндірушілер арасында ИШИМ, Боко Харам, Аш-Шабаб, Джабхат ан-Нусра, әл-Каида, Талибан лаңкестік ұйымдары белсенді әрекет етуде. 2006 жылы Иракта моджахедтер кеңесі және 11 әсіре діншіл топтардың бірігуі нәтижесінде Ирак ислам мемлекеті құрылды. 2013 жыл сәуірде Ирак және Шам ислам мемлекеті құрылғаны жарияланды. 2013 жылы ИШИМ жылы әл-Каидамен байланысын үзді. 2014 жылы маусымда Ирак және Сирия аумағында ислам мемлекеті – халифат құрылды. Абдалла Ибрагим әл Самарий (Әбу Бәкір әл-Багдади) Халиф болып сайланды. Халифаттың орталығы – Сирияның – Ракка және Ирактың – Мосул қалалары. Ислам мемлекеті үгіт-насихат жұмыстарын «әл-Фуркан», «әл-Хаят» медиаорталықтары арқылы жүргізеді. Кейбір деректер бойынша, Ислам мемлекеті радикалды ұйымының қатарында 80-ге жуық елдерден келген еріктілер бар. Ислам мемлекеті аумағында шариаттық заң нормалары енгізілген. Басқа діни ұйымдардан ерекшелігі ислам мемлекетінің діни негізінде Ислам мемлекеті аумағындағы шиитер мен христиан діндерін ұстанатындарға қысым көрсетіледі. Ислам мемлекетінің басшылық құрамында бұрынғы Саддам Хусейн билігіндегі әскерилер мен БААС партиясының жақтастары, Асадқа қарсы топтар бар. ҰҚК төрағасы Н. Әбіқаев Ислам мемлекеті терминін ДАИШ-ке қатысты пайдалану дұрыс емес деп атап көрсетті. 2015 жылы ақпанда Ресей ФҚК директоры А. Бортников Ислам мемлекеті қатарында 1700-ге жуық ресей азаматы ұрыс қимылына қатысып жүргенін айтқан болатын. ТМД антитеррорлық орталығының басшысы А. Новиков 2000-5000 жуық ТМД елдерінің азаматтары бұл лаңкестік ұйым қатарында жүргенін айтты. Қырғызстаннан – 330, Қазақстаннан – 300, Өзбекстан мен Тәжікстаннан – 1000-2000 жуық адамдар жалған діни ұстанымға елігіп алпауыт елдердің геосаяси және геоэкономикалық мүдделер қалыптасуының құрбанына айналуға. Кейбір сарапшылар пікірінше, ислам мемлекеті қатарында Францияның – 700-900, Германияның – 300, Англияның – 400, Австралияның – 150 жуық азаматтары бар. Еуропа елдерінен келгендер қатарында тегі еуропалық ұлттар және еуропалық иммигранттардың балалары мен немерелері кездеседі. Әсіре діншіл экстремистік топтар ғаламтордағы әлеуметтік желілер мен

виртуальды уағызшылардың үгіт насихатымен қатарларына діни білімі таяз, дүниетанымы қалыптаспаған, көрсеқызар еліктегіш, атын шығаруды аңсаған албырт жастарды тартуда.

2015 жылы маусымда Түркия мен Сирия шекарасында ММУ студенті және 14 ресей азаматы ұсталды. Соңғы жылдары батыс еуропа елдерінде әсіре ислами топтар қатары өсуде. Босқындар мен мигранттар салдарынан батыс еуропаның этникалық-діни құрамы өзгеріске ұшырады, мәдени парадигма ауысуда. Бұл Африка және Азия елдерінен келген иммигранттардың батыс қоғамының мәдени құндылықтарын сіңіріп, социумға кірісе алмағандығын көрсетеді. 2011-2012 жылдары Германияның Золинген қаласында «Миллатул Ибрахим» радикалды ұйымы әрекет етсе, ал Вупперталь қалашығында шариат полициясы дүкендерде спиртті ішімдіктердің сатылмауын қадағалай бастады.

Германиялық радикалды топтардың 10% Сирия және Иракқа кеткен. Египеттің Александрия қаласының маңындағы Мандар ауданында неміс мұсылмандарының қауымы бар. 2013 жылы Лондон көшелерінде шариат патрульдері пайда болды. Соңғы жылдары «Аль Мухаджирун» және «Islam 4UK» ұйымдары қоғам өміріне шариат заңдарын енгізуге шақыруда. Англияда радикалды діни ілімдердің таралуын алдын алу мақсатында құрылған «Preventing violent extremism» бағдарламасы елдегі мұсылман қауымының мүшелері туралы толық ақпарат алуға құқылы. Лаңкестік ұйымдар құрамындағы этникалық еуропалық мұсылмандардың түрткілері – неофиттік энтузиазм, авантюризм, өмір мәнін іздеу, дүниетанымдық-психологиялық күйзеліс, бірегейлікке ұмтылу, еуропалық тұтыну қоғамынан жирену, азғындаған (гомосексуализм, транссексуальдық, лесбиандық) құбылыстардан қашу. Жиһадқа қатысушылар құрлық жолымен Йордания арқылы – Иракқа, Түркия арқылы – Сирияға, ал теңіз жолымен Кипр арқылы Сирия мен Ливанға барады. Батыс еуропа елдері Ирак пен Сириядағы соғысқа қатысқан азаматтарын азаматтықтан айыру мәселесін көтеруде.

2012 жылы Джабхат ан Нусра (Шам халқына көмек майданы) Сирия мен Ливандағы әл-Каиданың бөлімшесі құрылды. Сирия аумағындағы азаматтық соғысқа қатысушы ұйым БҰҰ және АҚШ, Түркия, Ресей, Ұлыбритания, Австралия елдерінде лаңкестік ұйымдар тізіміне енгізілген.

2002 жылы Боко-Харам (Батыс білімі харам) – нигериялық лаңкестік ұйымының негізі қаланды. Бұл ұйым батыстық өмір салтын, мәдениет пен білім беру жүйесін және заманауи ғылымды

теріске шығарады. Басты мақсаты – нигерияға шариғат заңын енгізу. Адам ұрлау және зорлық-зомбылық, лаңкестік әрекеттерімен аты шыққан ұйымды 2014 жылы БҰҰ қауіпсіздік кеңесі лаңкестік ұйымдар тізіміне қосты. 2015 жылы наурызда Боко Харам өзін Ислам мемлекетінің батыс африка провинциясы ретінде жариялады. Боко Харам құрамында жергілікті кануби және хауси эностары басым. Сонымен қатар, бұл ұйым Камерун, Чад елдерінде әрекет етеді.

Индонезияда «Джамаа исламия» радикалды әсіре діншіл ұйымы шариат негіздерін қоғамдық құрылысқа кіргізу жолында әрекет етуде.

Осындай әсіре діншіл радикалды топтарға қарсы жұмыстың тиімді тәсілдері – қаржыландыру көздерін жабу, лидерлері мен мүшелеріне идеологиялық ықпал ету, психологиялық тұрғыда әлсіз тұстарына ықпал ету, діндарлардың дүниетанымдық көзқарастарының өзгеріске түсуін қадағалау, ата-ана, дос-туыстары және беделді дін ұстаздары мен ақсақалдар арқылы әсер ету.

Өңірлердегі діни ахуалдардың динамикасы мен тенденцияларына ықпал етуші жағдайларды анықтау. Жастар үшін спорт үйірмелері мен түрлі мәдени ойын сауық клубтарын құру.

Таяу шығыс өңіріндегі геосаяси жобалар мен геэкономикалық мүдделер қақтығысының шиеленісуі жаһандық экономикалық дағдарыс пен әлемдік саясаттағы кеудемсоқтық пен айқынсыздық және адамзаттық құндылықтардың қайта қаралуы замананың өрши түсуде. Геосаяси ойындар негізіне діни сипат беру арқылы діндер және діндарлар арасында өшпенділік сезімі мен дүрдараздық ұрығын себуди көздейтін жобалар тұтас мемлекеттер мен мәдениеттерді жойып жіберуді көздеп отыр. Түрлі радикалды әсіре діни-саяси идеологиялық ілімдер адамдар санасы ықпал ету үшін психологиялық манипуляция әдістерін пайдаланып, діни сезімге әсер етуші фильмдер мен бейнебаяндар, діни әндерді ғаламторға орналастырады.

Әлемнің діни суреттемесін зерттеу бүгінде батыс пен шығыс өркениеттері дүниесінде болып жатқан саяси-діни ахуалдан туындаған оқиғалардың нақты суреттемесін береді.

Соңғы жылдары Батыс әлемінде ислам дінін түрлі «измдер» арқылы қарастыратын исламофобиялық, ксенофобиялық көзқарастар және мұсылмандарды келемеждейтін карикатуралар мен фильмдер белең алып отыр.

1988 жылы Ұлыбританиялық жазушы Салман Рушди «Ібіліс өлеңдері» шығармасында ислам тарихы мен мәдениетін әжуалады. 2004 жылы нидерландтық кинорежиссер Тео Ван Гог

«Submission» («Бағыну») фильмінде ислам әлемінде әйелге деген қатігездік жайлаған-мыс деп көрсету үшін мұсылмандық әдепті маңсұқтады.

2006 жылы Данияның Jyllands-Posten газетінде антиисламдық карикатура жарияланды. 2011 жылы АҚШ-та «Innocens of muslims» (Мұсылмандардың күнәсіздығы) антиисламдық фильмі түсірілді. 2015 жылы қаңтарда Француздық «Charlie Hebdo» («Шарли Эвдо») сатиралық апталығында антиисламдық карикатура жарияланды. Германия мен Францияда антиисламдық шерулер өтті. Бұл мультимәдениеттіліктің кәрі құрлықта орнықпағандығын және өзге мәдениетке деген сенімсіздіктің бар екендігін дәлелдейді. Франциның бұрынғы президенті Н. Саркози, Англия премьер-министрі Д. Кэмерон, Германия канцлері А. Меркель мультимәдениеттілік болашағына сенбейтіндіктерін айтқан болатын.

Әлемнің назарын тіккен Украинадағы жағдайға Мәскеу патриархатына қарасты орыс православ шіркеуі және 1992 жылы құрылған Киев патриархатына бағынышты украин православ шіркеулері арасындағы даулар ықпал етуі мүмкін. Украинада екі патриархат арасында ғимараттар мен мүлік үшін тайталас орын алуы мүмкін. Солтүстік Ирландиядағы протестанттар мен католиктер жанжалы, Сирия, Ирак, Ливан, Йемен, Бахрейн елдеріндегі сүнниттер мен шииттер текетіресі аймақтағы діни-саяси ахуалға әсер етіп отыр. Қазіргі исламтанушы және дінтанушы ғалымдар үшін исламның адамзатқа ортақ құндылықтарын және бейбітшілік сүйгіш мәнін ашып көрсету маңызды. Себебі, экстремистік, діни фанатизм, лаңкестік, пікір төзімсіздігі ислам дініне жат. Ислам дінінің сипаты бұл ғибадат пен мінез-құлықта орта жолды ұстану. Исламның мақсаты адамдарды бұл және мәңгілік өмірде бақытты ету.

Қазақ қоғамының рухани тұрғыдан жаңаруында дәстүрлі діндер маңызды рөл атқарады. Еліміздегі әлемдік діндердің жалпы адамзаттық және гуманистік құндылықтарының ұлтаралық және конфессияаралық келісім мен татулықты орнықтырудағы атқаратын рөлі ерекше. Дәстүрлі діндердің жасампаз әлеуеті қоғамымызда достық, өзара құрмет пен түсінушілікті нығайтуға қызмет етеді.

Мультимәдени қоғамда – діни және этникалық топтар өзекті мәселелерді ортақ шаңырақтың берекесі үшін төзімділік пен әлеуметтік әріптестік негізінде шешеді. Қазақстандағы дінаралық келісім мен тұрақтылықты сақтау үшін – жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде зайырлы ұстанымдағы діни сана қалыптастыру маңызды.

Қазіргі таңда ел аумағындағы шетелдік діни бірлестіктердің қызметіне, шетелдік діни орталықтардың елдегі діни бірлестіктер басшыларын тағайындауына уәкілетті орган келісім береді. Сондай-ақ, жергілікті атқарушы органдар өңірдегі діни жағдайды талдаумен, аталмыш заңнаманы жетілдірумен, ұсыныстар енгізумен өз құзыретіндегі мәселелерді түсіндіру жұмыстарын жүргізеді. Дінтанулық сараптамалардан өтетін құжаттар діни білім беру бағдарламалары, діни мазмұндағы ақпараттық материалдар және діни мақсаттағы заттар болып табылады.

Діни бірлестіктердің діни басылымдарына дінтанулық талдау және сараптама жүргізілуі және бұқаралық ақпарат құралдарындағы дін тақырыбында жазылған материалдардың ұқыптылығы мен дін сауаттылығына мән беру керек. Діни сенім мен сезімге салқынын тигізетін материалдар елдегі дінаралық татулық пен ұлттаралық келісім мәдениетіне зиянын тигізуі немесе діни сауатсыздық дінаралық түсінбеушіліктің туындауына себеп болуы мүмкін.

Сонымен қатар заңның 7-бабында діни жоралар мен рәсімдерге, миссионерлік уағызға, білім беру ұйымдарында (діни білім беру ұйымдарын қоспағанда), күштік құрылымдарда, мемлекеттік мекемелерде жол берілмейтіндігі көрсетілген. Өйткені кейбір діни бірлестіктер құлшылықтарын, түрлі айлы-шарғымен білім беру ұйымдарында, мемлекеттік ұйымдар ғимараттарында өткізгені туралы деректер бар. Енді мұндай миссионерлік қызметті тіркеусіз іске асыруына жол берілмейді. Ел аумағындағы миссионерлердің миссионерлік визасы және уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерінде қайта тіркеуден өтуге міндетті.

Сондықтан шетелдік және жергілікті азаматтардың миссионерлік қызметі, олардың діни әдебиеті мен ақпараттық материалдары сараптамадан өтеді. Миссионерлік қызметті жүзеге асыруға діни бірлестік берген құжаты болуы керек.

Діни бірлестік атауы ел заңнамасына қайшы әрекеті үшін тыйым салынған діни бірлестіктің атауы мен нышанын толықтай немесе елеулі түрде қайталамауы керек. Діни бірлестік атауы діни сенімі мен ілімдік ерекшелігін айқын көрсетуі тиіс. Еліміздің және өзге мемлекеттердің мемлекеттік рәміздерін діни бірлестіктер өз атауларында қолданбауы тиіс.

Діни бірлестіктер ҚР Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өтуі тиіс. Бұл уәкілетті органдардың діни бірлестіктер қызметінің заң аясында әрекет етуін реттеу мен қадағалауын оңайлатады. Діни бірлестіктер жарғысы Ел заңнамасына қайшы келмеуі тиіс.

Ел аумағындағы шетелдік діни орталықтың діни басшысы лауазымына ұсынылған кандидатқа уәкілетті органның келісімі болуы керек. Бұл діни бірлестіктің шетелдік басшысының өмірбаяндық деректері мұқият тексерілетіндігін білдіреді.

Діни бірлестіктердің мүліктік құқықтық қатынастары заңмен реттелген. Бұл заң жобасын дайындауда Италия, Испания, Франция, Беларусь, Литва, Дания, Армения және басқа елдердің тәжірибесі назарға алынған. Дәстүрлі және дәстүрден тыс діндерге бөлу өркениетті елдер үшін жат емес. Бельгия да мойындалған және мойындалмаған діндерге жіктеледі. Италияда діндер католиктік және католиктік емес деп бөлінеді. Португалияда діни қауымдар, діни корпорациялар, жеке корпорациялар, тіркелмеген қауымдастықтар деп жіктеу дәстүрі бар. Литвада дәстүрлі және дәстүрден тыс дін қауымдардың мәртебесі айқын нақтыланған. Латвияда дәстүрден тыс ұйымдар және діни конфессиялардың қоғамдық рухани өмірінде орны анықталған. Ресейде қоғамдық негізде дін қызметшілері (капелландар) қорғаныс министрлігінің 789 гарнизонында қызмет етуде және 420 гарнизонда ғибадатханалар бар. Капелландар жауынгерлердің моральдық-психологиялық күйіне және тәрбие жұмысына жауапты. Қазіргі уақытта елімізде діни бірлестіктерге 3312 культтік ғибадатхана тиесілі. Оның ішінде 2470-ге жуығы – мешіттер, 299-ы – православтық шіркеулер мен приходтар, 84-і – католиктік және інжілдік лютерандық – 13, методистік шіркеу – 11, жетінші күн адвентистері – 42, інжілдік христиан баптистер – 100, елушілер – 189, иудаизм – 4, буддизм – 2, мормон – 2, кришнаиттер – 8, меннониттер – 1, жаңа апостоль – 8, пресвитериан – 55, иегова куәгерлері – 59.

Бүгінгі таңда елімізде діни бірлестіктер мен ұйымдардың 47 мерзімді басылымдары баспадан шығарылуда. Елімізде 500-ге жуық миссионерлер қызмет жасауда. Қазақ елі әлемдегі өзара түсіністік пен сұхбаттастықты дамытуға өзінің сүбелі үлесін қосуда. Бұған жарқын мысал 2003 жылдан өткізіліп келе жатқан әлемдік және дәстүрлі дін лидерлерінің съезі болып табылады. 2003 жылы өткізілген I съезге 13 елден 17 делегация, 2006 жылы өткізілген II съезге әлемнің 26 елінен 29 діни делегация, ал 2009 жылы өткізілген III съезге 35 елден 77 делегация қатысқан. Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің IV съезіне әлемнің 40 елінен 87 делегация келді. IV съезде 4 секциялық отырыс жұмыс істеді, олар «Дін мен дәстүр», «Дін және жастар», «Дін

және әйел: рухани құндылықтар мен қазіргі заманғы сын тегеуріндер». IV съезде әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының кеңесі құрылып, бұл кеңес съездің жұмысына басшылық жасайтын болды. 2015 жылғы маусымда Астанада өткен V съезд жұмысына әлемнің 42 елінен 82 делегация қатысты. Съездің басты тақырыбы «Діни лидерлер мен саяси қайраткерлердің бейбітшілік және даму жолындағы үнқатысуы» деп аталды. «Қазірдің өзінде съезіміздің бай тарихы қалыптасып үлгерді. Біз бетпе-бет диалог орнату жөнінде елеулі тәжірибе жинақтадық, сұхбаттасу мен өзара түсінісу дәстүрлерін орнықтырдық. Діндер мен өркениеттердің өзге де өзара ықпалдасу ұйымдарымен байланыс жолға қойылып келеді. Сондықтан мен Астанадағы осынау ғимаратта Бейбітшілік және келісім мұражайын ашуды ұсынамын. Съезіміздің тарихына деген мұндай игі көзқарас, адамзаттың даму проблемалары жөніндегі бірлескен шешімдер тәжірибесін жинақтап, қорыту, діндер мен халықтардың татулығы мен өзара түсіністігін нығайту үшін аса маңызды болмақ. Бейбітшілік және келісім мұражайы, сондай-ақ, діндер мен мәдениеттер диалогы тарихын зерттейтін съезд жанындағы ғылыми мекеме болады», – деді Мемлекет басшысы [4].

1995 жылы қабылданған Ата Заңымыз қоғам мен азаматтардың мүддесі жолында қызмет етуде. Ата Заңымыздың 22-бабында: «Әркімнің ар-ұждан бостандығына құқығы бар. Ар-ұждан бостандығы құқығын жүзеге асыру жалпы адамдық және азаматтық құқықтар мен мемлекет алдындағы міндеттерге байланысты болмауға немесе шектемеуге тиіс», – деп көрсетілген. Еліміздің Негізгі Заңы дүниежүзілік және өркениетті елдердің адам құқығы мен бостандықтарын нақтылайтын заң актілерімен үндес. Негізгі Заңның 12-бабында: «Адамның және азаматтың өз құқықтарын жүзеге асыруы басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын бұзбауы конституциялық құрылыс пен қоғамдық имандылыққа нұқсан келтірмеуі тиіс», яғни азаматтың құқығы мен бостандығын іске асыру қоғамның басқа мүшелерінің құқықтарына нұқсан келтірмеуі және орныққан қоғамдық адамгершілік нормасына қайшы келмеуі тиіс. 77-бапта: «Діни қызметшілер өздеріне сеніп сырын ашқандарға қарсы куәгер болуға міндетті емес», – деп айқындалған. Дін басшылары өзінің ішкі жан сырын ашып көрсете отырып, күнәдан тазаруға ұмтылған адамдардың сырын көпшілікке жария етуге міндетті емес. 39-бапта: «Ұлтаралық татулықты бұзатын кез келген әрекет конституциялық емес

деп танылады. Ұлтаралық татулық пен діни келісім еліміздің басты байлығы мен зор жетістігі болып табылады. Ұлтаралық қарым-қатынас пен дінаралық сұхбаттастық қоғамның тұрақтылығы мен елдің бейбіт дамуының тірегі. Ата Заңды білу және оның қағидаттарын ұстану – ел азаматтарының қасиетті борышы. Ата Заңымызда мемлекеттің ең қымбат асыл қазынасы адам және оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары екендігі нақты айқындалған. Ата Заңымызда адам мен азаматтың құқықтық мәртебесі адам құқықтары бойынша негізгі халықаралық құжаттарда жарияланған бостандықтарды айқындап бекітті. Атап айтсақ, 1948 жылы қабылданған адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы, 1966 жылы қабылданған азаматтық және саяси құқықтар туралы пакті сынды халықаралық құқықтық құжаттарға сәйкес Ата Заңымызда адамның құқығы деген түсінік жан-жақты айқындалған. Ата Заңымызда өркениетті демократиялық мемлекеттерде азаматқа берілетін құқықтар мен бостандықтар толық қарастырылған. Демократиялық және құқықтық мемлекетте жеке адамның құқығы мен бостандығы – ең қасиетті ұғым. Адамның діни сенім бостандығын сақтау және қорғау – өркениетті елдердің негізгі ұстанымдарының бірі. Ата Заңымыздың «Адам және азамат» бөлімінде адам өмірінің барлық кезеңдерінде берілетін құқықтары мен бостандықтары нақты және өркениеттік тұрғыдан айқындалған. Елімізде ұлтаралық және дінаралық келісімнің сақталуы – ортақ киелі шаңырағымыз – Қазақстанның қасиетті құндылығы тәуелсіздіктің арқасы. Елдегі діни құлшылық ету ғимараттарының қызмет етуі Ата Заңымызда айқындалған қоғамдық келісім және төзімділік қағидаттарының негізінде іске асып отыр деп айта аламыз. Конфессияаралық төзімділік пен келісімді сақтау мен дамыту бүгінгі таңда Мәңгілік Ел үшін өте маңызды. Дін дүниетаным және ұлттық сана-сезімнің көрінісі болып табылады. Түрлі ұлыстар мен алуан сенімдегі азаматтарды ортақ Отанымыз – Қазақстанның гүлденіп, өркендеу жолына ұйыстыруда Ата Заңымыздың және Қазақстан халқы Ассамблеясының әлеуетін кеңінен пайдалану арқылы елімізде әрбір тұлғаның дінін, сенімдік көзқарасын және құндылықтық ұстанымдарын толық іске асыру құқықтары іс жүзінде жүзеге асырылуда. Әрбір тұлғаның тегіне, нәсіліне, ұлтына, діни сеніміне, тіліне байланысты кемсітуге Ата Заңымызда жол берілмейді. Бұл өркениетті елдердің конституциялары мен халықаралық адам құқықтары туралы құжаттарымен толық сәйкес келеді. Конституциядағы адам мен

азаматтың құқықтары, бостандықтары өмірде жүзеге асырылып отырса, қоғам дамып, халықтың құқықтық санасы мен мәдениеті, белсенділігі артып, халық пен мемлекет бірлесе үйлесімді жұмыс істесе, халықтың әл-ауқаты артып, құқықтары мен бостандықтары кеңейіп, мемлекет өркендейді. Халқымыздың азаматтық қоғам, демократиялық, құқықтық мемлекет құрудағы мақсатына жету үшін әрбір азамат Ата Заңымызда көрсетілген құқықтары мен бостандықтарын өзінің және қоғамның ортақ мүддесі үшін тиімді пайдалануы керек. Ата Заңды құрметтеу және оны өмірде ұстану – әр адамның азаматтық борышы. Отанға құрмет сезімін тәрбиелеуді отбасынан бастау қажет. Еліміздегі бейбітшілік пен тұрақтылық – мемлекетіміздің қарқынды және тұрақты дамуының негізгі тұғыры. Қазақстан Республикасы өз егемендігін жариялаған жылдар ішінде экономикалық, саяси-әлеуметтік, мәдени-рухани салада зор жетістіктерге жеткенін әлемнің көзі жетіп отыр. Еліміздің руханият саласындағы басты ұстанымы дінаралық келісім мен төзімділік діни қатынастардың өзегіне айналды. Бұл еліміздің өркениеттік және жалпы адамзаттық құндылықтарға құрметпен қарайтындығын дәлелдейді. Қазіргі заманғы әлемдегі және елдегі діни жағдайды ескере отырып, діни саладағы болған өзгерістерді заңдық тұрғыдан жетілдіру үшін 2011 жылы қазанда «Діни қызмет және діни бірлестіктер» туралы заң қабылданды. Заң жобасында еліміз үшін ханафиттік мазхабтың және православтық бағыттың тарихи рөлі айқындалған. Сондай-ақ, діни бірлестіктердің мәртебесі (жергілікті – 50 адам, аймақтық – 500, республикалық – 5000), миссионерлік қызмет, құлшылық ету орындары, дінтанулық сараптама, діни білім мәселесі көтерілген. Байсалды салиқалы бейбіт ұстаным негізінде еліміз қоғам өмірін демократияландыру және білім беру стандарттарын әлемдік стандарттарға сай жетілдіру,

экономиканы нарықтық жүйеге көшіру жолында елеулі табыстарға жетті. Еліміздің гүлденуіне және өркениеттік жолмен дамуына негіз болатын ел ішіндегі тұрақтылық, дінаралық келісім және ұлтаралық сыйластық қағидаттары – еліміздің сара саясатының жемісі. Еліміздің дінаралық қатынас мәдениетіне ерекше көңіл аударуы арқасында ел халқының бірлігі мен ынтымағы, ауызбіршілігі мен тұтастығы сақталып мемлекетіміз қарқынды даму жолында. Зайырлы мемлекетте дін және діни құндылықтар дінаралық түсіністік пен келісім жолына қызмет етуі тиіс. Елбасы «Сөз бен тіл, яғни, тілдесу мен диалог – адам баласына, адамзатқа берілген құдайдың тендессіз сыйы. Біздің парызымыз – оның бітімгершілік және жасампаз қуатын толығымен пайдалану. Бүгінгі бесінші съезде жалпыға ортақ татулық пен мейірім, әділеттілік пен рухани үйлесім дәуіріне қарай тағы бір қадам жасалды. Біз жаһанды күмән-күдік жайлаған кезеңде тек бір-бірімізбен тілдесу арқылы ғана үмітті, болашаққа деген сенімді оятуға болатынын дәлелдедік», – деді [5]. Елбасы «Рухани татулық пен келісімді дамытуға және нығайтуға қосқан үлесі үшін» атты сыйлық тағайындауды ұсынып, оны Діндарлар кеңесінің шешімі бойынша беруге, съездің жалпы отырысында тапсыру туралы айтты.

Қазіргі уақытта еліміздегі дінтану пәнін оқыту үдерісі жастардың бойына зайырлылық пен зиялылық, имандылық, салауаттылық, ұлттық дәстүр мен руханилық нәрін егіп, оларды ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды ардақтауға үйретіп, ұлтаралық және конфессияаралық қатынас мәдениетіне, діни әдебиеттермен жұмыс істеу мәдениетіне, діни құндылықтарды танып-білуге, дүниетанымдық сұхбаттастық пен төзімділікке, діни ғимараттарда әдепті болуға үйретіп және діни экстремизм мен фанатизмге, лаңкестікке қарсы тұратын иммунитет қалыптастыруы тиіс.

#### Әдебиеттер

- 1 Қазақстан Республикасының Президенті, «Нұр Отан» партиясының Төрағасы Н.Ә. Назарбаевтың партияның XVI съезінде сөйлеген сөзі//Егемен Қазақстан. 12.03.2015.
- 2 Айдарбаев А. Актуальные вопросы современного мусульманского мира и председательство Казахстана в ОИК в 2011 году. // Казахстан в глобальных процессах. – 2010. – №3. – С.22.
- 3 Назарбаев Н.Ә. Асу бермес асқар жоқ. Егемен Қазақстан. 2015. 30 сәуір.
- 4 Назарбаев Н.Ә. Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің V съезінде сөйлеген сөзі. Егемен Қазақстан. 10 маусым. 2015.
- 5 Назарбаев Н.Ә. Егемен Қазақстан. 10 маусым. 2015.

### References

- 1 Kazakstan Respublikasynyn Prezidenti, «Nur Otan» partijasynyn Toragasy N.Ә. Nazarbaevtyn partijanyn XVI sezinde soilegen sozi//Egemen Kazakstan.12.03.2015.
- 2 Ajdarbaev A. Aktual'nye voprosy sovremennogo musul'-manskogo mira i predsedatel'stvo Kazahstana v OIK v 2011 godu. // Kazahstan v global'nyh processah. – 2010. – №3. – S.22.
- 3 Nazarbaev N.Ә. Asu bermes askar zhok. Egemen Kazakstan. 2015. 30 sauir.
- 4 Nazarbaev N.Ә. Alemdik zhane dastyrli dinder liderlerin V sezinde soilegen sozi. Egemen Kazakstan. 10 mausym. 2015.
- 5 Nazarbaev N.Ә. Egemen Kazakstan. 10 mausym. 2015.

Лифанова Т.Ю.,  
Веревкин А.В.

### Человеческий капитал в проекции образовательных реформ

В статье рассматриваются отдельные вопросы формирования и воспроизводства «человеческого капитала» как важнейшего стратегического ресурса общества. В современных условиях фундаментальное значение в воспроизводстве человеческого капитала принадлежит системе образования, которая в свою очередь находится в процессе непрерывной трансформации. Таким образом, понятие о человеческом капитале расширяется за пределы чисто экономической теории и приобретает новое содержание в соответствии с тенденциями социального развития.

Обращение к социально-философскому анализу человеческого капитала актуально и в плане активного включения Казахстана в европейскую образовательную интеграцию. Важно отметить, что одним из параметров реализации Болонского процесса являются практики обеспечения и оценки качества образования, реализуемые на национальном и международном уровне. Отмечается, что во многих странах процедуры внешнего обеспечения качества, ранее ориентированные на такие объекты, как преподавание, внутреннее обеспечение качества и система управления, научные исследования и службы поддержки студентов, должны в настоящем и будущем уделять значительное внимание вопросам обучения в течение всей жизни и возможностям трудоустройства студентов на профессиональном рынке труда.

**Ключевые слова:** человеческий капитал, экономика знания, информационное общество, качество образования, образование в течение всей жизни.

Lifanova T.Y.,  
Verevkin A.V.

### Human Capital in projection of educational Reforms

This article discusses some issues of formation and reproduction of «human capital» as the most important strategic resource for society. Under current conditions of fundamental importance in the reproduction of the human capital is owned by the education system, which in turn is in the process of continuous transformation. Thus, the concept of human capital is expanding beyond pure economic theory and acquires new content in line with the trends of social development.

Appeal to the socio-philosophical analysis of human capital relevant in terms of active inclusion of Kazakhstan into European educational integration. It is important to note that one of the parameters of the Bologna Process is the practice of providing and evaluating the quality of education being implemented at national and international level. It is noted that in many countries the procedure of external quality assurance, previously focused on items such as teaching, internal quality assurance and control systems, research and student support services, should be in the present and the future to devote considerable attention to learning throughout life and opportunities employment of students in the professional labor market.

**Key words:** human capital, knowledge economy, information society, the quality of education, education throughout life.

Лифанова Т.Ю.,  
Веревкин А.В.

### Білім беру реформаларының проекциясындағы адам капиталы

Мақалада қоғамның маңызды стратегиялық ресурсы ретіндегі «адам капиталының» қалыптасуы мен ұдайы жаңғыртылуындағы жеке сұрақтар қарастырылады. Қазіргі заман шартында адам капиталының ұдайы жаңғыртылуындағы іргелі мәселелер білім беру жүйесіне тиесілі, ол өз кезегінде үздіксіз трансформациялану үдерісінде болады. Сөйтіп, адам капиталы туралы түсінік экономикалық теория шегінен шығып, әлеуметтік даму үрдістеріне сәйкес жаңа мағынаға ие болады.

Адам капиталына әлеуметтік-философиялық талдау жасауға жүгіну Қазақстанның еуропалық білім беру интеграциясына белсенді түрде қосылу тұрғысынан алғанда да өзекті болып табылады. Болондық үдерісті жүзеге асыру өлшемдерінің бірі ұлттық және халықаралық деңгейде білім беру сапасын қамтамасыз ету және бағалау болып отырғандығын атап өту маңызды. Көптеген елдерде бұрын оқыту, ішкі сапаны қамтамасыз ету және басқару жүйесі, ғылыми зерттеулер мен студенттерді қолдау қызметтері сияқты объектілерге бағытталған сапаны қамтамасыз етудің сыртқы үдерістері қазіргі уақытта және болашақта өмір бойы оқып-үйрену және студенттерді кәсіби еңбек нарығында еңбекпен қамтамасыз ету мүмкіндіктеріне аса үлкен назар аударуға тиіс екендігі байқалады.

**Түйін сөздер:** адам капиталы, білім экономикасы, ақпараттық қоғам, білім беру сапасы, өмір бойы білім алу.

## **ЧЕЛОВЕЧЕСКИЙ КАПИТАЛ В ПРОЕКЦИИ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ РЕФОРМ**

### **Введение**

Интеллектуальный и, в первую очередь, человеческий капитал выступают в качестве определяющей составной части производственного капитала постиндустриальной экономики, развитие которой связано с созданием добавленной стоимости, базирующейся на знании и инновациях, носителем которых выступает человек с его развитыми способностями, определяемыми высоким интеллектуальным и творческим потенциалом. Поэтому государственное регулирование многих развитых стран сосредоточено на расширенном воспроизводстве интеллектуальной составляющей общественного богатства. Отыскивая качественный критерий развертывания информационной цивилизации, возможно обратиться к понятию «человеческий капитал», получившему широкую трактовку в научной литературе последних десятилетий.

В современных условиях фундаментальное значение в воспроизводстве человеческого капитала принадлежит системе образования, которая, в свою очередь, находится в процессе непрерывной трансформации. Таким образом, понятие о человеческом капитале расширяется за пределы чисто экономической теории и приобретает новое содержание в соответствии с тенденциями социального развития.

### **Основная часть**

Последнее десятилетие XX века и начало XXI века характеризуются активизацией интеграционных и глобализационных явлений. Глобализация выступает уже не просто как процесс общественный, но и как следование требованиям технического прогресса – естественного процесса, обусловленного развитием человеческой цивилизации. Экономика в развитых странах стала технотронной и определяется интегрированным единством взаимодействий «человек – компьютер – автоматизированные средства производства». Она диалектически отрицает средства производства периода модерна, абсорбируя в то же время все лучшее, вписывающееся в технотронную схему, в которой компьютер заменяется сетью Интернет, а сама экономика приобретает сетевой характер.

В экономике современного мира человеческие ресурсы играют определяющую роль в достижении конкурентных преимуществ и обеспечении качественных параметров экономического роста, т.е. развития общества в целом. Перспективы этого развития в XXI веке связываются именно с человеческими ресурсами как носителями знания. Мировое сообщество в целом, включая и Казахстан, вступило в новый этап развития своей цивилизации – становление информационного общества. Этот процесс часто называют третьей социально-технической революцией, информатизацией общества. Формирование информационно-коммуникативного пространства нового уровня неизбежно затрагивает не только материальное производство и коммуникации, но и социальные отношения, культуру, интеллектуальную деятельность во всех ее многообразных проявлениях. Вполне очевидно, что информатизация общества накладывает свой отпечаток не только непосредственно на деятельность людей, работающих в сфере организации и управления, но и на практически все без исключения социальные и культурные процессы. Информация стала безальтернативным источником развития и благосостояния многих народов; информационные ресурсы и технологии подняли науку и технический прогресс на беспрецедентный уровень по сравнению с тем, что обеспечили в прошлом физика, механика, химия и электродинамика, вместе взятые [1, с. 44]. Формируется единая интегрированная информационная система на основе технологической конвергенции (слияния телекоммуникационной, компьютерно-электронной, аудиовизуальной техники). На содержательном уровне все это приводит к перераспределению ресурсов в пользу науки и образования и увеличению значения такого фактора, как человеческий капитал.

Концепция информационного общества, соотносимая с постиндустриализмом, обосновывает товарную форму информации, т.е. ее меновую стоимость. В реальных трудовых процессах все факторы производства выступают как потребительные стоимости. В тоже время информация, не интегрированная с используемыми технологиями, бесполезна для производства, вне зависимости от ее меновой стоимости. Сама по себе информация ничего не производит. Главная производительная сила – человек, вооруженный средствами производства и знаниями. Информационное обеспечение выступает как способ передачи знаний и помогает человеку в осуществлении целесообразных трудовых действий, но не выполняет их вместо человека. Труд челове-

ка остается двигателем производства и по мере совершенствования последнего ценность труда только возрастает, и все большую ценность приобретает интеллектуальный труд, генерирующий знания.

«Независимо от того, какими материальными ресурсами обладает система, сами по себе они не приумножаются. И государство, и фирма развиваются энергией и интеллектом составляющих их людей» [2, с. 56].

В современных сетевых транснациональных корпорациях 20% персонала заняты в научно-исследовательской деятельности. Такое распределение не отменяет, а лишь усиливает взаимодействие с университетской наукой и научными центрами. Транснациональные корпорации работают на рынок, хорошо им известный и поделенный между ними на определенные доли. Рынок этот, насыщенный качественными товарами, представляется сетевым пространством, содержащим достаточно полную информацию о спросе и предложении, что позволяет работать по конкретным заказам и сводит к минимуму разрушительную конкуренцию. Она смещается в университеты, научно-исследовательские центры и лаборатории, где на стадии научных исследований приобретает форму конкуренции за инновации [3, с. 8-10].

Данный процесс связан и со сферой занятости населения, поскольку для современного этапа в развитии экономики характерны значительные изменения в ее структуре. Этот аспект исследован еще в работах Д. Белла, являющегося крупнейшим теоретиком «постиндустриального общества». Как известно, на основе критерия знаний, науки, техники постиндустриальные теории делят историю общества на три стадии: доиндустриальное общество, индустриальное общество, постиндустриальное общество. Постиндустриальное общество, в трактовке Д. Белла, – это организм, в котором телекоммуникации и компьютеры выполняют основную роль в производстве и обмене информацией и знаниями. Его главный ресурс – информация, главная фигура – ученый [4, с. 16].

В искомой связи трансформируется и структура занятости населения. Предполагается, что мы вступаем в информационное общество, когда большинство занятых работает в информационной сфере. В основном поэтому представляется вполне естественным доказательство того, что мы живем в информационном обществе, если уж «в сфере труда доминирующей является группа работающих в сфере информации» [5, с. 183]. Можно отметить, что подобная концепция тесно связана с описанной ранее теорией «человечес-

кого капитала», но акцент на изменениях в сфере занятости подчеркивает скорее трансформационные возможности информации как таковой, чем воздействие информационных технологий.

Таким образом, инвестиционная экономика модерна превращается в инновационную экономику постмодерна, где главным ресурсом в создании добавленной стоимости выступает знание, существующее в форме интеллектуального капитала. В литературе отсутствует однозначное определение интеллектуального капитала, и либо он идентифицируется как человеческий капитал, либо к нему относят практически используемые знания, непосредственно связанные с человеком и хранящиеся на различных носителях. По-видимому, первая идентификация ближе к существу дела, так как знания, хранящиеся на носителях без опосредования человеком, бесполезны.

В наиболее последовательной форме концепция человеческого капитала изложена в трудах лауреата Нобелевской премии 1992 г. по экономике Г. Беккера. Понятие национального богатства получает более широкое толкование и в него, наряду с вещественной составляющей капитала, включают финансовые активы, материализованные знания и способности людей к производственному труду. Макроэкономическая статистика теперь учитывает в качестве национальных богатств, имеющих невещественную форму, научные знания, в частности вложенные в новые технологии, а также в здравоохранение и образование. В основе современной теории человеческого капитала лежит экономический подход к человеческому поведению, нашедший выражение в своеобразной логической схеме Г. Беккера, из которой видно, что способности, знания, профессиональные навыки, мотивация становятся капиталом, рост которого в свою очередь ведет к росту производительности труда и производства и соответственно целесообразное использование капитала должно вести к росту доходов работника, стимулировать делать вложения в здоровье и образование для повышения запаса знаний и навыков, чтобы затем эффективно применить их. Г. Беккер показал, что выбор любого варианта инвестиций в повышение квалификации, рост навыков и умений (например, продолжение образования) представляет собой частный случай рационального выбора и что при этом можно выявить критерии, по которым он делается. Г. Беккер также демонстрирует, что для США 1960-х годов рентабельность образовательной деятельности на 10-15% превышала рентабельность других видов коммерческой деятельности [6, с. 110].

Человеческие ресурсы преобразуются в реально действующий человеческий капитал при условии полной или частичной реализации заложенного в них потенциала в результате деятельности сознания, имеющий товарную форму. Теория человеческого капитала делит его на общий и специфический (специальный). Общий капитал включает в себя такую базовую подготовку работника, инициированную им самим, которая позволяет ему работать во многих организациях по различному профилю. Специальным человеческий капитал можно назвать, если эта подготовка оплачена, например, фирмой, на которую ложатся потери вложений в случае увольнения работника. Общая подготовка – категория экономическая и не тождественна общему образованию или высшему образованию уровня бакалавриата, как категориям скорее педагогическим и социологическим, напрямую не приложимым к практической деятельности.

В контексте образовательных технологий имеет смысл более подробно остановиться на двух аспектах, непосредственно связанных с проблемой интеллектуального капитала: формировании медийной и информационной грамотности (Media and Information Literacy, MIL) и институционализации различных форм образования в течении всей жизни.

Media and Information Literacy. Программы по формированию медиаграмотности, по определению ЮНЕСКО, представляют собой комплекс учебной и просветительской деятельности, целью которого является обеспечение людей навыками и способностями для критического восприятия, оценки и использования информации и СМИ в своей профессиональной и личной жизни. Расширение прав и возможностей людей посредством информации и медиаграмотности является важной предпосылкой для укрепления равноправного доступа к информации и знаниям, а также создания инклюзивных обществ знаний. Информация и информационная грамотность позволяют людям интерпретировать и принимать обоснованные решения в качестве потребителей массовой информации и продукции СМИ, а также стать ее непосредственными создателями (производителями информации и сообщений средств массовой информации) в контексте развития новых медиа.

Акцент в понимании информационной грамотности смещается с чисто технического освоения информационно-коммуникационных технологий – ИКТ (термин пришел на смену понятию ИТ (ИТ) – информационные технологии) на

формирование у людей новых представлений о роли информации и информационных процессов в современном обществе. При этом важное место должно быть уделено общим закономерностям функционирования информации в социуме, механизмам ее формирования и воздействия на общественное сознание, а также экономические и политические процессы общества. Необходимо научиться понимать, насколько важна информационная составляющая микро- и макропроцессов в обществе от, например, формирования монетарного поведения населения, до развертывания информационных войн в предельном выражении «переходящих» в военные конфликты.

Особое внимание, в частности в базовых программах ЮНЕСКО, уделяется подготовке учителей, начиная с обеспечения понимания ими важности информационной и медийной грамотности в процессе образования, которая постепенно должна стать сквозной, быть включена в различные школьные предметы и профессиональные программы вузов, чтобы в итоге охватить в качестве целевой аудитории и школьников, и студенческую молодежь, и, при необходимости, программы послевузовского образования, повышения квалификации, подготовки и переподготовки различных специалистов. Можно ожидать, что с течением времени эта задача трансформируется и медиаграмотность станет в большей степени базовой компетенцией для довузовской подготовки. Так, в ряде стран медиаобразование интегрировано в школьные предметы, а в Австралии, например, изучение его начинается еще в дошкольном возрасте. Еще в 1987 году Совет Европы принял «Резолюцию по медиаобразованию и новым технологиям», где медиаобразованию придавалось огромное значение: «Медиаобразование должно начинаться как можно раньше и продолжаться все школьные годы в качестве обязательного для изучения предмета». Важно также отметить, что с 27 по 28 мая 2014 года в штаб-квартире ЮНЕСКО в Париже проходил первый Европейский форум по вопросам медийной и информационной грамотности (МИГ). Участники Форума приняли Парижскую декларацию о медийной и информационной грамотности в эпоху цифровых технологий (2014 г.). Декларация вновь подтверждает важность медийной и информационной грамотности и призывает сделать новый упор на ее распространение в условиях современной цифровой среды [7, с. 3].

Образование в течение всей жизни. В настоящее время проблема обеспечения институ-

циональной организации непрерывного образования – «образования в течение всей жизни» превратилась из декларативного утверждения в реальный критерий оценки национальных образовательных систем, в частности в рамках Болонского процесса.

Одним из параметров реализации Болонского процесса является наряду с такими инструментами и подходами, как Болонская структура трех циклов, европейская система зачетных единиц (ECTS), приложение к диплому (Diploma Supplement), формирование Национальной рамки квалификаций и признание иностранных квалификаций – обязательное формирование национальной практики в области обеспечения качества образования.

Как показывает анализ методической и научной литературы по данному вопросу [8, 9], национальная практика обеспечения качества образования включает два направления: «внутреннее» обеспечение качества, включающее меры по обеспечению качества, реализуемые структурными подразделениями вузов, факультетов и вузами в целом и «внешнее» обеспечение качества, означающее меры, реализуемые учреждениями, агентствами, внешними по отношению к вузу. В рамках данного процесса «образование в течение всей жизни» становится одним из критериев оценки образовательных систем, на который международные эксперты призывают обращать пристальное внимание.

В ближайшее время разработка национальных рамок квалификаций осуществлялась в Европе в форме различных инициатив как международного, так и регионального масштаба. В контексте Болонского процесса в 2005 году в Бергене европейские министры образования приняли всеобъемлющую Рамку квалификаций европейского пространства высшего образования (FQ – ENEA), а также договорились о разработке к 2007 г. национальных рамок квалификаций и о их внедрении к 2010 г. во всех странах, подписавших Болонскую декларацию. Эти квалификационные требования для высшего образования должны отражать Болонскую структуру трех циклов и использовать общие дескрипторы, основанные – для первого и второго циклов – на результатах обучения, компетенциях и зачетных единицах. Параллельно этому была разработана Европейская рамка квалификаций (ЕРК) для обучения в течение всей жизни в контексте Лиссабонской стратегии, которая была утверждена Европейским Советом и Европарламентом в 2008 г. Основная задача ЕРК – служить «механизмом

перевода» и нейтральной референциальной рамкой для сравнения квалификаций различных национальных систем образования и обучения... Эксперты также отмечают, что во многих странах, в процедурах внешнего обеспечения качества уделяется недостаточно внимания развитию обучения в течение всей жизни и способности выпускников к трудоустройству [9, с. 41-48].

### Заключение

Сравнительное исследование показало, что в Казахстане в настоящее время предусмотрены многообразные внутренние программы и проекты оценки качества как на национальном, так и на вузовском уровне; осуществляются процедуры институциональной аккредитации и аттестации специальностей, проводится внешняя оценка учебных достижений, ежегодно составляется внутренний рейтинг специальностей и проводится академическое ранжирование вузов по сквозным специальностям высшего и послевузовского образования и др. Можно сделать вывод, что в Казахстане система обеспечения качества высшего и послевузовского образования как важнейшего компонента формирования ин-

теллектуального потенциала страны находится в стадии активного развития.

С другой стороны, в казахстанском образовании пока остаются открытыми вопросы подготовки профессиональных медиапедагогов. В качестве примера можно привести информацию о казахстанских ресурсах в сфере информационной грамотности, представленную в «Международном обзоре ресурсов в сфере информационной грамотности» (UNESCO, 2014). В данном издании содержится весьма лаконичная информация по Казахстану и даны ссылки всего на два ресурса. «Казахстан в последние 20 лет активно стремится развивать информационные технологии в образовании и информационной грамотности. Существует Государственная программа «Информация Казахстан – 2020», которая содержит дорожную карту для развития информационной грамотности на ближайшие годы. Тем не менее, развитие информационной грамотности и массового медиаобразования в Казахстане еще не достигли широкого масштаба. Казахстан не имеет национального центра медиаобразования, нет никакой связи информационной грамотности и медиаобразования» [10].

### Литература

- 1 Евреинов Э.В. Информациология структур и биокомпьютерных систем. – М.: Наука, 1996. – 387 с.
- 2 Дракер П. Эффективное управление. – М.: ГРАНД, 2001. – 500 с.
- 3 Зуев А., Мясникова Л. Интеллектуальный капитал. // Риск – Ресурсы. Информация. Снабжение. Конкуренция. – М., 2002. – № 1. – С. 4-13
- 4 Белл Д. Постиндустриальное общество. Экономика информации // Американская модель: с будущим в конфликте. – М., Прогресс, 1984. – С. 16-24.
- 5 Белл Д. Будущее постиндустриального общества, опыт социального прогнозирования. – М.: Аспект-Пресс, 1999. – 740 с.
- 6 Беккер Г. Человеческий капитал (главы из книги). Воздействие на заработки инвестиций в человеческий капитал // США: ЭПИ. – М., 1993. – № 11. – С. 109-118.
- 7 Ахметова Л.С., Веревкин А.В., Лифанова Т.Ю. Медиаобразование и медиаграмотность: теория, методология, практика: учебное пособие. – Алматы, 2015.
- 8 The Bologna Process: Trends 2010 – A decade of change in European Higher Education – <http://www.iu.qs.com/2010/07/27/the-bologna-process-trends-2010-%E2%80%93-a-decade-of-change-in-european-higher-education/>
- 9 Реализация Болонского процесса в странах Tempus (2012). – Брюссель, 2012. Выпуск 9. – 90 с.
- 10 Overview of Information Literacy Resources Worldwide. – Paris, UNESCO, 2014. – 670 p.

### References

- 1 Evreinov Je.V. Informaciologija struktur i biokomp'juternyh sistem. – M.: Nauka, 1996. – 387 s.
- 2 Draker P. Jefferktivnoe upravlenie. – M.: GRAND, 2001. – 500 s.
- 3 Zuev A., Mjasnikova L. Intellektual'nyj kapital. // Risk – Resursy. Informacija. Snabzhenie. Konkurencija. – M., 2002. – № 1. – С. 4-13
- 4 Bell D. Postindustrial'noe obshhestvo. Jekonomika informacii // Amerikanskaja mo-del': s budushhim v konflikte. – M., Progress, 1984. – S. 16-24.
- 5 Bell D. Budushhee postindustrial'nogo obshhestva, opyt social'nogo prognozirovanija. – M.: Aspekt-Press, 1999. – 740 s.
- 6 Bekker G. Chelovecheskij kapital (glavy iz knigi). Vozdejstvie na zarabotki investicij v chelovecheskij kapital // SSHA: JePI. – M., 1993. – № 11. – S. 109-118.
- 7 Ahmetova L.S., Verevkin A.V., Lifanova T.Ju. Mediaobrazovanie i mediagramotnost': teorija, metodologija, praktika. Uchebnoe posobie. – Almaty: Kazahskij universitet. – 2015.
- 8 The Bologna Process: Trends 2010 – A decade of change in European Higher Education – <http://www.iu.qs.com/2010/07/27/the-bologna-process-trends-2010-%E2%80%93-a-decade-of-change-in-european-higher-education/>
- 9 Realizacija Bolonskogo processa v stranah Tempus (2012). – Brjussel', 2012. Vypusk 9. – 90 s.
- 10 Overview of Information Literacy Resources Worldwide. – Paris, UNESCO, 2014. – 670 p.

Мамбетбаев Қ.Ж.  
**Ханафи мәзһабында мұрсал  
хадистердің орны**

Мақалада Ханафи мәзһабында мұрсал хадистердің орны талданған. Онда хадистерді мұрсал етіп жеткізу сахаба, табиғин, атбағут-табиғиндердің кезінде де қабылданып, онымен амал етілгені, қабылдау шарттары әртүрлі болғанымен, төрт мәзһаб бойынша да мұрсал хадистер дәлелге жүргені, тіпті тізбекке аса мән беретін хадисшілердің өзі кейбір аға буын танымал табиғиндердің мұрсал хадистерін сахи́х санағаны сөз болады. Әбу Ханифа да табиғин болғандықтан, оның мұрсал хадистерді дәлелге қолдануы табиғи, оның бұл артықшылығы басқаларда жоқ, ол қандай да бір мәселеде дәлел ретінде мұрсал хадиске жүгінген болса, оны табиғиндерден һәм аға буын атбағут-табиғиндерден тікелей алу мүмкіншілігін иеленген, әрі өзі өмір сүрген қоғамда сол мұрсал хадистің мазмұнын қуаттайтын амалға куә болған болуы ықтимал деген пікір жақталады.

**Түйін сөздер:** Ханафи мәзһабы, Әбу Ханифа, мұрсал хадис, мұснад хадис, сахаба, табиғин, атбағут-табиғин.

Mambetbaev K.J.  
**Place of Mursal hadith in  
Hanafi's mazhab**

The article deals with questions about Mursal hadith, which is acceptable in times were companions (Sahaabah), representatives of the generation of followers (Taabi'een) and had seen Taabi'een (atbaut-Taabi'een) despite the fact that the actions and the conditions for the adoption of such hadith were different. In four schools, Mursal hadith could be used as evidence. Many of the Hadith scholars, and even those who are kind to the chain of transmitters were taken out, Mursal hadith transmitted by the most authoritative and well-known Taabi'een, to the rank of authentic (Sahih) Hadith. Since Abu Hanifa (peace be upon him) was Taabi'een applying them Mursal hadith, as evidence it was quite natural. Abu Hanifa predominantly feature was the fact that he had an opportunity to address not only Taabi'een and atbaut Taabi'een-on application-Mursal hadith, but he could personally testify for the actions listed in these hadiths to support their contents.

**Key words:** Hanafi, Abu Hanifa, mursal hadith, hadith Musnad, Taabi'een, the Sahabah, atbau Taabi'een.

Мамбетбаев К.Ж.  
**Место мурсал хадисов  
в Ханафитском мазхабе**

В статье рассматриваются вопросы касательно мурсал-хадисов, которые были приемлимы во времена сподвижников (сахабы), представителей поколения последователей (табиины) и видевших табиинов (атбаут-табиин), несмотря на то, что действия и условия принятия подобных хадисов были разными. В четырех мазхабах мурсал-хадисы могли применяться в качестве доказательства. Многие хадисоведы, и даже те, кто трепетно относился к цепи передатчиков, выводили мурсал-хадисы, переданные наиболее авторитетными и известными табиинами, в ранг достоверных (сахих) хадисов. Поскольку Абу Ханифа (мир ему) являлся табиинном, применение им мурсал-хадисов в качестве доказательств было вполне естественным. Преимущественной особенностью Абу Ханифы был тот факт, что он имел возможность обратиться не только к табиинам и атбаут-табиинами по вопросам применения мурсал-хадисов, но и мог лично свидетельствовать за действия, приведенные в данных хадисах, для поддержки их содержания.

**Ключевые слова:** Ханафитский мазхаб, Абу Ханифа, хадис мурсаль, хадис муснад, табиины, сахаба, атбау табиины.

## ХАНАФИ МӘЗҒАБЫНДА МҰРСАЛ ХАДИСТЕРДІҢ ОРНЫ

### Кіріспе

«Мұрсал» сөзінің түбірі саналатын «әл-Ирсәл» араб тілінде «жіберу», «бос қою» дегенді білдіреді. Мысалы, қолымдағы құсты жібере салдым дегенде осы «ирсәл» сөзі қолданылады. «Хижр» сүресінің 22-аятындағы: «Біз желді ұрықтандыру үшін жібердік» делінген аяттағы «жібердік» мағынасын білдіру үшін осы «ирсәл» сөзінің етістігі қолданылған.

Ал ханафи усул-фиqh мамандарының анықтамасы бойынша: «хадис тізбегінің басындағы яки ортасы немесе соңындағы бір немесе бірнеше рауидың үзілінуіне» мұрсал хадис делінеді [1, 3 б.].

Ханафилердің «мұрсал хадиске» берген бұл анықтамасы хадисшілердің «мұрсал», «мұғдал» (Хадис тізбегінің кез-келген жерінен екі немесе одан да көп рауидің түсіп қалуы), «мұғғаллақ» (Хадис тізбегінің бас жағынан екі немесе одан да көп рауидің түсіп қалуы), «мұнқатиғ» (Хадис тізбегіндегі сахабаға дейінгі бір рауидің бір жерден яки әртүрлі жерден түсіп қалуы. Әртүрлі жерден түсіп қалған жағдайда екі рауи қатар түспеуі шарт) сынды хадис түрлерінің бәрін қамтиды. Ал хадисшілер бойынша, мұрсал хадиске «табиғинның Алла елшісі (с.а.у.) былай айтты» – деп, өзі мен Алла елшісінің ортасындағы сахабаны айтпастан риуаят еткен хадистері ғана жатады.

Сахабаның риуаят еткен мұрсал хадистері барлық ғұламалар тарапынан бірауыздан қабылданған. Сахаба мұрсалына мысал ретінде Абдуллаһ ибн Аббастан риуаят етілген мына бір хадисті келтіруге болады:

«Абу Тәліп ауырып жатыр еді. Оның көңілін сұрап, Құрайыштар және Алла елшісі (с.а.у.) де барған еді. Абу Тәліптің бас жағында бір кісілік отыратын орын бар болатын. Әбу Жәһил барып сол орынға жайғасты.

– Сенің бауырыңның баласы Мұхаммед (с.а.у.) біздің құдайларымызға тіл тигізуде.

– Не болды, мына қауымың сені маған шағымданып жатыр ғой.

– Көке, мен оларды ортақ бір сөзге топтастырғым келеді. Ол арқылы бүкіл араб оларға бағынып, ал басқа халықтар жизия (салық) төлейтін болады.

– Ол қандай сөз?

– Лә илһәна иллаллаһ.

Мыны естіген Құрайыштар орындарынан тұрып былай деді:

– Сонда бұл барлық құдайымызды жинап, бір құдай қылмақ па?!» [2, 131 б.].

Байқағанымыздай, бұл хадисті риуаят еткен сахаба Абдуллаһ ибн Аббас. Алайда бұл оқиғаға оның куә болып, айтылған әңгімені естуі мүмкін емес. Себебі аталмыш оқиға һижреттен үш жыл бұрын орын алған. Өйткені сол жылы Әбу Тәліп қайтыс болған еді. Дәл осы жылы хадисті риуаят еткен Абдуллаһ ибн Аббас дүниеге келген. Ендеше, Абдуллаһ ибн Аббастың бұл оқиғаны осы әңгімеге куә болған басқа үлкен сахабалардан естіп, жеткізгендігінде күмән жоқ.

Ханафи ғалымдары бойынша мұрсал хадистің үкімі бірнешеге бөлініп отыр. Бұл жайлы Әбу Бәкір Жассас өзінің «әл-Фусуул фил-усуул» атты еңбегінде кеңінен тарқатып былай деп түсіндіреді: «Біздің мәзһаб ғұламалары бойынша, сахабаның және табиғиндердің мұрсал етіп жеткізген хадистері қабылданады. Сондай-ақ, менің тоқтамға келген көзқарасым бойынша табиғиндерді көзі көрген атбағут-табиғиндердің де мұрсалдары қабылдануы тиіс. Тек сенімді, әділетті кісілерден риуаят етсе болғаны.

Ал енді төртінші буынға тиесілі мұрсал хадистердің үкіміне келер болсақ, біздің кейбір мәзһаб ғұламалары олардың заманында Алла елшісінің айтқанындай өтірік айтып, жалған сөйлеу кең тарайтындықтан мұрсалдарын қабылдамай тастаған. Менің (Жассас) пікірімше, егер аталған заманның адамдарының көбі өтірік айтуды әдет еткен болса, онда тек әділеттілігі мен шыншылдығы, аманатқа беріктігі белгілі адамдардың ғана мұрсалын қабылдауға болады. Әбул-Хасан әл-Кәрхидың алғашқы буын менен кейінгілердің мұрсалдарын бөліп-жарғанын көрмедім.

Ал Иса ибн Әбанға келер болсақ, ол былай дейді: «Бізге замандас біреу Алла елшісінен мұрсал етіп хадис риуаят етсе, онда мынаған қараймыз, егер ол адам діннің білгір имамдарының бірі болса және оны ілім иелерінен жеткізсе, онда мұндай кісінің «мұснады» қабылданатыны секілді «мұрсалы» да қабылданады. Ал мұрсалы емес, тек мұснады адамдар тарапынан риуаят етілген кісінің мұрсалы біздің көзқарасымызда тоқтатыла тұрады.

Әбу Бәкір Жассас (Алла оны рақымына бөлесін!) былай дейді: «Менің таңдаған көзқарасым әрі мәзһаб ғұламаларының сөздерінен байқағанымыздай табиғиндердің және атбағут-табиғиндердің

дердің мұрсал етіп жеткізген хадистері қабылданады. Тек күмәнді кісілер болмаса, болғаны. Сондай-ақ бұл Әбу Ханифаның да көзқарасы болмақ. Ал діндарлығы мен білімділігі сенімсіз ғұламалардың мұрсалдары қабылданбайды. Сондай-ақ сенімсіздерден ғана мұрсал етіп жеткізетіндердің де мұрсалдары тәрк етіледі» [3, 39 б.].

Ханафи ғалымдарының мұрсал хадистің үкіміне қатысты көзқарастарын былайша топтастыруға болады:

1. Иса ибн Әбанның көзқарасы бойынша сахаба, табиғин, атбағут-табиғиндердің мұрсал етіп жеткізген хадистері қабылданады. Ал одан кейінгі буындардыкі, егер жеткізуші рауи «жарх-тағдилді» білетін діннің аса білгір имамы болса ғана қабылданады, әйтпесе жоқ. Бұл көзқарасты Фахрул-ислам Бәздауи, Мулла Алуюл-Қари, Зафар Ахмад Тәһанауи сынды бірқатар усулшы ғалымдар да қолдаған. Сарахси өзінің усулында Иса ибн Әбанның «жарх-тағдилді білетін діннің аса білгір имамы болуы керек» – деген шартымен Мұхаммад ибн Хасан секілді танымал дін ғалымдарын меңзегендігін білдірген. Ғылым жаюмен емес, тек риуаят етумен танымал болған кісілердің мұснадттары тікелей қабылданғанымен, мұрсалдары ғалымдардың елегінен өткізілгеннен кейін ғана қабылданады [4, 363 б.].

2. Әбул-Хасан әл-Кәрхи бойынша, үш буынның ғана емес, кез-келген ғасырдағы әділ кісінің мұрсалы қабылданады. Бұл көзқарасты Самарқанди, Нәсафи сынды ғалымдар да құптаған.

3. Әбу Бәкір Жассас бойынша, әділ емес әрі сенімсіз кісілерден риуаят еткендігі анықталмаған алғашқы үш буынның кез-келгенінің мұрсалдары қабылданады. Ал одан кейінгі ғасырлардағылардың ішіндегі тек әділ әрі сенімділерден ғана риуаят ететіндігімен мәшһүр болған адамдардың ғана мұрсалдары қабылданады. Бұл көзқарасты Сарахси сынды усулшы ғалымдар да құптаған [4, 364 б.].

4. Алғашқы үш буыннан кейінгі ғасырлардағы кез-келген мұрсал қабыл емес. Бұл көзқарасты Әбу Бәкір Жассас аттарын атамастан өзінің кейбір ұстаздарына теліген. Бұл пікірді Жассас-тан басқа ешбір ғалымның айтқаны яки ұстанғаны байқалмайды [5, 349 б.].

5. Көрнекті ғалым Кәмал ибнул-Һумам өзіне дейінгі ешбір ханафи ғалымы білдірмеген бесінші оқшау көзқарасты айтқан. Оның пікірінше, тек діннің аса білгір имамы болған кісінің ғана мұрсал етіп жеткізген хадисі қабыл. Мейлі ол үш буыннан болсын яки болмасын [6]. Ибнул-Һумамның бұл оқшау көзқарасын өзінің шәкірті Ибн Әмир Хаж сынды ғалымдар да таңдаған.

Ибнул-Һумамның бұл көзқарасы Иса Әбанның байламынан әрине өзгеше. Иса ибн Әбан мұрсал етіп жеткізуші діннің білгір имамы болуы керек деген шартты тек үш буыннан кейінгілерге ғана қосса, Ибнул-Һумам оны үш буынға да шарт қылып отыр.

Зерттеуші ғалым Абдул-Мәжид әт-Түркумани өзінің «Дирасатун фи усуулил-хадис аламанһажил-ханафия» атты зерттеуінде мұрсал хадистің үкіміне қатысты осы бес көзқарастың ішінен жоғарыдағы Иса ибн Әбанның «алғашқы үш буынның мұрсал етіп жеткізген хадистері қабылданады. Ал одан кейінгі буындардыкі, егер жеткізуші рауи жарх-тағдилді білетін діннің аса білгір имамы болса ғана қабылданады, әйтпесе жоқ» – делінген байламын дұрысырақ санаған [5, 448 б.]. Себебі айқын. Алғашқы үш буынға жататын сахаба, табиғин, атбағут-табиғиндердің заманының қайырлы екендігіне Алла елшісінің өзі куәлік еткен. Ал одан кейінгі ғасырларда өтірік, жалған, қиянаттың жайыла бастағандығы белгілі. Сондықтан алғашқы буынның мұрсалдары қосымша шартсыз-ақ қабылданғанды дұрысырақ санап отыр.

Алайда Иса ибн Әбанның көзқарасында айтылғандай «үш буынның мұрсалдерін ешбір шартсыз» қабылдау ықтияттық тұрғысынан жеткіліксіз. Себебі, пайғамбарымыздың алғашқы үш буынның заманының қайырлы екендігіне куәлік етуі олардың мұрсалдарының ешбір шартсыз қабылдай беруге болатындығына кепілдік бермейді. Бұған Жассастың байламындағы «әділ емес әрі сенімсіз кісілерден риуаят еткендігі анықталмаған» болуы керек деген шартты қосу ықтияттық тұрғысынан қажет-ақ. Осы жерде айта кетуіміз керек, Иса ибн Әбанның көзқарасындағы жоғарыдағы нұқсандықты Жассастыкімен толықтырып барып, оны артық санағанша, бірден Жассас пен Сарахсидың көзқарасын таңдаған әлдеқайда орынды болмақ.

Жассас пен Сарахси бойынша «әділ емес әрі сенімсіз кісілерден риуаят еткендігі анықталмаған алғашқы үш буынның кез-келгенінің мұрсалдары қабылданады. Ал одан кейінгі ғасырлардағылардың ішіндегі тек әділ әрі сенімділерден ғана риуаят ететіндігі мәшһүр болған адамдардың ғана мұрсалдары қабылданады». Байқағанымыздай, Жассас пен Сарахси үш буынның мұрсалдарды қабылдауда да өзіндік нәзік шарт қосқан. Ол шарт бойынша, рауидың сенімсіз кісілерден риуаят еткендігі анықталмаса болды, кез-келген үш буын өкілінің мұрсалдары қабылдана береді. Сондай-ақ, Жассас пен Сарахси бойынша үш буыннан кейінгілердің мұрсалдары-

ның қабылдануы үшін Иса ибн Әбан айтқандай, олардың діннің аса білгір имамы болуы шарт емес. Себебі бұл мұрсалдың қабылдануын қиындата түсетін күрделі шарт. Бастысы, рауидің өзі әділ әрі сенімді болса және тек әділ хәм сенімді кісілерден ғана риуаят ететіндігімен танымал болған адам болса, болғаны. Осы тұрғыдан алғанда Жассас пен Сарахсидың мұрсалды қабылдаудағы шарттары тиімдірек. Жассастың айтуына қарағанда, бұл көзқарас Әбу Ханифаның да таңдауы. Ол былай дейді: «Менің байламым хәм ханафи ғалымдарының тоқтамы бойынша, табиғин және атбағут-табиғиндердің мұрсалдары қабылданады. Тек олардан күмәнді нәрсе анықталмаған болса болды. Міне бұл ұстаным Әбу Ханифаның да таңдауы...» [3, 39 б.].

Жалпы алғанда ханафилер мұрсалдың қабылдануы үшін мынандай екі басты шартты қосып отыр.

1. Хадисті мұрсал етіп жеткізушінің өзі сенімді (сиқа) кісі болуы керек.

2. Жеткізуші тек қана сенімді кісілерден мұрсал етіп жеткізуі тиіс [3, 39 б.].

Ханафилердің қосып отырған бұл шарттары мұрсал хадистерді қабылдап-қабылдамауға қатысты хадисшілердің ұстанымымен бірдей.

Өнер – көркем образдар жүйесі арқылы адамның дүниетанымын, ішкі сезімін, жан дүниесіндегі құбылыстарды бейнелейтін қоғамдық сана мен адам танымының формасы. Өнер өмірде болған оқиғаларды қаз-қалпында алмай, өзгертіп, түрлендіріп, көркем образдарды типтендіру арқылы сомдайтын эстетикалық құбылыс. Көркем шығарманың бел ортасында нақты бір тарихи жағдайда алынған жеке адам тағдыры, адамдардың қоғамдық қатынастары мен қызметтері тұрады. Олар суреткер қиялы арқылы өңделіп, көркем образдар түрінде беріледі. Шығармашылық адамның бейнесін сахнаға шығару – қазақ театрының қалыптасуынан бері келе жатқан құбылыс. Бұған «Бүгінде сахнадан өмір құбылысын жалаң оқиғалар мен қара дүрсін баяндаулар арқылы бере салмау, адамға айрықша әсер ететін, көркем образ арқылы бейнелеп беретін драмалық шығармаларды репертуарға таңдап кіргізу барлық театрлар үшін өткір мәселелердің қатарында қалып келе жатыр. Көрермендердің эстетикалық танымына әсер ететін театрдың күрделі процеске ойысуы әрқашан қоғам өмірінің белгілі бір кезеңіндегі ілгерілеу сатысына, даму қарқынына, әлеуметтік талап-тілегіне байланысты болады», – [1, 138 б.] деген театртанушы Б. Нұрпейістің пікірі дәлел.

М. Әуезов атындағы Мемлекеттік академиялық драма театрының сахнасында көптеген спектакльдер өнер адамының шығармашылығына арналып қойылып жүргенін көзі ашық, көкірегі ояу яғни театр өнерінен хабары бар жан біледі. Бұл орайда театр сахнасында қойылған Ә. Таразидің «Ақын... Періште...Махаббат», И. Сапарбайдың «Сыған серенадасы», Д. Исабековті «Актриса» спектакльдерін атап айтуға болады.

Исраил Сапарбайдың көрнекті композитор, Қазақстанның халық артисі, қазақ эстрадасының негізін қалаушы, халық «вальс королі» деп атаған Шәмші Қалдаяқов өмірінен сыр шертетін «Сыған серенадасы» мюзиклы 2000-жылдары қазақ көрермендерінің сүйіп тамашалайтын қойылымдардың біріне айналды. Спектакльде талант пен орта, өнер мен өмір арасындағы қайшылықтарды ашумен қатар әсерлі сезім мен әуезді музыкаға да кең орын берілген. *Әуен мен әсерге де толы бұл* қойылым режиссерлері Есмұхан Обаев пен Төлеубек Аралбай.

Оқудан шығып қалған Шәмші көше аралап жүріп бір топ сығандарға кездеседі. Осы сәт өте әсерлі. Сахнаның екі жағынан қаулаған, сұлу бойжеткендер, яғни сыған қыздары ашық та әдемі дауыстарымен сыңғырлай күліп шыққан сәтті айтып өтпеске болмас. Осы тобырдың арасында ерекше көзге түсетіні паң жүрісті, тәкәппар Изольда. Қыз жігітке болашағын болжап, сөйтіп жігіт жүрегін жаулап алады. Шәмші рөлін театрдың талантты актерлері Б. Тұрыс пен Е. Біләлов ойнайды. Б. Тұрыстың Шәмшісі ақылды, сезіміне адал, шын жүректі, ұстамды. Актердің өз рөліне толыса кірген сахнасы – Изольдаға ән айтқан кезі. Оның махаббаты сырлы жыр арқылы ғана шығады. Актер қойылымның мюзикл жанрын лирикалық өлендермен жеткізеді. Әуен сазын тебірене айтады. Сахнада екі қолын кең жайып тұрып жүргенде, ол сазды әндер жүрек жыры екені айдан анық білінеді. Шәмші – Б. Тұрыс әр сахнада өзгеріс үстінде болуға ұмтылады. Ол әр көріністі даралық қасиетімен жеткізеді, актер сымбатты қыздардың билегендеріне қуанады. Олардың кең етектегі көйлектерімен керіле жүргендеріне сүйсіне қарайды. Орындаушы жалғыз қалғанда, қара көлеңкелеу жарықта біраз ойланып отырады. Ол ішкі көңіліндегі тыныштықты ақырын шыққан даусымен білдірмек. Ал Сағыныш – Л. Қалдыбековамен кездесетін сахнасында жалындаған жастықтың ыстық лебі сезіледі. Сол таныстыққа себепші болған сахнадағы жанбырдың салқын тамшыларын аспанға қараған шаттық күлкісімен әсерлі жеткізді.

Б. Тұрыстың ойыны жөнінде театртанушы А. Еркебай: «Талантты актер Шәмшінің ішкі жан дүниесіне терең бойлап, әрбір сөзіне, қимыл-қозғалысына аса зор мән беріп, оның мінезін ашуға ұмтылған. Оның орындаушылық шеберлігін де өзіндік бояу, сахналық тыныс, көрермендердің қабылдауына әсер етерлік әншілік өнері Шәмшінің әнмен өнерге деген сүйіспеншілігін ашуға мол септігін тигізген. Б. Тұрыс композитордың жалын атқан жастық жігерін, сыған қызымен туған еліне деген махаббат жолындағы жүрек күресінің арпалыс сәттерін нанымды ойнайды. Актер өз кейіпкерін ерекше сипатқа бөлемейді, таборға келіп сығандармен беттесіп, Изольдамен жүздесетін сахнада кәдімгі қарапайымдылық, ақындық мінез, қазақ халқына тән сипаттанытады.», [2, 177 б.] – деп оң пікір білдіреді.

Шәмші рөлін келесі бір құрамда орындаған актер Е. Біләл кейіпкердің мінезін терең ұққан. Ол әсіресе жалғыз қалған сахнасында ана рухымен тілдесе білді. Апа бейнесіндегі – Ш. Меңдиярова

әншінің жан дүниесін толықтырып тұрды. Оның аналық жүзі Шәмші – Е. Біләлді шынайы тебіреніске бөледі. Сондағы актердің ойлы тұрысы, әуенге толы баяу сөздері табиғи шықты. Екі актер де анасына кең дүниенің қатыгез сәттерін еркін сырласу арқылы жеткізе білді. Актер жанында тұрған серіктестігін сезіне алады. Оны Изольдамен аяқ-астынан кездесетін сахнасынан көруге болады. Әншіге сыған қыздарының шұбырған жүрістері алғашында жат көрінді. Бірақ мұндай жүріске бойы үйренбегенімен, оның жүрегін шынайы ұғатын жандар сол тобырдың арасында бар екені анық. Актер өзіне берілген сахнада ұсынылған шартты жағдайға сәйкес, сезіммен, іс қимылымен әрекет етті. Екі актерде кейіпкердің жаны мен қанын өз бойына дарытып, сахналық бейне жасады деп толықтай айтуға болады.

Сахнада сұлулығымен, тәкәппарлығымен сәулесін шашқан күндей болып көзге түсетін сыған қызы Изольда. Изольда бейнесін театрдың үш белді актрисасы ойнайды. Назгүл Қарабалина өз кейіпкерінің сыртқы болмысын, жүріс-тұрысын, өзін сахнада ұстауын жақсы тапқан. Актриса бойында сыған қызына тән ұстамдылық, өжеттілік бар. Дей тұрғанмен оның ойын өрнегі бірқалыптыдай көрінді. Шәмшіге ғашық қыз, оны сүйеді дегенмен еркіндікті сүйгенінен артық көретін ару өз тобырымен басқа мемлекетке жол тартады. Осы кезде кейіпкерінің жан айғайын жеткізуде актрисаға шеберлік жетіспей жатқандай әсер қалды. Керісінше Ш. Жанысбековада ішкі психологиялық иірімдер басым болды ма, актриса өз кейіпкеріне қатты беріліп кетті ме – даусы бәсең болып көрерменге естілмей жатқан тұстары көптеп кездеседі. Актрисаның бір ерекшелігі – жарқыраған көздерімен көрермен есінде қалды. Көз адам жанының айнасы деп жатамыз, сол тұңғыш көздері кейіпкерін ашуда үлкен роль атқарды деуге болады. Соңғы кездері Изольда рөлін театрдың талантты актрисасы Д. Жүсіп ойнап жүр. Оның Изольдасы сұлу да нәзік жанды сыған қызы. Түр-тұлғасы келіскен актриса өз кейіпкерінің өмірбаянын жете зерттеп, кейіпкерінің өсу эволюциясын жақсы көрсете алды. Д. Жүсіпті сахнадан көріп отырып нағыз сыған қызын көргендей әсер алдық десек артық айтқандық емес. Сыған қызы Изольда да махаббаттың шоғын үрлеп, Шәмшінің ойын да, бойын да билеп алады.

Спектакльдегі негізгі тартыс Шәмші мен Изольда арасында өрбиді. Қазақтың қара домалақ баласы сүйгенін ауылға алып кетем деп әзілдеп айтса да шындығын айтып ағынан жарылады. Ал еркіндікті жанына серік еткен, даланың

ерке де сұлу қызы махаббатынан айрылғысы келмей, Шәмшіні өзімен тобырға алып кеткісі келетін сахна, нағыз тартыстың қайнап жатқан тұсы десек болады. Бүгінгі тарих, кешегі шынайы оқиға сығандар тобыры Шәмші Қалдаяқов өміріне өзінше әсер қалдырады. Ол осы ортада жүріп сыған қызы Изольдаға ғашық болды. Кейін аз ғана ғұмырына серік болған тобырға деген сағыныш пен қимастық өмірге жаңа әннің жол тартуына себепші болады. Әлбетте шынайы әсерсіз, шынайы тағдырсыз өміршең шығарманың дүниеге келуі де екіталай. Бұл қағида тұрғысынан қарағанда «Сыған серенадасы» – шынайы, мөлдір махаббаттың құрсағын жарып шыққан керемет дүние. Тартысқа толы шытырман оқиғаның ортасында сезімнің сергелдегіне түскен сазгер ең соңында тобырға еріп кете бермейді. Жаны ауырса да, ата-баба аманатын аттап кетпейтінін айтады. Бұл композитордың отанға деген сүйіспеншілігін, тағы бір ерекше қырын аша түседі.

Жас Шәмшінің жаңбырлы күні ақ жауын астында қалған ару Сағынышпен кездесуі әнші өміріне аса өзгеріс енгізбесе де драматург осы тұсты аша көрсеткен. Сағыныш роліндегі Г. Шыңғысова әдемі де биязы, ұяң нағыз қазақтың ибалы қызы. Өнерге ғашық, тұрмыс құрса да Шәмшінің әндерін жатқа айтып жүреді. Сағыныштың өнерге Шәмші әндеріне деген махаббаты сүйгені Абзал екеуінің арасына сызат түсіреді. Қызғаныш деген қызыл отқа дертті болған Абзал Сағыныштың арына тиетін сөздер айтып, ақыр соңы екеуінің арасындағы нәзік сезім үзіліп тынады. Абзал ролінде Б. Айтжанов көрерменді бірден баурап алады. Актердің аузынан шыққан әр сөз анық әрі нық. Бұл бүгінгі таңда әйеліне қараптан қарап қара күйе жағатын, өнерді түсінбейтін, өзімшіл жігіттердің типажы десек те болады. Ал Сағыныш – Шәмшінің өнерін шексіз сүйетін халықтың жиынтық бейнесі.

«Сыған серенадасы» бүгінде нағыз кассалық қойылымдардың бірі болып саналады. Режиссер де, актерлер де Шәмші бейнесін ашуға тырысқан. Бірақ осы спектакльдің актерлік ойындарында көрермен қабылдар біраз жетістіктер болғанымен, қойылымның ән айтатын жерлерінде фонограмманы қолдану тым артық болып кеткен. Осыған байланысты Б. Құндақбайұлы: «Ән мен би, өлең мен музыка кейбір спектакльдерге күштеп енгізіліп, кейде пьесаның драматургиялық ерекшелігі ескерілмей, көркемдік талғам, сахналық өлшем дегендер ұмыт қалып барады. Музыка спектакльдің бөлінбес бөлігі екендігі дау-

сыз. Бірақ оны орынсыз қолданып, штампқа айналдырудың қажеті жоқ», – [3, 87-88 бб.] деп айтып кеткендей олар өздерінің тірі дауыстарымен шырқар болса, қалың жұртшылыққа әлдеқайда жағымдырақ болар еді. Дегенме де, спектакльдің ғұмырының ұзақ болуын халықтың композиторға деген махаббаты деп білеміз.

Қара шаңырақ М. Әуезов театры сахнасында өнер адамдарының шығармашылығына арналған спектакльдер баршылық. Солардың тағы бірі Ә. Таразидің «Ақын...Періште...Махаббат...» пьесасы – Мұқағали Мақатаевтың өмірі жайлы оқшау ойларға негізделген. Періште көңілді ақын өмірдің мәні – махаббатты жырлап, артынан үлкен қазына тастап кетті. Сюжеттің арқауы болған негізгі оқиға желісі ақынның басындағы жеке өмірбаяндық драманы қоғам өмірімен ұштастыра отырып, шығармадағы көркем уақытты тұтастай дәуір келбеті деңгейінде бейнелейді. Сезімнің сан алуан пернелерін термелеп, көңіл әуенін, жан сарайындағы жалғыздықты жырға қосқан ақын, ел азаттығын аңсаған «бунтарь жігіт» – сюжеттік ыңғайда екеуі екі басқа адамдар болғанымен, идеялық-композициялық тұрғыда ақын тұлғасын екі қырынан танытуға ұмтылысты білдіретін өзіндік көркемдік шешім.

Спектакль басталғанда спектакльдің декорациясы бірден көзге түседі. Режиссер әр кейіпкерді бір рамаға салып қойғандай әсер қалдырады. Сахна төрінде Дүниенің тұтқасы мен оның періштесі отырса, бер жағында Қарасазов, яғни ақиық ақын Мұқағали, оған қарама қарсы оның досы Жанторсық, одан бермен медбике, одан кейін еден жуушы әйел. Ал сахнаның жоғарғы жағында музыкант жігіт орналасқан. Режиссердің ойы – олар әр топтың өкілдері.

Спектакль оқиғасы ауруханаға түскен Қарасазов төңірегінде өрбиді. Оған досы келіп кітабын шығарып беру үшін, Дүниенің тұтқасына баруды жөн деп санайтынын айтады. Осы сахнада Жанторсық дүниені тіреп тұрғандай өзіне сенімді болса, ал Дүниенің тұтқасының алдына барғанда қадір-қасиетінің жоқтығын көреміз. Осы кездесуде Қарасазов өзінің бұрынғы ессіз сүйген ғашығы Періштені кездестіреді. Екеуінің арасындағы әлі де суымаған сезім, көзбен де, сөзбен де көрініп тұрады. Спектакльде асау жігіт ақын да, періште де, Қарасазов та өледі.

Қазақ театры режиссура өнерінің өзінше дамып-қалыптасуында ерекше үлес қосып жүрген режиссерлер қатарынан Әубәкір Рахимовтың «Ақын...Періште...Махаббат...» спектаклінен өмірдің сан алуан шындығы мен жалғанын, дүниенің

кейбір қызығы мен қиындықтарын тіршілік иесінің басындағы әртүрлі құбылмалы сәттерді, жалпы, адам тағдырының небір мысалдарын сахнадан көре аламыз.

Бас кейіпкер Қарасазов ролінде Ерлан Біләл өзіне берілген рөлді жете түсініп, жақсы алып шықты. Оның іс-әрекеті, мимикасы, даусы, сөйлеу мәнері ешқандай талас тудырмайды. Өз кейіпкерінің психологиялық иірімдерін дөп басқанына нанасыз. Кейіпкерінің мына өмірдегі әділетсіздіктерден жеріген, өзгеге жалпақтауды білмейтін, тік жүріп, тік сөйлейтін, әділдікті жаны сүйетін ақын бейнесін Е. Біләлдің Қарасазовынан көрдік.

Періште роліндегі театрдың актрисасы Б. Қажынәбиеваның сыртқы келбетінде мін жоқ, пластикасы таза, қимылдары әсерлі де нақты. Тек, сахнаға шығу үшін сыртқы сұлулық аздық ететініне тағы да көзің жетеді. Актрге ішкі багаж керек. Актриса орындайтын рөлдерінде кейіпкерлерінің өсу процесіне қатты мән беруі керек-ақ. Осының барлығы Б. Қажынәбиеваның ойынында жетіспей жаттыр.

Жанторсық – М. Нұрәсілов жағымпаз кейіпкер бейнесін жақсы тапқан. Адамға қалай жағынарын білетін, жағымпаздыққа еті үйреніп кеткен жағымпаздың жағымпазы. Актёр әр кейіпкерге деген қарым-қатынасын жақсы ашады. Ақынға қалай сөйлеуді біледі, Дүниенің тұтқасына деген қатынасы нанымды әрі орынды.

Спектакльде еден жуушыны сомдаған Ғ. Байқошқарованың әр сөзі көременге анық жетеді. Актрисаның әр сөзге қойған акценті, сөзді ойната білуі өте шынайы. Сырттай қарағанда санасыз әйел секілді болғанымен, оның ішкі мұңын актриса психологиялық толғаныспен аша алды.

Мұндағы әр кейіпкер бүгінгі біздің замандасымыз, мұндасымыз деп білеміз. «Шығарманың көркемдік-идеялық мазмұнын, автордың бейнелеу ерекшелігін жете түсінуден туған нақты режиссерлік ой-тұжырымға сүйене отырып, автор өз трактовкасын ұсынады. Оның сахнадағы әрбір қимыл-қозғалысы, сөйлеу мәнері, төңірегіндегілермен қарым-қатынасы, яғни, сахналық бейне жасау жүйесі арқылы режиссер өз ой-тұжырымының бұрмаланбай, әрдайым ойдағыдай жүзеге асырылуын қадағалайды. Режиссер мен актердің кейіпкер бейнесін жасаудағы шығармашылық ынтымағының қызық та жауапты кезеңі осы арада», – [4, 61 б.] деп Б. Құндақбайұлы айтқандай бұл қойылымдағы режиссерлік ой-тұжырым актерлік ойынмен шебер астасып, автордың ойы дәлме-дәл көрсетілген.

Д. Исабековтің «Актриса» пьесасы еліміздің басындағы алмағайып заманның ақтандақ тұстарынан, өнер саласындағы адамдарымыздың басындағы күй-жайынан сыр шертеді. Шығарма тақырыбы тоқырау кезеңіндегі өнердің, өнер адамдарының тағдыры. Өнерді, өнерліні бағаламау қазір де кездеседі. Сондай-ақ, саф өнерді екінші орынға қойып, ақша еркінде жүргендерде аз емес. Аталмыш пьеса Н. Жұманиязовтың режиссурасымен сахналанған болатын.

Д. Исабековтің «Алтын тордағы тоты» туындысында Айгүл Асанова есімді актрисаның өмірбаяны сахнада баяндалады. Ұлттық сахнада қойылып жүрген отандық, шетелдік драматургтердің үздік пьесаларында басты рөлдерді сомдап жүрген атақты актриса өз ғұмырының асулары мен белестерін көрерменге әңгімелейді. Айгүл театр мен жеке өмір арасындағы қайшылықтарын, осыған байланысты отбасылық тұрмысындағы ауыртпашылықтарын бүкпелсіз баяндайды. Спектакль хақында журналист Г. Бектасова: «Сұлу, атақты, басты рөлдердің бәрін иемденсе де, бірақ актриса бақытсыз. Оның бақытсыз болуының сыры да сол, өз елінде өнерінің бағаланбауы. Жалғыз оның емес, драма театр артистерінің бағасын ала алмауы. Күннен күнге қысқан нарық заңы да олардың бағасын төмендетіп барады. Сұлулық бар, дарынды, бірақ, түбіне келгенде оларда ақшаға тәуелді. Атағын қайтсін, ақшасы болмаса. Театрсыз, рөлсіз, артистің өмірі өмір ме? Ал өмірбойы байланып десе, отбасы бар. Аяқ астынан ауырған баланың халі анау» – [5] деп жазған болатын. Шынайы талантпен қоса, мол ізденісті талап ететін азапты шығармашылық еңбек жайлы сыр шерткенде актрисаның өнерді шын сүйетіндігі паш етіледі. Театр үшін кей кездері адам ретінде отбасылық бақытыңнан бас тартуға тура келетінін өкінішпен мойындайды. Актрисаның көрерменмен сыр бөлісуі монолог арасындағы жекелеген көріністермен толықтырылып, дәйектеліп отырылады. Бірде ол жан жары Ерленмен ортада болған махаббат пен қызғаныш драмасын еске алып, осыған себеп болған репетиция эпизодын режиссер Саматпен бірге ойнап шығады. Ал бір бизнесменнің (кезінде өзіне ғашық болған) өзін ақшаға сатып алмақшы болып, намысын күйдіретін эпизод рухани және материалдық құндылықтардың бүгінгі қоғамдағы ара салмағы туралы терең ойларға бастайды.

Шымылдық ашылған сәттен бірден спектакль басталып қыза түседі. Бұл кезде шын өмірдегі сахнада репетиция кезіндегі болатын

оқиғаларды көрермен назарына ұсынған. Спектакльдің барлық оқиғаларының ұйытқысы, ортақ дінгегі іспеттес болып тұрған бас кейіпкер Айгүлді Д. Темірсұлтанова өз деңгейінде сомдап, нағыз қазақтың ұлтжанды актрисасының бейнесін көрсетті. Бір басына сан қасірет түссе де, «Мен қазақ сахнасында соңғы көрерменге қазақ тілінде ойын көрсетем» – деген кезде актриса өз-өзімен сырласқандай күйде болады. Ал Қ. Тілеуованың Айгүлі бүкіл ғұмырын театрға арнаған. Актрисаның қойылым кезіндегі осындай толғаныс сәттері, кейіпкер бейнесінің монологтарының мағынасын терең ашып айқындата түскен.

Спектакльде коммерсанттың рөлін актер Б. Тұрыс орындайды. Ол дәулетті, билікті азамат, ол үшін бәрі сатылады да, сатып алынады да.

Осындай кейіпкерлердің бірі, А. Сейтметов сомдаған Самат бейнесінің өзіндік орны бар. Пьесада ол толығымен сипатталады. Актер өз кейіпкерін жете меңгерген. Оның мінезін, қимылын, кейбір шыдамы таусылған режиссерлердің қол астындағы артистерге дөрекілік көрсетуімен қатар өз кейіпкерін рухсыз етіп бейнеледі. Шетелге бармақшы болып армандаған сәтінде оның көздері бал-бұл жанып, алыстағы асқар тауына жақындағандай күй кешеді.

Қорыта келгенде, режиссер Н. Жұманиязовтың «Актриса» қойылымында өнер адамының жанкешті шығармашылығын барынша ашып көрсетті. Осындай заман даусымен үн

қатқан көркем дүниелер өзінің бары мен жоғын байқатып, дәреже-деңгейін білдіріп, ұлттық театр өнерімен бірге жасасып келеді. Замандас пен уақыт, уақыт пен театр көкжиегі біте қайнасып тірлік кешкенмен, бүгінгі репертуар көркем дүниелермен қатар ізденістің салғырттығынан кейбір жетіспеушілігі басым сахналық дүниелерге орын беруде. Көрнекті ғалым Б. Құндақбайұлының: «Қазіргі көрермен қауым зерделі, ой-өрісі терең, мәдени талғамы жоғары, рухани ойы жан-жақты адамдар. Оны жеңіл-желпі ортаңқол спектакльдерге келтіре алмайсың. Оған өз заманының ірі проблемаларын көтеретін, ой салатын, байсалды да маңызды нағыз кәсіби көркем дәрежеде жасалған спектакль керек. Сырты жылтырақ, бояма немесе пьеса шеңберінен аспайтын шалажансар спектакльдер, өзінің замандасына айтар сөзі, толғантар ойы жоқ, тек қана эмоцияға құрылған актерлік орындаулар қазір ешкімді қызықтырмайды», – [3, 88 б.] деген сөздерінен бүгінгі көрерменнің өзгергенін байқауға болады. Ал жоғарыда талданған қойылымдар талай жылдан бері театр репертуарынан түспегені көрерменнің талғамынан шығып, олардың жүрегінде өз орнын тапқанын дәлелдейді. Ал шығармашылық адамы туралы спектакльдер көптеп қойылса, көрермендер сол адамдарды сахнадан көріп, өнер жолының ауыр және өнер адамының тағдырының көптеген қиындықтардан тұратынын көреді және аты тарихта қалған тұлғаларымыз театр сахнасында неге өз бейнесін таппасқа.

#### Әдебиеттер

- 1 Нұрпейіс Б. Қазақтың Жастар мен балалар театры. Алматы: «Алматы баспа үйі» ЖШС, 2006. – 190 б.
- 2 Еркебай А. Табордан табылған талант // Керуен. – №1 (01). – 2005.
- 3 Құндақбайұлы Б. Театрда туған толғаныстар. – Алматы: Өнер, 2006. – 320 б.
- 4 Құндақбаев Б. Уақыт және театр. – Алматы: Өнер, 1981. – 328 б.
- 5 Бектасова Г. Актриса // Түркістан. – 2006, 2-қараша.

#### References

- 1 Nurpejis B. Kazaktyn Zhastar men balalar teatry. Almaty: «Almaty baspa uii» ZhShS, 2006. – 190 b.
- 2 Erkebai A. Tabordan tabylgan talant // Keruen. – №1 (01). – 2005.
- 3 Kundakbaiuly B. Teatrd tугan tolganystar. – Almaty: Oner, 2006. – 320 b.
- 4 Kundakbaev B. Uakyt zhane teatr. – Almaty: Oner, 1981. – 328 b.
- 5 Bektasova G. Aktrisa // Turkistan – 2006, 2-karasha.

Aljanova N., Myong Soon-ok

**Cultural features of cities  
communication along the great  
silk road in the territory Of  
Kazakhstan**

This article discusses cultural features of the Great Silk Road communication and the formation of cities in Kazakhstan and neighbouring regions. In particular, the paper focuses on the city of Otrar, a communication space that was described by chroniclers as being “about one day’s journey in all directions”. Otrar was the birth place of philosopher and scientist Al Farabi, also known as the ‘second teacher’ after Aristotle. Al Farabi’s works can be said to tend a bridge between Eastern and Western philosophical and political systems, connecting also a wide range of disciplines. The paper also discusses the project “Revival of the Great Silk Road” which provides an opportunity for Kazakhstan to implement the advantages of its geographical position, aiming at the building of modern infrastructures, the modernization of existing cultural sites along the Silk Road.

**Key words:** Al Farabi, Cities, Communication, Farab/Otrar, Great Silk Road, Kazakhstan, Nomad and Urban cultures.

Альджанова Н., Мионг Сунок

**Қазақстан аумағындағы  
Ұлы Жібек жолы қалалары  
коммуникациясының мәдени  
ерекшеліктері**

Бұл мақалада Ұлы Жібек жолы коммуникациясының мәдени ерекшеліктері, Қазақстан және көрші өңірлер қалаларының қалыптасуы айқындалады. Сонымен қатар мақала жылнамашылардың «барлық бағыттағы бір күндік жол» деп атаған Отырар қаласына, коммуникациялық кеңістікке назар аударылады. Отырар – Аристотельден кейінгі «екінші ұстаз» ретінде танымал философ және ғалым әл-Фарабидің туған қаласы. Әл-Фараби еңбектері Батыс және Шығыс философиялық және саяси жүйелер арасында көпір қызметін, сондай-ақ пәндердің кең ауқымын байланыстырды. Сонымен бірге мақалада «Ұлы Жібек жолының жаңғыруы» атты жоба қарастырылады, бұл жоба қазіргі инфрақұрылымды салуға, Жібек жолы бойында орналасқан мәдениет объектілерін модернизациялауға бағытталған Қазақстанның географиялық орналасуының артықшылықтарын жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

**Түйін сөздер:** әл-Фараби, қалалар, коммуникация, Фараб/Отырар, Ұлы Жібек жолы, Қазақстан, көшпенді және урбанистік мәдениет.

Альджанова Н., Мионг Сунок

**Культурные особенности  
коммуникации городов  
Великого Шелкового пути на  
территории Казахстана**

Данная статья раскрывает культурные особенности коммуникации Великого Шелкового пути и формирование городов Казахстана и соседних регионов. В частности, статья фокусируется на городе Оtrar, коммуникационное пространство которого было описано летописцами как «об одном дне пути во всех направлениях». Оtrar является родным городом философа и ученого аль-Фараби, также известного как «второй учитель» после Аристотеля. Работы аль-Фараби, как правило, служили мостом между Восточной и Западной философских и политических систем, соединяя также широкий спектр дисциплин. Статья также исследует проект «Возрождение Великого Шелкового пути», который дает возможность Казахстану реализовать преимущества своего географического положения, направленные на построение современной инфраструктуры, модернизации существующих объектов культуры, расположенных вдоль Шелкового пути.

**Ключевые слова:** аль-Фараби, города, коммуникация, Фараб/Отрар, Великий Шелковый путь, Казахстан, кочевая и урбанистическая культура.

**CULTURAL  
FEATURES OF CITIES  
COMMUNICATION  
ALONG THE GREAT  
SILK ROAD IN THE  
TERRITORY OF  
KAZAKHSTAN****The Great Silk Road in Kazakhstan**

The Great Silk Road served as a single transcontinental bridge between Europe and Asia for many centuries. It connected peoples, communities and cultures from the Mediterranean Sea to the Pacific Ocean, linking territories as well as artistic and spiritual cultures for the first time in the mankind history. The Great Silk Road facilitated the exchange of material assets and trade, as well as the development of crafts, the establishment of new settlements, and the interaction of entire cultural systems. Today, the area continues to play an important role in various industries and communication.

The Great Silk Road contributed to give identity to many of the territories through which it passed. In the case of this paper, the development of the Republic of Kazakhstan retains particular features that can be traced back to those ancient commercial routes and ways of life. The cities along the route retain their status as monuments of ancient civilizations, bearing an important historical and cultural weight, significant for the genetic memory of the Kazakh people. The area that today occupies the Republic of Kazakhstan was both the scene of constant struggles for the possession of territories, and a point of contact between very diverse communities.

It would be unfair to reduce the importance of the Great Silk Road in the history of world civilization solely to the silk trade, when its impact was much wider and varied. Trade caravans and diplomatic embassies travelled along the Road, carrying not just Eastern and Western goods, but also cultural and spiritual values. Temples and houses of worship are among the first monuments that contemporary travellers can still find in sites such as Kashgar, Taraz, or Samarkand when they visit today [1: 55].

The Silk Road not only makes available a variety of ancient sites and cities for today's visitors. Throughout several historical periods, it facilitated contacts between different peoples, and allowed these cultures to penetrate each other. The Silk Road also served as an inexhaustible channel for various kinds of innovations, enabling a great number of achievements in terms of material cultural and spiritual heritage. Indeed, the Silk Road is the historical proof of more than 2000-yearsof contacts between the East and the West. It also testifies to the possibility of creating of world house of culture

as well as a commitment to tolerance and cultural diversity.

The first exchanges along the Great Silk Road date from the second half of the 2<sup>nd</sup>-century BCE, as evidenced in Chinese and Greco-Roman sources. However, cultural, spiritual, political and economic ties had already started in the Neolithic period and in the early agricultural civilizations of the Bronze Age. The Silk Road emerged as a system of caravan routes of various lengths. Caravans were able to travel an average of 23-26 kilometres every day. The intercontinental route conformed some ten thousand kilometres, the continental several thousand, and the local routes only a few. There were also smaller paths, mountain trails, hunting grounds and farming pastures. These routes maintained at times a busy transit, serving as an essential strategic road, strengthened by powerful fortifications in a number of nodal points.

Contacts along the Great Silk Road gave rise to unique towns and city-states, comprising important architectural pieces and monuments, and functioning as stop-over locations for the travelling caravan groups. The internal structure of these cities clearly reflects the traditional socio-economic system of the settlements and historic centres, promoted along the network of routes. Their layout offers clues to the functions and purpose of the ancient buildings located within the urban centres, whose features were shared across distinct civilizations, from Europe to China, and from the Maghreb to the Indian subcontinent [1:55]. These sites also provide evidence of the multivalent structures of human communication and knowledge transfer across time and space.

In the Republic of Kazakhstan, great efforts are invested in the restoration and protection of these sites. These efforts are the result of cooperation among countries in the region, with the support of the world community, as acknowledged by the president of the republic N. Nazarbayev in his message to the nation "Kazakhstan-2030" [10]. The restoration of the Great Silk Road and its ancient landmarks serves Kazakhstan to rehabilitate its identity prior to years of Soviet rule. It also helps to familiarize the population with the original life style of Kazakh nomadic civilizations and the origins of architectural sites and cities, dictated by practical needs. Thus, the restoration of these sites carries information about the cultures of the original Turkic tribes that inhabited the territory, ensure the continuity of Kazakh heritage and its important contribution to the world's heritage as well.

Cities, like people, have their past and present. Not knowing their past, it is difficult to understand their current state and future development. For this reason, it is important to bring to public awareness the cultural characteristics of great number of ancient and medieval cities on the territory of Kazakhstan, as this can contribute to give an idea of Kazakh culture today.

Many ancient and medieval cities of Kazakhstan disappeared from the earth as a result of wars or natural disasters. Those that remained, preserved the foundations of their economic activity, special political and legal status and topographic signs, some of which can be traced back to this day.

### **The cities along the Great Silk Road in Kazakhstan**

Kazakhstan territory in Central Asia was crossed by many of the various caravan routes and paths that formed part of the network of the Great Silk Road. Interaction among cultures took the form of large-scale trading operations, diplomatic agreements and military alliances, but also of cultural exchanges which included two important ground-breaking events: the spread of alphabetic writing, and almost alongside it, the expansion of some of the world's three most important monotheist religions which emerged from the biblical texts, Judaism, Christianity and Islam.

Although the impact of settled civilizations and urban landscapes was decisive, the role of non-sedentary cultures and nomadic societies cannot be underestimated. In general, nomads, among them especially the Turkic tribes, Indo-Iranian (or proto-Indo-Europeans) and the Arabs developed many products, techniques and ideas still used in everyday life by the global community. Scholars such as Lev Gumilev have indicated the importance of the achievements of Turks and Mongols and their cultural legacy. For example, "male clothes, especially trousers and pants, were invented by ancient nomads. The zipper first appeared between 200 and 400 years ago in Central Asia. The first two-wheeled wooden cart evolved from the original older larger cart and, later, became the tent which allowed nomads to travel through forests and mountains." [2: 39]. Similarly, Karl Baipakov has pointed out the relation between ancient nomad communities and the early forms of urbanism that emerged along the Great Silk Road in the 6<sup>th</sup>-century. Indeed, the development of the Kazakhstani sections of the Silk Road took, at this time, two main directions: Syrdarya and Tian Shan.

The first route, Syrdarya, began in China and moved through Eastern Turkestan (Kashgar), the Zhetisu (Seven Rivers), and along the banks of the Syrdarya (called first the Jaxartes, and later the Seyhun) into the Aral Sea region, from where it led to the Middle East and Byzantium. The Syrdarya River served here as the main link between East and West, and major trading centres were Zhetisu and various cities in today's southern Kazakhstan. The Tian Shan route determined the movement from East Turkestan through the Zhetisu (Seven Rivers) along the foothills of the Jungar, Ile Alatau, Kyrgyz, and the Talas Ridge to Tashkent, and then through Samarkand, Bukhara, Merv, Asia Minor and Byzantium. In these areas, there were cities such as Taraz, Kulan, Aspara, Almatu, Talhir, Kayalyk, Usbaniket, Otrar, Turkestan, Sauran, Syganak, Yangikent, Saraishyk, SuyabBalasagun, Gazgird, Navaket and Shavgar. In different historical periods, depending on the political situation, the route shifted its direction from the Syrdarya to Tian Shan or in reverse [3: 5].

Karl Baipakov highlights three major areas of urban culture in the territory: South Kazakhstan, South-Western Zhetisu (Talas and Chu valleys) and the North-Eastern Zhetisu (Ile valley). Each of these areas had a peculiar and rich urban culture. Important results of the research work performed on these sites has involved the localization, identification and chronology of almost all the ancient settlements in South Kazakhstan and Zhetisu. Baipakov points out that this may have been facilitated by the fact that many cities have maintained their names until the early modern period. These cities are clearly linked to the trade routes along The Great Silk Road [3: 38]. For instance, the Kaunchin, Otrar-Karatau and Zhhetisar cultures on the Syrdarya River bank in south Kazakhstan date from the last century BCE, with many more urban centres emerging in the Middle Ages. Excavations and written evidence suggest that there were highly developed settled agricultural traditions in the Southern Kazakhstan. In addition, the dissemination of the Sogdian culture may have occurred as a result of their settlement on the Silk Road along the Syrdarya, as evidenced by the names of Sogdian cities such as Farab and Shavgar. Sogdian standards did not overshadow the previous local traditions, being included alongside as component of what now could be interpreted as South Kazakhstan urban culture.

### **The Cultural Importance of the Cities along the Great Silk Road: the City of Farab/Otrar**

Farab was the Persian name for a city irrigated by the river, and birthplace of the great philosopher

and scientist Abu Nasra ibn Mohammed, also known as Al Farabi. Otrar was a major trading centre on the Silk Road, the birthplace of world-renowned thinker Al-Farabi. This is the spiritual cradle, which had the largest library in the world history. The ancient settlement of Otrar was one of the biggest and the most developed cities in the territory of Kazakhstan in period of the 11<sup>th</sup>-17<sup>th</sup> centuries. The Otrar oasis is located in present Otrar district of South-Kazakhstan region in 10 kilometers to the west of the railway station of Timur nearby with the present village of Talapty in 57 kilometers to the south of the city of Turkestan not far from influx of the river of Arys into Syr Daria river. The settlement is a remain of the ancient city of Otrar also known as Farab, center of medieval trade. Besides Otrar is the territory or such cities as Kuiruktoba, Kok-Mardan, Altynrobe and Mardan-Kuik also adjoin to the oasis territory [6: 184].

In the Middle Ages Otrar was the commercial and religious capital of great Otrar oasis, spread over 2500 square kilometers large fertile valley at the confluence of the Arys and the Syrdarya rivers. Otrar attracted the attention with enviable position at the crossroads of ancient caravan routes. It was one of the richest and developed for those times towns on the stretch of the Silk Road in Central Asia. Otrar is mentioned in the travel accounts of almost all Arab and Persian authors ever visited this region. It is known that the Otrar oasis included more than 150 small towns, fortresses, castles and fortified settlements, connected by a chain of caravanserais of the Silk Road. At the time of its heyday there a quarter of a million people lived about in Otrar. The city had a large madrasah, market, workshop – smithy, gurt khan is a place where drank wine, bath, mosque, shops. At the end of the XIII century during the Mongol invasion the town was destroyed. But its ruins still elevate as a giant hill over the steppe. Cleared streets and the ruins of houses by archaeologists appear for the tourists as witness the once-teeming city. On this land there were built over a hundred small settlements with traces of military fortifications.

Excavations of Otrar prove about prosperity of the city in the 9<sup>th</sup>-11<sup>th</sup> centuries. There were collected rich collections of glass wares – pieces of water-bottles, cups, wineglasses, flacons. There are many jewelry including beads made of andradite and carnelian, glass, rings, bronze bracelets. A treasure containing jewelry, bracelets, rings and coins were found in 1974. All coins were silver. They are of various types, monetary courts and periods. During the excavation of late Middle Ages Otrar there were

collected many ceramics, metal wares, coins and jewelry, stone wares. Glazed and unglazed ceramics are also various. There are many jugs, plates, dishes covered with transparent, blue and green enamel. There is notable decline of the quality of glazes and inscriptions between the ceramics of the 16<sup>th</sup> and first half of 17<sup>th</sup> centuries and the ceramics of the 17<sup>th</sup>-18<sup>th</sup> centuries [6: 281].

The first explorations of Otrar were conducted by members of Turkestan section of amateur archeologists A.K.Klare and A.A.Cherkassov in 1904. They excavated a range of trench in hope to find remains of palaces and monuments. But they were disappointed as they found only pieces of ceramics and glass. Further explorations were continued in the end of the 40s of the 20<sup>th</sup> century under the auspices of professor A.N.Bernshtam. The Otrar archeological expedition was organized in 1969, in 1971 it was renamed as Southern Kazakhstan archeological expedition of KazSSR. The main object of their exploration was Otrar-tobe. Since 1991 Baipakov K.M. led the excavations in Otrar. The new project under the auspices of UNESCO, Kazakhstan and Japan Target Fund “Conservation and preservation of the ancient city of Otrar” started in 2001. The key goals of the project: formation of documents base and conservative measures. Implementation of the project allowed museumification of the range of memorials: the Friday mosque in the 16<sup>th</sup> century, a city block of the 16<sup>th</sup> century, a building of the 11<sup>th</sup>-12<sup>th</sup> centuries, walls, central gates and the gates “Darvaza-i sufi”, stratigraphical pit, bath-house of the 14<sup>th</sup> century [7].

Abu Nasr Muhammad al-Farabi, one the earliest Islamic intellectuals who were instrumental in transmitting the doctrines of Plato and Aristotle to the Muslim world, had a considerable influence on the later Islamic philosophers such as Avicenna. He was an outstanding linguist who translated the Greek works on Aristotle and Plato and made considerable additions to them of his own. He earned the nickname Mallim-e-Sani, which is translated as “second master” or “second teacher”. Farabi contributed considerably to science, philosophy, logic, sociology, medicine, mathematics and music, but the major ones are in philosophy, logic and sociology and for which he stands out as an encyclopedist.

Al-Farabi, left us a beautiful testimony of intercultural communication and cultural interaction. He wrote: “We have an opportunity, to liaise with all peoples, whose physical properties, food and life-style is quite normal... In our day Arab state covers all civilized countries, except those countries that can be considered purely Greek or Roman, as well

as those countries that located in the neighbourhood of the latter. Anyway, these nations are our neighbours, and we can study their customs and habits. Many Greeks and Rumi [the Byzantines] emigrate and settle in the Arab state and tell us much about their countries” [8: 159].

As a reflection and reaction to this situation we can consider the Al-Farabi thoughts on the ways of argumentation in the environment of contending and disputing theologians cited in his famous “*Treatise on the views of the residents of the virtuous city*”. In the same vein, we can interpret the socially significant differences in the means of attainment the truth of the *residents* of the virtuous city who are subject to not only from one’s natural abilities, but also on cultural and social conditions of society. The Al-Farabi works bear pronounced imprint of polemicist and lively discussion of various points of view and author’s positions. The aphoristic nature and conciseness, synthesis and generalization, and rationality permeated with the light of spirituality – the distinctive features of his works and the nature of philosophical creation. His philosophical thoughts, revelations left a significant trace in the history of world philosophy and demonstrated the historical experience of the different cultures and civilizations ideas synthesis. They showed an example of the mutually beneficial dialogue implementation between different philosophical systems. Al-Farabi philosophy represents the historical prototype of the modern intercultural dialogue and the model has historically performed the dialogue of East and West cultures.

The approval that al-Farabi’s philosophy has implemented a specific type of philosophical communication and dialogue, was recorded in the names-definitions left to us by history: “the Second Teacher”, “the commentator of Aristotle”. Al-Farabi considers the dialogue not only as an art of understanding the truth and the method of its location, which makes its position close to the search for ancient Greek philosophy. But he deepens this thought significantly. This is manifested in the Al-Farabi philosophy in a new understanding of dialogue as deep human existence foundation, which is imbued with the light of God, inspired by His love and mercy. Eternal student of God and his creation – man enters into a continuing dialogue with the Creator, with the one who changes the man and directs him to the heights of perfection [8: 174].

Al-Farabi’s discussion about the problem of an *ideal generous society* (“*al-madina al-fadila*”), which is governed by connoisseur, is very important. Firstly, formulating the basis of an ideal society that

is governed by equitable leader has been the dream in every age, secondly, generous society adapts common human space. It is connected with every century, any expectation of people. The language and religion, culture and civilization of the generous city never go under the doubt. There is a common sign of generous citizens – longing to the improvement in the way of achieving common goals. Supporting each other according to the “favour” norms in the way of reaching the happiness – is the position of a good city. The things we can notice from al-Farabi’s ideas on society and state-city are: *firstly*, he thought that it is possible to form generous city; *secondly*, he believed in this would be done through people’s re-upbringing. He showed the main place of human in this way. The inborn wise, talented person is able to correct people via governing power. For this leader needs governing art. Leader’s governing art is constituted from mastering twelve terms.

The Al-Farabi philosophy shows to modern world that the basis of intercultural dialogue is deeply humanistic principles. The thinker gives priority to spiritual values and shows respect for the positions and views of other people, guided by only a single goal – delivering the highest truth. His philosophical worldview expresses the culture of harmony and tolerance that does not mean conformism and the lack of a principled position on significant problems of social and personal development. Based on humanistic principles, the dialogue should encourage person to understanding and mutual respect [9: 351]. The humanistic the ideas that were laid out in the heritage of Abu Nasr Al-Farabi, should become an integral part of modern humanism not only in the development of our civil society of Kazakhstan, as well as in modern world civilization community.

### **The Revival of the Great Silk Road**

The Silk Road is not just an economic project for Kazakhstan. The civilizations and cultures that emerged in these territories are of importance in order to see common heritage of the Eurasian continent and the connections between the Atlantic and the Pacific Rims.

Four of the seven thousand kilometres of the ancient Great Silk Road passed across the territory of Kazakhstan. Russia, Uzbekistan, Kyrgyzstan, Iran and Turkey also participate in the project “Revival of the Great Silk Road”. The United Nations first suggested and promoted the implementation of the Great Silk Road revival in its 1993 General Assembly, contemplating it as important channel of

the international cooperation in diplomacy, culture, science, trade, tourism. In 1988, the project “Integral study of the Silk Roads: Roads of Dialogue” was adopted by UNESCO, scheduling an extensive and detailed study of the history of this ancient route in relation to the formation and development of cultural relations between East and West, and the improvement of connections between the nations of the Eurasian continent [4]. Cultural communication, transport and tourism became the most important components in the project.

Hundreds of cultural, art and science figures of the participant countries in the project “Revival of the Great Silk Road” gathered at the international forum “Eurasian culture in the new world” in Astana. In one of his interviews, Evgeny Nikitinsky, chairman of the Industry and Tourism Committee, explained that one of the outcomes of the project would be to unite these territories within a uniform tourist highway so that visitors are not faced with obstacles such as single entry visas required to travel to five of the countries that conform the ancient Silk Road, Kazakhstan, Kyrgyzstan, Uzbekistan, Tajikistan, and Turkmenistan. Unfortunately this is still in the process of discussion.

More positive outcomes of the project have been the creation of an International Tourist centre, “New Ile”, on the coast of the Kapshagai reservoir, the ethnographic complex YUKO, a historical and cultural museum as well as archaeological monuments in the Otrar district in south Kazakhstan, pilgrim villages in Turkestan, a free economic zone at the International Tourist centre of “Burabai”, the city of the new Millennium or “Aktau city”, as well as another tourist centre, that of “Kenderli” on the Caspian sea coast [5].

Experts believe that the development of an economic belt along the Silk Road will give additional impetus to the growth of Kazakhstani economy. The idea and concept of this project was first presented by the President of China, Xi Jinping, during his official visit to Kazakhstan in 2013. The Chinese leader emphasized that the main focus would be the intensive construction of the road network, the elimination of trade barriers and the establishment of measures for economic cooperation between the countries of the region.

The construction of the international corridor “Western Europe – Western China” has already made great contribution to the project of “The Silk Road revival”. As a country located between Europe and Asia, Kazakhstan, could become a major transport hub on the Eurasian continent. The route, with some 8.5 thousand kilometres, covers

almost three thousands of kilometres of the territory of Kazakhstan. A new highway has been designed to improve transport links between Europe and Western China. Indeed, the future transport arteries of this revived Silk Road will connect regions with a combined population of three billion people, conforming the largest market in the world. This will provide great opportunities for the Kazakhstani economy.

This program for an economic belt development along the Great Silk Road is based on the concept of collaboration and the strengthening of international relations among the countries of the region in terms of politics, economy, trade and monetary circulation, communications and transport, as well as culture. Thus, the Silk Road Belt will significantly expand international cooperation in the Eurasian region.

Simultaneously, this program coincides with the work in the area of strengthening of Kazakhstani cultural identity within the so-called “One Hundred steps” program, which involves the implementation of a stronger tourist industry in Kazakhstan by the year 2020, and the creation of various regional cultural and touristic clusters such as “Astana – heart of Eurasia”, “Almaty – free cultural zone of Kazakhstan”, “The unity of nature and nomadic culture”, “the pearl of Altai”, “Revival of the Great Silk Road”, or “The Caspian gates”. The aim of the project is to allow Kazakh citizens as well as foreign tourists to learn more about cultural and religious diversity of the country, a diversity that became possible because the Great Silk Road was penetrated by many different cultures and religions, including the three great monotheistic religions as well as Buddhism, Zoroastrianism, Manichaeism, and others.

Currently, Kazakhstan has all the conditions for attracting foreign and domestic investment in the development of its tourist industry, either through public-private partnership or by the support and promotion of private initiatives. A comprehensive discussion of these issues took place at the 5th International meeting of the World Tourism Organization UNWTO held in October 2010 in Samarkand (Uzbekistan). Focusing on The Great Silk Road, the meeting brought together representatives from twenty-five countries. Here, the “Action plan on implementation of the Great Silk Road international project for 2010-2011” was adopted as the basis for further development of tourism along the ancient historic route. Recommendations were enforced on joint participation and the cooperation of all Silk Road countries to strengthen the brand “Silk Road” and its pool of resources, as well

as the elimination of political barriers, and the simplification of visa and border formalities between the member countries of the project, all of which are being developed. According to the adopted Action plan in the framework of the international tourism exhibition World Travel Market WTM 2010 in London, a “Media Market Silk Road” panel was held, which was attended by Kazakhstan and the countries of Central Asia, Europe, the Middle East, as well as leading foreign tour operators. These are just a few examples to show that the Great Silk Road is possibly the best-known brands in the region, and that the planning and controlled development of touristic resources along the route are important for the preservation and restoration of the world cultural heritage of the countries on the ancient historic highway.

Significant obstacles to closer economic cooperation in the Central Asian region were pointed out and still remain today: first of all visa problems. Unfortunately, there is no consensus on the issue of mutual recognition of tourist visas for nationals of third countries to this day. Thus, for the successful promotion of the Silk Road project it has been considered important:

1) To implement the recommendations of the Astana Declaration on the Silk Road adopted at the XVIII General Assembly of the WTO;

2) To consider the proposal of introducing a single tourist visa “Silk Road” by national tourist administrations working closely with city officials. Kazakhstan has acted, and will continue to act as a mediator for the implementation of this proposal of visiting tours along the Silk Road preferably with a single tourist visa for up to 3 months, a visa recognized by the visited member countries;

3) To establish uniform standards of service on all types of transport and accommodation for the participant countries on the “Silk Road” project;

4) To consider the creation of a unified tourist product for the countries of the Great silk road;

5) To develop the potential attractiveness of the Silk Road, which includes: the restoration of cultural sites and historical monuments on the ancient caravan route; the development of arts and crafts with the aim of preserving the rich cultural heritage of the Silk Road countries; the implementation and promotion of joint strategies, programs and marketing for the successful promotion of the project; the creation of a touristic image in the Central Asian region involved in the development of cultural tourism of the Great Silk Road.

The successful implementation of this transcontinental project of the United Nations,

UNWTO and UNESCO on the sustainable development of tourism on the ancient, historic route of the Great Silk Road will also encourage intercultural dialogue. In this way, the cities along the Silk Road can become real networks for human exchanges of various kinds, just as it used to be in ancient times.

### Conclusion

In summary, this article has considered the importance of settlements and cities along the Great Silk Road as an ancient route connecting the Atlantic and Pacific Rims. It has also looked at the transnational project that, with the involvement of international institutions and various countries, seeks to revive the Silk Road for the promotion of tourism. However, despite the obvious economic importance of this project, its development will also cover other important objective such as the recovery and preservation of ancient cultural heritage, and the raising of awareness towards all kinds of exchanges, not just trade, that took place along the route, all of which contributed to intercultural communication in the past, and will continue to do so in the future.

In the particular case of the Republic of Kazakhstan, the project will help reveal the ancient roots of the Kazakh people art and spirituality, and contribute to give further visibility to the territory and its mediating mission among various cultures in Central Asia. Thus, the project draws attention to the distinctive history and culture of the Kazakh people and their recognized hospitality, associated not just with their nomad background but with the establishment of certain settlements along the Great Silk Road. Kazakhstan has always a promoter of peace and rapprochement among peoples, helping foster respect, tolerance and understanding based on humanitarian values, and Kazakh people see themselves as contributing to the recovery of these ancient routes, as promoters of cooperation, including economic investment, but also as political artificers of closer links between China, Russia, and Europe and from there with the other side of the Atlantic. In particular, through the initiative of the “Revival of the Great Silk Road” project, Kazakhstan seeks to enhance intercultural and interreligious dialogue among the countries and communities involved in the project, all of which have territories along the Great Silk Road, and the world at large.

### Литература

- 1 Насыров, Р. Р. По древним торговым путям. – Алматы : Балауса, 1998. - 78 с.
- 2 Гумилев Л.Н. Киял патшалығын іздеу. – Алматы: Балауса, 1992. – 448 б.
- 3 Байпаков К.М. Средневековая городская культура Южного Казахстана и Семиречья (VI -начало XII в.). – А: Наука, 1986. – 256 с.
- 4 Федерико М. Интегральное изучение Шелкового пути: пути к диалогу. <http://unesdoc.unesco.org/images/0015/001591/159189E.pdf>
- 5 Бондал К. Шелковый туризм. [http://online.zakon.kz / Document/?doc\\_id=30206089](http://online.zakon.kz / Document/?doc_id=30206089)
- 6 Байпаков, К. М. Древние города Казахстана. – Алматы: Аруна Lid, 2005. – 316 с.
- 7 ЮНЕСКО / Японский трастовый фонд по сохранению и реставрации древнего городища Отрар, Казахстан // Kazakhstan. [http://www.unesco.kz/otrar/otrar\\_house](http://www.unesco.kz/otrar/otrar_house).
- 8 Нысанбаев А.Н. Глобализация и проблемы межкультурного диалога: в 2 т. – Алматы: Ин-т философии и политологии МОН РК, 2004. – 274 с.
- 9 Нысанбаев А.Н. Философия взаимопонимания – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2001, 544 с.
- 10 Назарбаев Н.А. Стратегия «Казахстан-2030». <http://prokuror.gov.kz /eng/state/acts-president/strategy-kazakhstan-2030>.

### References

- 1 Nasyrov, Rakip. Po torgovymputyam [Along ancient trade routes]. Almaty: Balausa, 1998.
- 2 Gumilev, Lev. Kiyalpatshalygynizdeu [Search Kingdom of dreams]. Almaty: Balausa, 1992.
- 3 Baipakov, Karl. Srednevekovaya gorodskaya kul'tura Yuzhnogo Kazakhstanana I Semirechiya (VI – nachalo XII v.) [Medieval urban culture of South Kazakhstan and Semirechie (VI – Beginning of XII century) ]. Almaty: Nauka, 1986.
- 4 Mayor, Federico. “Integral study of the Silk Roads: Roads of Dialogue.” <http://unesdoc.unesco.org/images/0015/001591/159189E.pdf>
- 5 Bondal, Kseniya. “Shelkovyturizm” [Silk tourism]. [http://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=30206089](http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30206089)
- 6 Baipakov, Karl. Drevnie goroda Kazakstana [Ancient cities of Kazakhstan]. Almaty: Aruna Lid, 2005.
- 7 Unesco/japan trust fund preservation and restoration of otrar tobe, Kazakhstan. [http://www.unesco.kz/otrar/otrar\\_house](http://www.unesco.kz/otrar/otrar_house).
- 8 Nysanbaev, Abdumalik. Globalizatsiya I problem mezhkul'turnogo dialoga [Globalization and problems of intercultural dialogue]. Almaty: Institute for Philosophy, Political Science and Religion Studies, 2004.
- 9 Nysanbaev, Abdumalik. Filosofiya vzaimoponimaniya [The philosophy of understanding]. Almaty: Kazakh Encyclopedia, 2001.
- 10 Nazarbayev, Nursultan. “The Strategy “Kazakhstan 2030”. <http://prokuror.gov.kz/eng/state/acts-president/strategy-kazakhstan-2030>.

Әкімханов А.Б.  
**Әбу Мансур әл-Матуридидің  
таным теориясы (назарият  
әл-ма'рифә)**

Мақалада имам Әбу Мансур әл Матуридидің «таным» теориясы баяндалады. Имам Матуриди өз ілімін «таным» теориясына негіздеген ең алғашқы мұсылман теолог. Бізге жеткен классикалық діни еңбектер арасында кіріспесінде «таным» мәселесі тілге етіліп, танымның субъектілері мен объектілеріне толыққанды сипаттама беріліп, талдау жасалған ең көне теологиялық еңбек – Матуридидің «Китаб әт-таухид» атты еңбегі деуге толық негіз бар. Матуриди танымға негізделген діни және ахлақи жүйе қалыптастыруды мақсат тұтқандықтан «таным» мәселесіне ерекше көңіл бөлген. Өйткені оның пайымдауынша, нағыз берік дін – соқыр сенім мен құр еліктеушілікке емес, білім мен дәйекті дәлелге сүйенген дін.

**Түйін сөздер:** Таным теориясы/эпистемология, таным қайнаркөздері, сезім мүшелері/('иан/хауасс), «ақыл»/(назар/истидләл), «хабар», «мутауатир хабар», «ахад хабар».

Akimkhanov A.B.  
**Theory of Abu Mansur  
al-Maturidi's epistemology  
(nazariat al-ma'rifa)**

The article describes theory of Abu Mansur al-Maturidi's epistemology. Imam Maturidi is the first Muslim theologian to base his knowledge on the epistemology. That is why we have a ground to state that Maturid's «Kitab at-Tauhid» among the classical Islamic books we have today is an ancient theological book which describes the epistemology, its subjects and objects in detail. Maturidi paid a special attention to epistemology as he aimed to create the religious and moral system based on the epistemology. In his opinion the real religiosity is not imitation, it is based on knowledge and facts.

**Key words:** epistemology, source of epistemology, sense organs/('ian/hauass), human brain/(nazar/istidlal), «information»/(khabar), «mutauatir khabar», «ahad khabar».

Акимханов А.Б.  
**Теория познания  
Абу Мансура аль-Матуриди  
(назарият аль-ма'рифә)**

В статье говорится о теории познания имама Абу Мансура аль-Матуриди. Имам Матуриди первый мусульманский теолог, обосновавший своё учение на эпистемологию. Именно по этой причине у нас есть полное обоснование утверждать, что книга имама Матуриди «Китаб атТаухид» – древнейший теологический труд, во введении которого описывается теория познания, подробно рассматриваются субъекты и объекты познания. Матуриди уделял особое внимание «познанию», поскольку стремился создать религиозную и морально-нравственную систему на основе познания. Он считал, что настоящая религиозность – это не слепое подражание, а основанное на знаниях и доказательствах.

**Ключевые слова:** теория познания/эпистемология, источники познания, органы чувств/('иан/хауасс), разум/(назар/истидләл), «информация»/(хабар), «хабар мутауатир», «хабар ахад».

**ӘБУ МАНСУР  
ӘЛ-МАТУРИДИДІҢ  
ТАНЫМ ТЕОРИЯСЫ  
(НАЗАРИЯТ  
ӘЛ-МА'РИФА)**

**Исламдағы танымның орны**

«Ғылым», «білім» және «таным» сынды асқақ ұғымдардың Ислам дініндегі алар орны ерекше екені белгілі. Ислам дінінің ең басты қайнаркөзі Құранда ғылым-білімге қатысты сөздер мен аяттар өте көп кездеседі. Әрине, бұл кездейсоқтық емес. Құранның ең алғашқы әрі негізгі тәпсірі саналатын Пайғамбар сүннетінен де аталмыш ұғымдардың ерекше мәнге ие екенін көреміз. Сондай-ақ, өткен тарихымызға зер салсақ, Ислам дінінің және мәдениетінің өзіндік сипатта қалыптасып, одан әрі шарықтап дамуына ерекше ықпал еткен ең басты құндылықтардың бірі ғылым-білім болғанына анық көз жеткіземіз. Сондықтан да адамзат тарихынан ойып тұрып орын алған Ислам өркениеті мен мәдениетінің ең басты қозғаушы күші ғылым-білім еді десек артық айтқан болмаймыз. Өйткені Ислам дініндегі «сенім», «таухид», «амал» және «ғибадат» сынды ең негізгі ұғымдар мен принциптердің түп негізінде «ғылым-білім» және «таным» жатады.

Міне сол себепті, көптеген мұсылман ойшылдары дінді «таным» және «мойынсұнушылық» (та'ат) деп есептеп, алғашқысын негізгі, кейінгісін тармақ мәселе ретінде қарастырған. Яғни, танымға қатысты мәселелерді діннің негізі (усул), ал мойынсұнушылыққа қатысты мәселелерді діннің тармағы (фуру') ретінде қабылдаған. Әсілі, діннің негізі (усул) дегенде, Исламдағы сенім негіздері ойға оралары сөзсіз. Олай болса, діннің негізі (усул) – «ақыл» және таныммен тығыз байланысты болып, «кәләм» ілімінің және дін философиясының басты тақырыбы саналады. Ал діндегі тармақ мәселелерге (фуру') келсек, олар «амал» және «ижтихад» мәселесіне қатысты болып, Ислам құқығының аясына кіреді [1, 23-24 бб.].

Әсілі «таным» сөзінің тілдік мағынасы дүниені, өмірді танып-білу қабілеттілігі дегенді білдіреді [2, 693 б.]. Ал «таным» сөзінің діндегі терминдік мағынасына келсек, ол адам баласының болмысты, өзін, өмірді және сол арқылы Жаратушыны танып-білуі дегенді білдіреді. Міне, сондықтан да «таным» сөзі мен «білім», «ілім» және «ғылым» сөздері арасында тығыз байланыс бар.

### Матуриди іліміндегі танымның мәні және орны

Матуридидің ең басты екі еңбегі «Китаб әт-таухид» пен «Китаб әт-тәуиләттағы» танымға қатысты ой-тұжырымдарына зер салсақ, оның пікірінше таным ең алдымен «қадим» (кейіннен пайда болмаған, әуел бастан бар болған таным) және «хадис» (белгілі бір күштің ықпалымен кейіннен пайда болған таным) болып екіге бөлінеді. Яғни, «қадим» таным дегенде Аллаға, ал «хадис» таным дегенде, тіршілік иелеріне тән таным меңзеледі [11, 434, 435, 436 бб.]. Матуридидің таным жүйесінде «хадис» таным «қадим» танымға, яғни Алланың шексіз іліміне сүйенеді. Әсілі, «хадис» таным жан-жануарларға және адамзатқа тән таным болып екіге бөлінеді. Жан-жануарларға тән таным негізінен сезім мүшелеріне және ішкі түйсікке сүйенетіндіктен, сезім мүшелеріне сүйенетіні «міндетті» таным, ал ішкі түйсікке сүйенетіні «табиғи» таным деп аталады. Адам танымы да «міндетті» және «кәсби» (тумысынан болмаған, ерік-жігер және қалау арқылы қол жеткізілетін таным) болып екіге бөлінеді. Біріншісі, адамның тумысынан болатын таным, ал екіншісі адамның тумысынан болмайтын, өз ерік-жігері және қалауымен қол жеткізетін танымы. «Кәсби» таным да, «тарихи» және «истидләли» (ақылға жүгініп, ой жүгірту арқылы қол жеткізілетін таным) болып екіге бөлінеді. Яғни, таным субъектілерінің бірі болған «хабарға» негізделген таным «тарихи», ал ақыл-ойға негізделген таным «истидләли» деп аталады.

Матуридидің пікірі бойынша, дінді үйрену әрі дұрыс түсіну үшін болжалға негізделген немесе біреуге еліктеу арқылы алынған жалаң білімге сүйенбей, бұлтартпас ақли дәлелдерге негізделген дұрыс ілімге және сенімді малұматтарға қол жеткізу шарт [3, 3-4 бб.]. Міне, сондықтан да Матуриди ілімінде «таным» мәселесінің алар орны алабөтен.

Әсілі имам Матуриди дін ғалымы болса да, тек діни таныммен ғана шектелмей жалпы танымға да ерекше мән берген ғұлама. Ол еңбектерінде діни танымды жалпы танымнан бөліп-жармай екеуін бір бүтіннің екі бөлшегі ретінде бірге қарастырған. Мысалға, ол өзінің «Китаб әт-таухид» атты еңбегінің кіріспесінде алдымен дінді дәйекті дәлелдерге, соның ішінде «ақыл» мен «хабарға» (сәм'), яғни сенімді мағлұматқа сүйене отырып меңгеру керектігі мәселесіне [3, 3-7 бб.] және жалпы танымға тоқталып, танымның себептерін, яғни адам баласын дінді дұрыс меңгеруге және ақиқатқа жеткізетін жолдарды,

сондай-ақ жаратылыстың ақиқат екені және сол ақиқатқа ақыл арқылы көз жеткізу мүмкін екенін тілге тиек еткен [3, 11-17 бб.].

Сонымен қатар, Матуриди танымның қайнаркөздерін түсіндіру барысында «жәдәл» («жәдәл» сөзі араб тілінде пікір немесе сөз таластыру деген мағынаға саяды, ал кәләм іліміндегі «жәдәл» әдісі – қарсыластың пікірін дәйекті делелдермен теріске шығару дегенді білдіреді) әдісіне жүгініп, аталмыш қайнаркөздерді түгелдей немесе бір бөлігін жоққа шығарушылардың пікірлерін терістейді. Ол бірінші кезекте «сезімдерді» ('иан) «таным» қайнаркөзі ретінде мойындамайтындарды сынға алады. Содан кейін «сезімдерді» мойындап, «хабарды» мойындамайтындарға жауап қайтарып, соңында «сезімдер» мен «хабарды» мойындаса да, «ақылды» (назар/истидләл) «таным» қайнаркөзі ретінде мойындамайтындарға дәйекті де, тұшымды жауап қайтарады [3, 18-21 бб.]. Өйткені оның пікірінше, ғайып әлемін және Алланы танып-білудің уахидан бөлек бірден-бір жолы сезім мүшелері мен ақылдың объектісі болған жаратылысқа және жалпы болмысқа зер салу және ондағы нәрселердің ақиқатын пайымдау екені анық. Яғни, жаратылыс – ғайыпты танып-білудің ең негізгі жолы және оның хақ екеніндігінің айқын дәлелі [3, 47-49 бб.].

Ал керісінше, жалпы болмыстың және ондағы нәрселердің ақиқаты мен ақиқаттығы дәйекті дәлелдермен анықталмай, құр киял ретінде қабылданған жағдайда, дін институтының сүйенетін негізі болмайды. Міне, сол себепті, имам Матуриди және одан кейінгі «матуриди» хәм «әшғари» мазхабының маңдайалды өкілдері өз еңбектерін болмыстың әрі ондағы барлық нәрсенің ақиқат екенін дәлелдейтін таным теориясымен сондай-ақ, софистер секілді күмәншіл топтардың пікірлерін ақылға негізделген бұлтартпас дәлелдермен теріске шығарумен бастаған [1, 25-26 б.].

Әсілі, таным теориясының немесе эпистемологияның негізі ежелгі Грек философтары және діни мәтіндерді талдап, түсінуде бәрінен бұрын ақылды басшылыққа алатын мұғтазилиттер тарапынан қаланғаны белгілі. Осыған орай, мұсылмандар арасынан ең алғаш таным теориясын және танымның қайнаркөздерін талдап қараған және ақыл мен нақылдың арақатынасын пайымдауға тырысқан мұғтазилиттер деуге толық негіз бар. Мұғтазилиттердің пайымдауынша, танымның ең негізгі қайнаркөзі ақыл болып табылады. Яғни, ақылмен Алланы, болмысты және жақсылық пен жамандық атаулыны тануға болады. Олардың пікірінше, адамдар пайғамбар жіберілмеген

күннің өзінде де ақылға жүгіну арқылы аталмыш ақиқаттарды танып-білуге міндетті, ал ақылын қолданбаған адам жауапқа тартылады [17, 59 б.]. Міне, осыған қарап, олардың қаншалықты рационалист болғанын көруге болады. Дегенмен, алғашқы мұғтазилиттердің таным мәселесіне қатысты ой-тұжырымдары мен діни мәтіндерді талдауда қолданған ғылыми әдістерін баяндайтын мұғтазилиттік көне еңбектер мен трактаттар бізге жетпеген. Сондықтан да имам Матуридиді өз ілімін «таным» теориясына негіздеген ең алғашқы мұсылман теолог деуге болады. Ол Әбу Ханифаның сенім (ақида) мәселелеріне қатысты концепциялары мен ғылыми тұжырымдарын эпистемологиялық тұрғыдан негіздеп, оның ілімін одан әрі жүйелі түрде дамытқан ғалым. Міне, сондықтан да бізге жеткен классикалық діни еңбектер арасында кіріспесінде «таным» теориясы тілге тиек етілген ең көне трактат – Матуридидің «Китаб әт-таухид» атты еңбегі деуге толық негіз бар. Осыған байланысты, J. Schacht өзінің еңбегінде былай деп жазған: «Матуриди Китаб әт-таухид атты еңбегін таным теориясымен бастайды. Оның бұл еңбегі аталмыш мәселені баяндаумен басталатын Ислам теологиясының ең көне трактаты болып табылады» [4, 41 б.].

Аталмыш еңбектің алғашқы бес бетінде «діни танымның жолдары», ал келесі он бетінде «жалпы танымның жолдары» баяндалған. Сондай-ақ еңбекте «таным» мәселесіне тікелей қатысы бар тақырыптар, мысалға, «болмыстың жоқтан жаратылуы және Жаратушысының бар екендігі», «Жаратушының жалғыздығы мәселесі», «болмыстың ғайыпқа дәлел болуы», «ақылға салып, ой жүгірту жолымен мағлұмат алу мәселесін қорғау», «софистердің пікірлері және оларды теріске шығару» және «пайғамбарлықты дәлелдеу хәм оған деген мұқтаждық» сынды тақырыптар және әртүрлі тақырыптардың ішінде кездесетін жалпы танымға қатысты маңызды мәліметтер мен дәлелдер де баршылық.

### **Матуриди іліміндегі танымның қайнар көздері**

Имам Матуриди «Китаб әт Таухид» атты еңбегінде «таным» теориясына тоқталғанда алдымен таным қайнаркөздерін жеке-жеке талдап, түсіндірген. Оның пікірінше адам танымының қайнаркөздері мыналар:

1. «Сезімдер» (‘ийан/хауасс);
2. «Хабарлар» (ахбар);
3. «Ақыл» немесе «ой жүгірту» (назар/истид-ләл) [3, 11-17 бб.].

Адам баласы бір нәрсені танып-білу үшін міндетті түрде аталмыш қайнаркөздерге жүгінеді.

Матуридидің пікірінше, аталмыш қайнаркөздердің әрқайсысының өзіне тиесілі таным алаңы немесе таным объектісі бар. Бұл олардың біреуі берген мәліметті екіншісі бере алмайды және бір-бірінің міндетін атқарып, бірінің орнын бірі толық баса алмайды деген сөз [7, 29 б.]. Мысалға, біз физикалық әлемді танып-білу үшін сезім мүшелеріне мұқтажбыз. Ал жаратылыстың мәні мен «ғайып» әлеміне қатысты мәселелерді білу үшін пайғамбарлар арқылы жететін иләһи «хабарға» зәруміз. Сондай-ақ болмыстағы нәрселердің ақиқатын біліп, мәнін түйсіну, өз болмысымызды түйсіну үшін, хәм де иләһи «хабарды» дұрыс пайымдап, дұрыс талдай білу үшін ақылға жүгінуімізге тура келеді.

Матуриди таным субъектілерін олардың таным объектілеріне қарай бір-бірінен бөліп қарастырса да, олардың арасында тығыз байланыс бар екенін жоққа шығармайды. Өйткені кейде кейбір нәрселерді танып-білуде екі немесе үш бірдей таным қайнаркөзіне жүгіну керек болады. Осыған орай, Матуриди кейбір мәселелерде ақылды ғана негізге алса, енді бір мәселеде ақылмен қатар, хабарды да негізге алады. Кейде тіпті, таным қайнаркөздерінің үшеуін бірдей негізге алады. Бұл әрине, таным объектісінің ерекшелігіне байланысты болмақ [1, 59 б.].

Таным субъектілерінен әсіресе, «хабар» мен сезім мүшелерінің арасында тығыз байланыс бар екені анық. Яғни, адам баласы «хабар» жолымен мәлімет алу үшін сезім мүшелеріне жүгінеді. Матуриди де мұны жоққа шығармайды [3, 13 б.]. Ендеше, Матуридидің «хабарды» сезім мүшелерінен бөлек қарастырып, таным қайнаркөздерінің бірі ретінде қабылдауының басты себебі, «иләһи хабарды», яғни уахи мен пайғамбар «хабарын» өз алдына бөлек «таным» қайнар көзі ретінде қабылдауды мақсат етуі деп түсіну керек. Өйткені Ислам теологтары пайғамбардан «мутауатир» жолмен жеткен «уахи» және пайғамбар «хабарын» ең сенімді мағлұмат ретінде қабылдайды. Матуридидің еңбегінде де «мутауатир хабар» пайғамбардан жеткен сенімді мағлұмат болып табылады. Дегенмен, Матуриди «хабарды» «жалпы хабар» және «пайғамбар хабары» (хабару-р-расул) деп екіге бөліп қарастырған. Яғни, таным қайнаркөздерінің бірі ретінде қабылданған «хабар» – пайғамбарлар арқылы жеткен хабар және өзге адамдардан жететін хабар болып екіге бөлінеді [3, 13 б.].

Енді жоғарыда тілге тиек етілген «таным» қайнаркөздеріне жеке-жеке тоқталып өтейік.

### «Сезімдер»/('иан/хауасс)

Имам Матуриди «таным» қайнаркөзі ретінде сезімдерді тілге тиек еткенде оларға қатысты екі бірдей терминдік атау қолданған. Олар – «'иан» және «хауасс» [3, 12 б.]. Бұл екеуінен әсіресе, «'иан» сөзі Матуридидің «Китаб әт-таухид» және «Тәуиләт әл-Қуран» атты еңбектерінде жиі кездеседі. Әсілі, «'иан» сөзінің тілдік мағынасы көзбен көру дегенді білдіреді. Алайда бұл сөз аталмыш еңбектерде көзбен көруге қоса, өзге сезімдерді де толық қамтиды деуге болады. Яғни, сезім мүшелерінің ішіндегі ең маңыздысы көз болғандықтан араб тіліндегі «тағлиб» ережесіне сай өзге сезімдер осы бір ғана «'иан» сөзімен аталған. Ал «хауасс» сөзіне келсек, бұл термин адам бойындағы негізгі бес сезімді қамтиды. Бұл сөздің орнына кейде «хис» сөзі де қолданылады. Жоғарыда айтылғандай Матуриди өз еңбектерінде сезімдер жайлы сөз қозғағанда «хауасс» сөзінен гөрі «'иан» сөзін көбірек қолданған. Себебі, кейінгі терминнің аясы алғашқы терминге қарағанда кеңірек. «Хауасс» сөзі бес сезімді ғана қамтыса, «'иан» сөзі сыртқы әлемге қатысты бес сезімге қоса, адамның ішкі әлеміне қарайтын алтыншы сезім сезік пен түйсікті хәм де жан-жануарлардың сыртқы сезімі мен ішкі түйсігін де қамтиды [1, 76-77 бб. 3, 18-19 бб.].

Әсілі, Матуриди ілімінде «'иан» сөзі ерекше мәнге ие. Себебі, ол адам баласын сыртқы әлеммен байланыстыратын негізгі сезімдері мен ішкі сезімдерін де қамтитын таным қайнаркөзі. Дегенмен, тарихта алдымен күмәншіл софистер сондай-ақ суманиттер және брахманиттер сынды бірқатар діни топтар сезімдердің қателесу ықтималы, сезім мүшелерінің сырқаттануы немесе кеміс болуы сынды бірқатар себептерді алға тартып, сезімдерді таным қайнаркөзі ретінде қабылдамаған [3, 232-238 бб.].

Негізі, б.э. дейінгі V ғасырдан бастап софистерден бастау алған жалпы күмәншілдік «таным» теориясының пайда болуына және жалпы таным мәселесінде сезімдер мен ақылдың маңызды рөл атқаратындығын дәлелдеу шараларының бастау алуына түрткі болды. Эпистемологияның негізін қалаған Платон да өз тұжырымдарын сезімдер мен ақыл адамға дұрыс мәлімет бере ала ма, жоқ, бере алмай ма деген сауалмен бастайды.

Матуриди өзінің «таным» теориясында алдымен таным қайнаркөздерін қарастырып, олардың ақиқаттығын дәлелдеуге тырысқан. Дәлелдеу барысында негізінен «жәдәл» әдісін яғни, ақли дәлелдер негізінде өз пікірін қуаттап, қарсыластарының пікірлерін теріске шығарған.

Мысалға, Матуридидің пікірінше, кейбір сезім мүшелерінің сырқаттануы немесе кемістігі оларды мүлдем мансұқ қылуға негіз бола алмайды. Өйткені сезім мүшелерінде кемістігі бар адамдар да ләззатқа және рақатқа бөлейтін нәрселерге ұмтылып, өздеріне азап шектіретін және зиян келтіретін нәрселерден іргелерін аулақ салуға тырысады. Сондай-ақ егер сезімдерді жоққа шығаратын адам оларды шынымен сезінбегендіктен жоққа шығарған болса, онда оның тіршілігі ұзаққа бармас еді [3, 18-19 бб.].

Сонымен қатар, Матуриди сезімдердің таным қайнаркөзі екенін дәлелдеу үшін Құранға да жүгінген. Мысалға ол, «Нахыл» сүресінің 78 аятында «Алла сендерді аналарыңның құрсағынан түк білмейтін күйде шығарды» делінгеннен кейін, аяттың соңында «сендерге есту қабілетін, көздерді және жүрек (яғни, ақыл мен рухани сезімдерді) нәсіп етті» дегенге баса назар аударып былай деген: «Бұл аяттағы «есту», «көру» және «жүрек» (ақыл мен рухани сезімдерді) жаратылыстың мәні мен ақиқатын танып-білудің себептері/құралдары. Кімде-кімге бір нәрсені танып-білудің себептері берілсе, оған сол нәрсені танып-білу нәсіп болады» [8, VI 544, 545 бб.].

Матуридидің пікірінше, адамға болмысты және ондағы нәрселердің ақиқаты мен қыр-сырын танып-білуі үшін берілген сезімдер қажетті мәлімет пен ілім алу жолдарының ең маңыздысы [3, 12 б.]. Өйткені адам баласы өміріндегі ең алғашқы мәліметтерді сезім мүшелері арқылы алатыны белгілі. Осыған орай, қазақтың бас ақыны әрі ойшылы Абай Құнанбайұлы отыз сегізінші қара сөзінде: «Әуелі адамның адамдығы – ақыл, ғылым деген нәрселерменен болады. Мұның табылмақтығына себеп – әуелі хауасс сәлим хәм тән саулығы», – деп, [9, 149 б.] адамның адамдығы ақыл және ғылыммен өлшенетіндігіне баса назар аударып, оған жеткізетін себептердің ең әуелгісі дені сау сезім мүшелері екенін айтқан.

### «Хабар»

Матуридидің «таным» теориясындағы «таным» қайнаркөздерінің екіншісі «хабар» (яғни, мағлұмат). Негізі «хабар» сөзінің араб тіліндегі анықтамасы – рас та, жалған да болуы мүмкін сөз [10, 378 б.]. Осыған орай Матуриди де «хабар» сөзіне: «Жаңсақ немесе жалған болуы мүмкін сөз» деп анықтама берген. Матуридидің «таным» теориясында «хабар» шыққан түп негізіне қарай екіге бөлінеді. Біріншісі – қайнаркөзі Алла болған, бізге пайғамбарлар және олардан естіген өзге адамдар арқылы жеткен хабарлар.

Хабардың бұл түрі Алладан пайғамбарларға берілгенде «уахи», ал пайғамбарлардан бізге жеткенде «пайғамбар хабары» (хабару-р-расул) деп аталады. Ал екіншісі – қайнаркөзі адамдар болған және бізге әртүрлі жолдармен жететін «жалпы хабарлар» [3, 13 бб.]. Сонымен қатар, хабарлар бізге жету жолдарына қарай «мутауатир» хабар және «ахад» хабар деп, екіге бөлінеді [3, 14-15 бб.].

#### **а. «Уахи» немесе пайғамбар хабары**

Матуриди уахиді растығында мысқалдай шүбә болмаған, ең сенімді таным қайнаркөзі деп қабылдаған. Яғни, оның пікірінше, уахиға сүйенген хабарлар есте жалған болмайды. Сол себепті, Матуриди «уахи» немесе пайғамбар хабарын «хабару-с-садық» яғни, рас хабар деп атап, аталмыш хабарлардың шыншылдығы дәлелденген пайғамбарлар арқылы жеткен, өзге хабарлармен салыстырғанда растығы айдан анық сенімді мағлұматтар екенін айтқан [11, XI 184 б.]. Себебі, пайғамбарлардың шыншылдығын растайтын айдан анық бұлтартпас дәлелдер, яғни мұғжизалар бар [3, 14 б.].

#### **ә. Жалпы хабарлар**

Қайнаркөзі адамдар болған хабардың бұл түрі адамның аты-жөні мен шыққан тегінен бастап, өзге жаратылыстардың атаулары, әр алуан азық түрлері, барып көрмеген алыс елдер, тілдер, медицина, дәрі-дәрмектер, ашылған жаңалықтар, өнер салалары, адамға пайдалы немесе зиянды нәрселер, адам ақылы жетпейтін жақсылық пен жамандық, соғыстар жайлы [3, 282 бб.], сондай-ақ тарих, география, мәдениеттану, жаратылыстану, саясаттану, тіл білімі сынды басқа да түрлі білім салалары бойынша жан-жақты мәлімет беретін жалпы хабарлар [12, 42 б.].

#### **«Мутауатир хабар»**

Имам Матуриди «мутауатир» хабарға/хадиске қатысты өзінен бұрынғы ғалымдардан және хадисшілерден өзгеше анықтама берген. Одан бұрынғы ғалымдар «мутауатир» хабарға негізінен: бәрі бір ауыздан келісіп, өтірік айтуы мүмкін болмаған бір топ адамның Пайғамбардан жеткізген хабарлары деп анықтама берсе, Матуриди «мутауатир» хабарға: «қателесуі немесе өтірік айтуы мүмкін болған адамдардың бізге Пайғамбардан жеткізген хабарлары» деп, анықтама берген. Өйткені олардың пайғамбарлар сынды өздерінің шыншыл екендіктерін және күнәдан ада, пәк екендіктерін дәлелдейтін қандай

да бір айғағы жоқ. Егер олар жеткізген хабардың жалған болуы мүмкін емес болса, онда ол тура пайғамбар хабарындай болады [3, 14 б.].

Дегенмен, Матуридидің пікірінше, қателесуінің, яки күнә істеуінің мүмкін еместігін растайтын айғағы болмаса да, бір-бірімен үздіксіз жалғасқан есте өтірік айтпаған сенімді «рауилер»/хабаршылар арқылы Пайғамбардан жеткен «хабарлар» – «мутауатир» хабар болып табылады және ондай хабарлар растығында шүбә жоқ сенімді «хабар» ретінде қабылданады [3, 14 б.].

#### **«Ахад хабар»**

Матуридидің пікірінше, «ахад» хабар/хадис – сенімділігі және рақым пайғамбарынан жетуі мәселесінде «мутауатир» хадистердің деңгейіне жете қоймаған және бұлтартпас дәлел ретінде қабылданбайтын хабарлар. «Ахад» хабарлармен амал етуге де, тәрк етуге де болады. Ол үшін оны жеткізген «рауилердің» қаншалықты сенімді екенін анықтау, мәтіннің мазмұнына зер салу және сенімділігіне көз жеткізілген басқа мәтіндермен салыстырып, оларға қайшы келіп-келмейтіндігін анықтау шарт. Қалай болған күнде де, мұндай хабарлардың растығында бәрібір күмән болады [3, 15 б.]. Міне, сондықтан да көптеген кәләм ғалымдарының пікірінше, «ахад» хабарлар жүз пайыз сенімді бола алмайды және сенімге қатысты мәселелерде бұлтартпас дәлел ретінде қолданылмайды.

Имам Матуриди «хабар» жайлы сөз қозғанда хабардың түрлері және бізге дейін жету жолдарын баяндаумен қатар, оның «таным» қайнаркөздерінің бірі екенін дәлелдеуге тырысқан. Өйткені хабарды «таным» қайнаркөздерінің бірі ретінде қабылдамайтын топтар бар. Мысалға, софистерден бастап, суманиттер және брахманиттер сынды кейбір топтар сезімдерге (‘иан) қоса, хабарды да «таным» қайнаркөзі ретінде қабылдамайды. Олар хабарлардың кейде рас, кейде жалған болып шығатындығын, ондай нәрсенің әркез күмәнді болатындығын және күмәнді нәрсенің «таным» қайнаркөзі бола алмайтындығын алға тартқан [1, 87 б.].

Сол себепті, Матуриди сезімдер (‘иан) мәселесіндегідей, мұнда да «жәдел» әдісіне жүгініп, хабардың да «таным» қайнаркөздерінің бірі екенін дәлелдеуге тырысқан. Матуридидің пікірінше, жалпы хабарларды жоққа шығарушы, сезімдерді (‘иан) жоққа шығарушымен бірдей. Өйткені ол өзінің жоққа шығаруын да жоққа шығарып, өз сөзіне өзі қайшы келген болады. Неге десеңіз, оның сезімдерді немесе жалпы

хабарларды жоққа шығаруының өзі «хабар» болып табылады [3, 13 б.]. Яғни, ол өзінің ұстанымы жайлы хабар беріп тұр. Имам Матуриди ондай адаммен пікір таластырудың керек еместігін, ал егер онымен міндетті түрде сөйлесу керек болса, оған қандай да бір сұрақ қоюдың жеткілікті болатынын айтқан. Ол өзіне қойылған сұраққа қалай болса да жауап берері даусыз. Міне, сонда ол қаласа да, қаламаса да хабарды мойындаған болады. Өйткені ол сұраққа жауап беру арқылы өз ойынан хабар беріп тұр. Сондай-ақ Матуридидің пікірінше, сезімдерді ('иан) қабылдамағанға істелгендей, хабарды қабылдамайтын кісіге де тән азабын тарттыру керек. Сонда оның жанына батқан азап пен күйзелісі жайлы айтып, шағымданары сөзсіз. Міне сонда, ол өзінің мүшкіл жағдайынан хабар берген болады [3, 13-14 бб].

Осылайша Матуриди жалпы хабардың өзін таным қайнаркөзі ретінде қабылдау керектігін ақылға жүгіне отырып дәлелдеген соң, Пайғамбар хабарын мойындау тіптен міндетті болады деген. Осыған орай Матуриди былай деген: «Пайғамбар хабарынан асқан растығы айдан анық хабар жоқ. Оның сөзінің рас екенін көрсететін бұлтартпас дәлел бар болғандықтан, оның хабарына келгенде жүрек толық қанағаттануы керек. Олай болса, Пайғамбардың хабарын мойындамайтындар барып тұрған тоңмойындар және барып тұрған тәкаппарлар» [3, 14 б.].

Сондай-ақ Матуридидің айтуынша кей хабарлардың хабар жеткізушінің кесірінен жалған болу ықтималы болса да, бұл жалпы хабарды түбегейлі жоққа шығаруға негіз бола алмайды. Өйткені бұл өмірде көптеген хабарлардың рас болып шыққаны белгілі [3, 20 б.]. Қандай хабар болмасын оны ақыл таразысына салып, ой елегінен өткізіп немесе сенімділігі дәлелденген өзге хабарлармен салыстыру арқылы растығын, яки жалғандығын анықтауға болады.

### «Ақыл»/(назар/истидләл)

Матуриди ілімінде ақылдың алар орны ерекше. Өйткені оның ілімінде «ақыл» тек қана діни танымның қайнаркөзі емес, сонымен қатар, жалпы таным мен ахлақи танымның да маңызды қайнаркөзі болып табылады. Тіпті, сезімдер мен хабарлар да осы ақылға жүгіну арқылы танымның сенімді қайнаркөздеріне айналады. Әсілі, адам үшін өте керек әрі пайдалы құрал, сондай-ақ маңызды дәнекер саналатын ақыл Матуридидің тек «таным» теориясының ғана емес, бүкіл діни ілімі мен діни тұжырымдарының күре тамыры іспетті [1, 90 б.].

Матуриди өз еңбегінде «таным» қайнаркөздерін жеке-жеке түсіндіргенде «ақыл» мәселесінде «ақыл» сөзінің орнына ақылға жүгіну, ақылға салып ойлану, ой жүгірту немесе нақтырақ айтқанда, ақыл көзбен қарау деген мағынаға саятын «назар» және «истидләл» сөзін қолданған [3, 15-17, 20-21 бб.]. Яғни, ол танымның үшінші, һәм де – алдыңғы екеуінің растығын немесе жалғандығын анықтайтын – ең негізгі қайнаркөзін өз атауымен емес, атқаратын функциясына қарай атауды жөн көрген. Бұл әрине, Матуриден кейінгі теолог ғалымдарға да едәуір ықпал еткен. Сол себепті, кейінгі кәләми еңбектерде «таным» қайнаркөздерінің бірі ретінде қабылданған «ақыл» көбіне-көп «назар», «истидләл» немесе «назарул-ақл» [5, 144-150 бб. 6, 30 б.] деп аталған.

Матуридидің «ақыл» сөзінің орнына ой жүгірту, ақыл көзбен қарау мағынасына саятын «назар» немесе «истидләл» терминін қолдануы тектен-тек емес. Өйткені оның пікірінше, мәселе адамның ақыл иесі болуында емес, мәселе, ақылды өз деңгейінде қолдана білу және пайдаға асыра білуде. Матуриди Құранға да жүгіне отырып, ақыл иесі бола тұра, ақылын қолданбайтын әрі пайдаға асырмайтын адамды ақылсызға балайды. Өйткені Құран еститін құлағы, сөйлейтін тілі және көретін көзі бола тұра, оларды тиісінше пайдаға асырмайтындарды саңырау, мылқау және көр соқырға балаған [11, IV 261 б. V 34 б.]. Міне, бұдан оның жаратылыс мақсатына сай қолданылмайтын ақылды «таным» қайнар көзі ретінде мүлде қабылдамайтындығын аңғарамыз. Матуридидің мұнай тұжырымға келуінің ең басты себебі, Құранның адамдарды әр нәрсеге ақыл көзбен қарауға, ой жүгіртуге және ақылды жаратылыс мақсатына сай қолдануға үндеуі, сондай-ақ орынды қолданылған ақылдың адам баласының ақиқатқа жетуіне септігін тигізетіндігін білдіруі еді [3, 16 б.].

Матуриди кәләм іліміне қатысты мәселелерді негіздеуде және фикһи мәселелердің оң шешімін табуда көбіне-көп ақыл-ойға, ижтиһадқа және «қияс» әдісіне жүгінеді. Оның пікірінше, дін ілімін үйренудің және діни тәлімнің ең негізгі екі қайнарбұлағы – «ақыл» және «есту» (сәм') яғни, есту арқылы келетін «хабар» болып табылады [3, 5 б.]. Осылайша, ол әу баста діни танымның қайнаркөздерін екі-ақ нәрсемен шектеген болып көрінсе де, артынша, «таным себептері/жолдары» атты тақырыпта «таным» қайнаркөздерін жан-жақты талдағанда, болмыстағы нәрселер мен құбылыстардың ақиқатын білу үшін «сезімдерге» ('иан), «хабарға» және «ақылға» (назар)

жүгіну керектігін алға тартып, үш бірдей қайнаркөзге баса назар аударған [3, 11-17 бб.].

Матуриди «ақылды» (назар) «сезімдер» және «хабар» арқылы алынатын мәліметтердің дұрыс-бұрыстығын анықтайтын маңызды құрал немесе өлшем ретінде қабылдайды [3, 20 б.].

Матуриди ақылдың атқарар қызметінің аса маңызды екенін айтумен қатар, құдды «сезімдер» мен «хабар» сияқты мәліметке қол жеткізуде оның да қабілеті мен шама-шарқының шектеулі екенін мойындайды. Ол «ақыл» аясының шектеулі болуын оның әрбір нәрсенің болмысын толыққанды әрі бүге-шігесіне дейін біле алмайтындығы, жоқтан бар етілгендігі, оған нұқсан келу ықтималы бар екені немесе оның таным объектісі болған мәселелердің қым-қиғаш болуымен түсіндірген [3, 281 б.]. Міне, сондықтан да мұндай жағдайда жалаң ақылмен ғана танып-білу мүмкін болмаған жақсылық пен жамандық атаулыны танып-білу үшін ақылмен қатар, сезімдер мен «хабарға» да жүгіну керек болады [3, 13 б.]. Алайда бұл жағдай ақылды дұрыс мәлімет беретін таным құралы болуға жармайды деп, түбегейлі жоққа шығаруға негіз бола алмайды [12, 44 б.]. Осыған орай Матуриди өз еңбектерінде ақылдың «таным» қайнаркөзі бола алмайтындығын алға тартып, ақылы үкімдер мен тұжырымдарды жоққа шығаратын мүлхидтер, рафизиттер және мушабиха/антропоморфистер сынды кейбір топтардың пікірлерін теріске шығарған. Матуриди ақылды және оның функцияларын мойындамайтын адамның өзі де ақылды жоққа шығарғанда, көбіне-көп ақылы дәлелдерге сүйенетіндігін және нәтижеде өз сөзіне өзі қайшы келетінін айтқан [3, 17 б.].

Имам Матуридидің «Китаб әт-таухид» және «Тәуиләт әл-Куран» атты еңбектеріндегі ақылға қатысты ұстанымы мен тұжырымдарына зер салып қарасақ, ақылдың таным қайнаркөздерінің бірі ғана емес, танымның өзге субъектілерінің

сенімділігі мен дәйектілігінің бірден бір кепілі екенін көреміз. Әсілі ақыл және оның тұжырымдары жоққа шығарылып, оған тиісінше сенім артылмаған жағдайда, танымның өзге қайнаркөздері мен солар арқылы алынатын мәліметтердің де өз құндылығын жоғалтары сөзсіз. Нәтижеде, адам баласы сенімінен айырылып, софистер сынды әр нәрсеге күмәнмен қарайтын болады. Матуриди танымға негізделген діни және ахлақи жүйе қалыптастыруды мақсат тұтқандықтан «таным» мәселесіне ерекше көңіл бөлген. Өйткені оның пайымдауынша, нағыз берік дін – құр еліктеушілікке емес, білім мен дәйекті дәлелге сүйенген дін. Матуриди дін ғалымы болғандықтан өзінің ғылыми концепциялары мен әдіс-тәсілін қалыптастыруда Ислам дінінің ең сенімді қайнаркөзі Құранды басшылыққа алған. Ол Құранға еліктеп, жалпы болмысты, адам болмысын, салт-сананы және тарихты таным объектісі ретінде қабылдап, оларды таным субъектілерімен танып-білу арқылы Хақты және ақиқатты тануға һәм бұлтартпас дәлелдермен танытуға тырысқан.

Матуриди өзінің ғылыми ой-тұжырымдары мен пікірлерін алға тартпас бұрын, танымның қайнаркөздері мен олардың объектілерін, сондай-ақ таным субъектілерінің арақатынасын өз алдына бөлек тақырып ретінде қолға алып, олардың ақиқаттығын дәлелдеуді жөн көрген. Өйткені ол танымды және оның қайнаркөздерін Құран мен сүннетті дұрыс пайымдап, дұрыс түсінудің бірден бір құралы әрі алғышарты деп білген. Сөйтіп, ол кәләми мәселелерді қозғағанда және Құран аяттарын талдап, түсіндіргенде әртүрлі діни топтар мен жекелеген ғалымдардың Құран пәлсапасына қайшы келетін пікірлерін таным объектілері мен субъектілері негізінде сынға алып, теріске шығарып отырған. Матуридидің осынау ғылыми әдіс-тәсіліне қарап, оның «таным» теориясын Матуриди ілімінің әліппесі деп айтуға болады.

#### Әдебиеттер

- 1 Ханифи Ә. Матуридиде билги проблеми. – Ыстамбұл: 2012. – 236 б.
- 2 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. – Алматы: 2010. – XIII. – 750 б.
- 3 Әбу Мансур әл-Матуриди, Китаб әт-таухид. – Анкара: 2005. – 718 б.
- 4 Schacht J., The History of Muhammadan Theology, – Studia Islamica: 1953.
- 5 Әбу Му'ин ән-Нәсәфи, Табсират әл-әдиллә. ред. Мухаммад Ә. Х. – Каир: – 2011. I 655 б.
- 6 Нур әл-Дин әс-Сабуни, Китаб әл-Бидая. ред. Хулейф Ф. – Каир: 1969. – 174 б.
- 7 Хулейф Ф. Китаб әт-таухид кіріспесі. – Ыстамбұл: 1979. – 410 б.
- 8 Әбу Мансур әл-Матуриди, Тәуиләт әһл әс-суннә. ред. Бәсәллум М. – Бейрут: 2005. – I-X.
- 9 Абай Қ. Абай қара сөздер. – Алматы: – 2007. – 166 б.
- 10 әл-Му'жам әл-'араби әл-Әсәси, ALECSO LAROUSSE: – 1989. 1347 б.
- 11 Әбу Мансур әл-Матуриди, Тәуиләт әһл әс-суннә. ред. Ахмет Ү. Бекир Т. – Ыстамбұл: 2008. – I-XVII.
- 12 Сөнмез К. Имам Матуриди ве матуридилик. – Анкара: – 2011. – 532 б.

**References**

- 1 Hanifi O. Maturidide bilgi problemi. – Stambul: 2012. – 236 s.
- 2 Kazak adebi tilinin sozdigi. – Almaty: 2010. – XIII. – 750 s.
- 3 Abu Mansur al-Maturidi. Kitab at-tauhid. – Ankara: 2005. – 718 s.
- 4 Schacht J., The History of Muhammadan Theology, – Studia Islamica: 1953.
- 5 Abu Mu'in an-Nasafi. Tabsirat al-adilla. red. Muhammad A. H. I. – Kair: – 2011. I 655 s.
- 6 Nur ad-Din as-Sabuni, Kitab al-bidaia. red. Kholeif F. – Kair: 1969. – 174 s.
- 7 Kholeif F. Kitab at-tauhid kirispesi. – Stambul: 1979. – 410 s.
- 8 Abu Mansur al-Maturidi. Tauilat ahl as-sunna. red. Basallum M. – Beirut: 2005. – I- X.
- 9 Abai K. Abai kara sozder. – Almaty: – 2007 ж. 166 s.
- 10 al-Mujam al-arabi al-asasi. ALECSO LAROUSSE: – 1989. 1347 s.
- 11 Abu Mansur al-Maturidi. Tauilat ahl as-sunna. red. Akhmet U. Bekir T. – Stambul: 2008. – I-XVII.
- 12 Sonmez K. Imam Maturidi ve maturidilik. – Ankara: – 2011. – 532 s.

«...Жаратушы тұрғанда жаратылғаннан не сұрайсың?!...»

«Махаббатпен жаратқан адамзатты,  
Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті.  
Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп,  
Және хақ жолы осы деп әділетті...»

«...жақсылық, жамандықты жаратқан – құдай, ләкин қылдырған құдай емес, ауруды жаратқан – құдай, ауыртқан құдай емес, байлықты, кедейлікті жаратқан – құдай, бай қылған, кедей қылған құдай емес...».

*Абай Құнанбайұлы*

Байтенова Н.Ж.,  
Сембаева М.М.,  
Абдразакова Н.А.

**Батыс Еуропа тарихындағы  
Ислам мәселесі**

Мақалада Батыс Еуропа елдеріндегі исламның таралу тарихы, қазіргі жай-күйі, сонымен қатар маңыздылығы мен негізгі құндылықтары жайлы сөз қозғалады. Батыс Еуропадағы ислам мәселесі қазіргі таңда өте маңызды тақырыптардың бірі болып отыр. Ислам дінінің Батыс Еуропа елдеріндегі таралу тарихы сан-салалы және алуан түрлі. Ислам мәдениеті өзінің таралған уақытынан бері қарай көптеген игі іс-шараларымен айқындалуда. Мысалы, көптеген әдебиеттерге қарайтын болсақ та мұны аңғаруымызға болар еді. Мұсылман араб ғалымдарының ғылымдағы орны мен жетістіктері жөнінде кезінде Еуропа ғалымдары да көп айтқан. Мәдениет пен өркениет қатынастарының дамып, өзара бірігуі Исламнан кейін ғана мүмкін болды. Ислам өркениеті арқылы Шығыс пен Батыстың барша өркениеттері үлкен-үлкен жетістіктерге қол жеткізді.

**Түйін сөздер:** ислам, Батыс Еуропа, еуроислам, француз-мұсылмандар, исламофобия, исламдық ассоциациялар.

Bajtenova N.Zh.,  
Sembaeva M.M.,  
Abdrzakova N.A.

**The problem of Islam in the  
history of Western Europe**

The article discusses the history of the spread of Islam in Western Europe, current status, importance and value characteristics of the process. The problem of Islam in Europe is one of the most important issues of our time. The history of the penetration of Islam in Europe was of multidirectional and multidimensional. Islamic culture since its spread has given a lot of positive results. This is reflected in the literature and studies on the issue. On the achievements of Muslim scholars, and much has been said by the Western researchers. The interaction of culture and civilization was made possible also thanks to the penetration of Islam in the West. Thanks to the achievements of Islamic civilization made possible a more intensive interaction of East and West.

**Key words:** Islam, Western Europe, Euro-Islam, Islamophobia, Muslim associations.

Байтенова Н.Ж.,  
Сембаева М.М.,  
Абдразакова Н.А.

**Проблема ислама в истории  
Западной Европы**

В статье рассматривается история распространения ислама в Западную Европу, современное состояние, важность и ценностная характеристика данного процесса. Проблема ислама в Европе является одной из важных проблем современности. История проникновения ислама в Европу носила разнонаправленный и многоаспектный характер. Исламская культура со времен своего распространения дала множество позитивных результатов. Это нашло отражение в литературе и исследованиях, посвященных данной проблеме. О достижениях мусульманских ученых много сказано и самими западными исследователями. Взаимодействие культуры и цивилизации стало возможным в том числе и благодаря проникновению ислама на Запад. Благодаря достижениям исламской цивилизации стало возможным более интенсивное взаимодействие Запада и Востока.

**Ключевые слова:** Ислам, Западная Европа, евроислам, исламофобия, исламские ассоциации.

## БАТЫС ЕУРОПА ТАРИХЫНДАҒЫ ИСЛАМ МӘСЕЛЕСІ

Дін – барша ғылым мен білімнің, мәдениет пен өнердің, сабырлылық пен даналықтың біте қайнасқан бір бөлшегі. Оны қастерлеу мен қадірлеу, жағдайын жақсарту әр адамның өз қолында. Қазақстандағы қазіргі діни жағдай барынша күрделі сипат алған. Қазақ халқының мәдениеті мен руханияты ислам өркениеті мен дүниесінің ажырамас бөлшегі ретінде саналады. Елімізге ислам діні күшпен емес, бейбіт жолмен енді. Ислам құндылықтары мен ислам философиясын, ислам мәдениеті мен өнерін дамыту мен жаңарту ісіне қазақ халқы маңызды және зор үлес қосты. Қазақ халқының дамуында діни көзқарастар мен діни жоралғылар ешқашан өз маңыздылығын жоғалтқан емес. Ортағасырлық мұсылмандық философиялық ойының қалыптасуы мен дамуына қуатты серпіліс берген қазақ даласының түркі дүниесіне тән мәдени орта қалыптастырғанын көреміз. Кеңестік дәуіріміз артта қалып, тәуелсіздік алғанымызға 20 жылдан артық уақыт өткеніне қарамастан, әлі күнге дейін көбіміздің санамызда дініміз исламға деген суық көзқарас немесе оған тек белгілі бір құлшылықтар түрінде ғана қарау қалмай келеді. Дінімізді көп жағдайда мәдениеттің, білім мен ғылымның діні деп сезінбейміз. Қазіргі кезде кез келген адам үшін өте қиын әрі ауыр уақыттар өтіп жатыр. Өмір өз өрнегін неше түрлі сипатта салып, адамдардың ойлары мен сенімдерін де әрқилы етіп жібергендей... Бұлай дейтін себебіміз, адамды жан-жағынан психологиялық түрде аздыратын, санасына салмақ салып, ауру ететін неше түрлі ағымдар Қазақстанда таралып жатыр. Баспасөз беттерінде адасқан секталардың арбауына ілініп, өмірлері қиылған, отбасылық өмірде келеңсіз жайттар орын алған жекелеген субъектілердің бастан кешірген жанайқайлары туралы материалдар жиі-жиі жарық көруде. Осының бәрі Қазақстан қоғамы үшін керітартпалық сипатқа, қауіпті құбылысқа айналып отырған діни факторлардың тамырын танып, тереңінен зерттеуге итермелейді. Алайда Қазақстан қоғамы үшін бұл тақырып БАҚ беттерінде болсын, теледидар ақпараттары арқылы болсын көсіле айтылып жүрген тақырыптардың бірі болғандықтан, мұндай мәліметтерді көзі ашық көргенді жұрт саралап алары анық, дегенмен, осы балаң дініміздің өзге елдердегі тағдыры жайлы сырды біреу білсе, біреу білмесі анық...

Зайырлы мемлекет ретінде Қазақстан бүгінде Ислам өркениетінің ажырамас бір бөлігі болып табылады. Осындай үлкен мемлекетте мәдениеттер мен діндердің өзара үндестік тауып, үнқатысуы – бүгінгі күннің ең жанды және ең өзекті мәселелері болып отыр. Біздің мемлекетіміз сол зәру мәселені дер кезінде көтеріп, дамыта білді, жаңа бастамаларға мұрындық болды. Ислам діні – сарқылмас даналық ілімі. Зерттеу нысанына айналғанына он бесінші ғасырға аяқ басқанына қарамастан, исламның игерілмеген қырлары әлі де болса өте көп. Дін – жанды құбылыс, сондықтан, адамзат тарихының өн бойында оның негізгі зерттеу нысандарының бірі болып қала беруі заңды да. Жаһандық жаңа өзгерістер исламның қыр-сырын тереңірек тануды күн тәртібінен түсірмей келеді. Әсіресе, соңғы уақытта қызу талқы тақырыбына айналған ислам дінін ислам атын жамылған адасқан ағымдардан арашалап алып, тарихи әділетті көзқарас орнықтыру үшін ортақ бағалау жүйесін қалыптастырудың зор маңызы болмақ. Бұл ұзақ мерзімді үдеріс болғанымен, оның ислам әлемінің алдағы даму болашағында басым бағыттарының біріне айналары анық.

Ислам әлемі қанатын кеңге жайған, қандай мемлекет болмасын қызықпай өте алмайтын діндердің бірі де бірегейіне айналған. Дінсіз адам болуы мүмкін, алайда дінсіз қоғам болмайды. Дін қоғамдық құбылыс болғандықтан, мемлекет те одан тысқары қала алмайды. Қоғамтану ғылымының атасы саналатын Ибн Халдун «Мұқаддима» деп аталатын әйгілі еңбегінде діннің қоғамдық қатынастарды реттеп, мемлекет істеріне болысатынын, бұған тиісінше мемлекеттік биліктің де дінге қамқор болатынын атап көрсеткен. Діни сенім мен құндылықтар азаматтардың бойына имандылық пен әдептілікті ұялатады, кісілік пен парасаттылықты қалыптастырады, тазалық пен сабырлыққа шақырады, нашақорлық, зинақорлық сияқты жат қылықтар мен жамандықтардан тияды, отбасын ұйытып, қоғамды орнықтырады. Батыстық қоғамның қалыптасуына ықпал еткен Ж.Ж. Руссо ел тұрақты болып қалыптасуы үшін азаматтардың діндар болуы тиіс екендігін айтқан. Оның пікірінше, діндар адамдар мемлекетке ерекше ықыласпен, құрметпен қарайды, билікке мойынұсынады және отаншыл болады. Дін осылайша заңмен де орнықтыра алмайтын кейбір қоғамдық құбылыстардың оң қалыптасуына ықпал етеді. Өз кезегінде мемлекет те дінді қадағалап, реттеп отыруы тиіс. Діннің атын жамылу немесе дінді бетперде етіп қолдану әрекетінен, діннің зардап шегетінін ұмытпағанымыз абзал.

Кеңестік дәуір келмеске кетіп, тәуелсіздігіміздің бірнеше жылын артқа тастасақ та, әлі күнге дейін көбіміздің санамызда асыл дініміз Исламға тек белгілі бір құлшылықтар түрінде ғана қарау бар. Оны ешқашан мәдениеттің, білім мен ғылымның діні деп білмейміз. Көпшілік, оның ішінде өзіміздің мұсылман қауымның кейбірі де, ғылым мен дінді, дәлірек айтсақ Ислам діні мен ғылымды бөле қарайды. Ал Ислам діні мен ғылым ешуақытта да әсте бөлінбек емес. Ендеше дін мен ғылым арасындағы байланыс хақындағы әңгімемізді, сенімді қайнар көздер мен ойшыл ғалымдардың айтқандарына сүйене отырып бастасақ.

Төрткүл дүниеге аты мәшһүр ғалымдар дін мен ғылымды ешқашан бөліп қарамаған. Өткен ғасырдың ұлы ғалымы, ұлыбританиялық Луи Пастер: «Иман, яғни Жаратушының барлығына деген сенім, ешқашан адамзаттың алға басу процесіне тосқауыл болмайды. Өйткені прогрестің әрбір сатысы Алланың жаратқан таңғажайып нәрселерін анықтап көрсетіп берді», – деген. Негізі ғылымды діннен бөліп қараудың бірден-бір себебі – Құдайға деген сенімнің әлсіздігі немесе жоқтығы. Бұл жөнінде тарихшы Фебер: «Әрбір дәуірдің өз ерекшелігі болады. Біздің дәуірдің ерекшелігі – Жаратушыға деген сенімсіздік. Менің Жаратушыға деген сенімімді тартып алғаннан гөрі терімді сыдырып алса, соған разы болар едім», – депті. Алайда, біз дінді көбінесе адамзатты мәдениеттен, оқу-білімнен құр қалдыратындай елестетеміз. Ал жоғарыдағы Еуропа ғалымдарының айтқанына сүйенсек, дінге деген сенім бізді жан-жақты дамытпаса, керіге тартпайды.

Ислам дінін негізінен алғанда барша ғылым мен білімнің және өркениет пен мәдениеттің анасы деп айтсақ қателеспеген болар едік. Ол өзінің біртұтас екендігін, сонымен қатар мына өмірдегі жаратылғандар мен жаратылыс атаулының барлығының жаратушысы бір Аллаға мұқтаж екендігін толық түсіндіреді. Бір айта кетерлігі, бұл дін тек қана арабтарға немесе белгілі бір аймаққа ғана тән емес адамзатты және бір Құдай жаратқан он сегіз мың ғаламның барлығын толығымен қамтиды. Содан соң жетінші ғасырдың аяғы мен сегізінші ғасырдың басынан бастап дін басқа мемлекеттер мен аймақтарға Хз. Мұхамедтің (с.а.у.) сахабалары тарапынан жайылып таратыла бастады. Осы орайда, Ислам дінінің алыс жақын шет елдерге, соның ішінде Батыс Еуропа елдеріне қалай таралғандығы жайлы тарихи тағылымдарға тоқталып өтсек. Ислам діні бөтен мәдениеттерді (егер діннің негізгі қағидаларына

Саяси жүйеге қатысты «тұрақтылық» сөзі оның өзінің құрылымын сақтай отырып, сыртқы және ішкі өзгерістердің шарттарында тиімді қызмет ету мен дамуға мүмкіндік беретін қалыпты жағдайы. Тұрақты саяси құрылым теориясына сәйкес қоғамның көпшілік бөлігі мен қоғамды басқарудың институттарына және биліктегі барлығына қатынастағы «қолдаудың» жоғары деңгейін көрсетеді.

Көптеген саясаттанушы ғалымдар пікірі бойынша егер саяси режимдегі институттар мемлекет азаматтарын ортақ идеяға біріктіре алса, онда тұрақтылықтың орын алу мүмкіндігі жоғары деп қарастырады [1].

Тұрақты мемлекетке тән нәрселер а) ұлтқа тиесілі бөлінетін сезім; б) басқару түрінің үздіксіздігі; в) басқаратын элиталардың біртіндеп ретімен ауысуы; г) билік құрылымының балансын сақтау үшін тежелік және тепе-теңдік жүйесінің болуы; д) оппозицияның тиімді жұмыс жасауы үшін көппартиялық жүйенің қызмет етуі; е) орта таптың басым болуы [2].

Ал саяси тұрақтылық дегеніміз: «Бұл сыртқы және ішкі әсерлер жағдайында, өзінің құрылымын және қоғамдық өзгеріс үрдістерін бақылауға қабілеттілігін сақтай отырып, тиімді жұмыс істеуге және дамуға мүмкіндік беретін қоғамның бір қалыпты жағдайы» [3].

Қоғамдық тұрақтылыққа қатысты әлеуметтік және саяси ғылымдар тарихына жүгінер болсақ, Аристотель «Саясат» еңбегінде әртүрлі көзқарастағы қоғамдық құрылымдарды жүйелендіре отырып, мемлекеттің дұрыс және бұрыс формаларын бөліп көрсетеді. Дұрыс (тұрақты) форманың негізі ретінде қоғамдық мүддені ескеру, әсіресе мемлекетте қызметтік орынды анықтауда халық мүддесін алдыңғы орынға қою мәселесін қарастырды [4]. Аристотель бойынша қоғамдық мүдде – саяси әділеттілік, адамдардың консенсустық түсіністігі мемлекетте қоғамдық тұрақтылықтың орнауына негіз болады.

Қоғамдық келісім мәселесін ең алғаш алға тартқан ағылшын зерттеушісі Т. Гоббс. Ол өзінің «Левиафан» деген еңбегінде қоғамның табиғи жағдайын – «адам адамға жау» деп тұжырымдайды. Қоғамның табиғи жағдайы Т. Гоббс бойынша өз ішінде тұрақсыздық пен өзіндік жою тенденциясы жүріп отыратын үрдіс. Осы тенденция жаппай орын алмауы үшін адамдар бір-бірімен келісімге келуі қажет. Адамдар арасындағы келісім – бұл шындығында өзара түсіністік пен тұрақтылыққа алып келетін құндылық ретінде қарастырылады [5]. Тұрақтылықтың жаңаша интегралды концепциясы Т. Парсонстың өзгерістің функционалды теориясы ғылымға үлкен серпіліс алып келді. Т. Парсонстың өзгеріс теориясы «қоғамдық тұрақтылық» түсінігінің мазмұнына кешенді түрде талдау жасайды. Әлеуметтік жүйеге құрылым ретінде мінездеме беруде ол «тұрақтылық» түсінігін пайдаланады. «Тұрақтылық» Т. Парсонс бойынша – бұл жүйедегі жүйешіктердің «кіріс» пен «шығыстың» өзара үйлесімділікте алмасуы мен өзара тепе-теңдік

үрдісі, ал бір жағынан жүйенің сыртқы ортамен арадағы тепе-теңдігі қарастырылады [6].

Бірақ Т. Парсонстың функционалды теориясын оның шәкірті Р. Мертон сынға алады. Ол қоғамның әлеуметтік жүйесіне зерттеулер жүргізе отырып, қоғамның ассиметриялы қатынасына басты мән береді. Әлеуметтік жүйенің мүлде тұрақтылықта болмайтынын, керісінше, әлеуметтік құрылым әлеуметтік қақтығыстар тудыратынын алға тартады [7].

Орыс зерттеушісі А.А. Галкин тұрақтылық жүйедегі үрдістер мен элементтердің өзара орнықсыз тепе-теңдік жағдайы деп қарастырады.

Саясаттанушылар көзқарасы бойынша жалпы қоғамдық тұрақтылыққа жетудің негізгі екі жолы бар: *күш көрсету арқылы мәжбүрлеу мен диктаторлық және демократия қағидаларын барынша кеңейту* арқылы. Бірінші жол заңды не заңсыз түрде күш көрсетуді қолданады. Мәжбүрлеу арқылы орнатылған тұрақтылық ұзақ өмірлік және берік болмайды, ол белгілі бір идеология мен саяси күштің қол астында болады және қоғамның көпшілік бөлігінің мүддесін айқындауға қауқарсыз. Мұндай үлгідегі тұрақтылық азаматтардың және оппозицияның қатысуынсыз «жоғарыдан» орнатылады. Ал екінші жолда қоғамның және саяси жүйенің тұрақтылығын қамтамасыз ету консенсус принципі, кең әлеуметтік база және плюрализм дәстүріне сүйенген демократия механизмдері негізінде амалға асырылады. Ол негізгі әлеуметтік-саяси күштердің мүдделерінің келісіміне сүйенуді жоспарлайды [8].

Саясаттану ғылымында тұрақтылыққа қатысты: саяси тұрақтылық, саяси жүйенің тұрақтылығы, тұрақты әлеуметтік-саяси даму, тұрақты режим, тұрақты билік, тұрақты саясат тіркестері ретінде қолданылады. Жалпылама түрде «саяси тұрақтылық» дегеніміз – бұл қоғамдық факторлар мен мақсатқа бағытталған белгілі шаралардың ықпалымен амалға асатын қандай да саяси үрдістің тұрақтылығы, орнықты жағдайы.

XX ғасыр саясаттану ғылымында саяси тұрақтылық мәселесіне мән беру барынша арта түсті. Батыс саясаттануында қалыптасқан «саяси тұрақтылыққа» қатысты белгілі анықтамаларды сараптайтайтын болсақ. Біріншіден, «тұрақтылық» қоғамда дағдарыс жағдайының алдын алудағы мемлекет мүмкіндігін бағалау, шыннайы қауіптің және легитимсіз зорлықтың болмауымен сипатталады. Аталған түсінікті нақтылай келе, шотландық зерттеуші Ф. Били саяси тұрақтылықты қоғамдық жүйенің өмір сүруіне және «бірегейлігіне» қауіп төндіретін

жағдайдағы саяси организмнің өзін-өзі сақтау қабілеттілігі ретінде қарастырады [9].

Ағылшындық К. Даудинг пен Р. Кимбер тұрақты саяси жүйе деп өзінің зорлықпен жоюды алдын алуын сақтап қалу қабілетін атайды. Сондықтан олар бұл түсініктің әртүрлі деңгейі болмайтынын ескеріп, тұрақтылық бар не жоқ деп қарастырады [10].

Бұл әрине өте даулы тұжырымдама, өйткені қауіп жағдайындағы саяси жүйе өзін-өзі қорғауда әртүрлі жолдарды қолдануы мүмкін.

Тұрақтылық пен тұрақсыздық өзінің әртүрлі деңгейінде қатар өмір сүруі мүмкін. Көптеген саясаттанушылар тұрақтылық формасының классификациясын оның жетістікке жету жолымен көрсетеді. Дж. Яворски «минималдық» және «демократиялық» тұрақтылық арасындағы шекті енгізеді. Біріншісі, мемлекет аумағында азаматтық соғыстың немесе қарулы қақтығыстың басқа түрінің болмауы. Мұндай тұрақтылық түріне авторитарлы әдіспен қол жеткізілуі әбден мүмкін. Өз кезегінде «демократиялық» тұрақтылық көптеген батыс саясаттанушылары айтқандай демократиялық құндылықтарды қабылдай алу қабілеті, өзгермелі қоғамдық көңіл-күйге бейімделу. Бұл көзқарас бойынша тұрақтылық демократия функциясы болып табылады. Ол өзіне азаматтық қоғам арқылы мемлекетті басқаруда азаматтардың қатысуын қамтиды [11].

Тұрақтылық белгілі бір биліктің ұзақ уақыт бойы қызмет жасауы мен билік жүргізуі ретінде де түсіндіріледі. Бұл сәйкесінше оның қоғамдағы өзгерістерге сәтті бейімделе алу қабілеттілігімен сипатталады. Неміс саясаттанушысы Э. Циммерман биліктік тұрақтылықты саяси басшылардың мемлекетті басқаруда барынша тиімді әрі ұзақ басқаруы ретінде қарастырады. Ол осындай тұрақтылыққа жетудің бірнеше заңдылықтарын бөліп көрсетеді [12].

Демократиялық мемлекеттерде тұрақтылық Конституциялық реттіліктің болуымен сипатталады. С. Хантингтон тұрақтылықты «реттілік қосылған сабақтастық» формуласымен анықтайды. Ол аталған мақсатқа жетуде ұзақ уақыт бойы өзінің мәндік мінездемесін сақтаудағы билік моделінің даму жетістігі деп санайды [13].

Біздің пікірімізше тұрақтылық мұнда биліктің легитимділігінің салдары ретінде көрініс береді. Бұл нұсқа легитимділік факторының қатаң детерминантты тұрақтылығы болып табылады.

Қазіргі уақытта көптеген саясаттанушылар саяси жүйенің тек заңды жұмыс жасауын ғана емес, сонымен қатар саяси жүйедегі азаматтарға

қолдау жасау мен олардың фундаменталды құндылықтарын көтеру мәселесін алға тартуда. Американдық ғалым Д. Сиринг осы мәселені зерттей келе, оның бірнеше заңдылықтарын бөліп көрсетеді. Олардың ішінде атап өтетіні: қаншалықты саяси қатысу деңгейі жоғары болған сайын, соншалықты оған саяси «ойын ережесінің» қоғамға қолдауы жоғары болады; нақты саяси нормалар мен процедуралардың: бекітілген негізгі әлеуметтік күштердің қоғамдық пікір, қоғамдық белсенділер; сайланбалы лауазымдардың кандидаттар, парламент мүшелері; тікелей саяси институттар қолдауы мен әлеуметтік-экономикалық статус-квоның сақталуымен байланыс орната алады [14].

Тұрақтылық саяси жүйеде құрылымдық тұрғыда өзгерістің болмауы немесе оны басқара алу қабілеті тұрғысынан да түсіндіріледі. Сонымен қатар саяси күштер арасындағы баланс (теңдік) ретінде де анықталады.

Саяси тұрақтылықтың теориялық концепциясын қарастыруда әлеуметтік контекстке және саяси тұрақтылықтың негізгі факторларына басты мән берілді. Американдық саясаттанушылар Э. Дафф пен Д. Маккамонт саяси тұрақтылық пен тұрақсыздықты талдай келе, төмендегі мәселелерді қолдану керектігін атайды. Біріншіден, халықтың саяси үрдіске қатынасы. Екіншіден, саяси жүйенің өзіндік ішкі қорлары. Олар тұрақтылықтың келесі критерилерінен көрініс береді: әлеуметтік көмектің әлеуметтік мобилділіктен басым болуы; экономикалық дамудың жоғары деңгейі; табыстардың теңдей үйлестірілуі; саяси резервтік мүмкіндіктің болуы; азаматтарды саяси өмірге тартуды қамтамасыз ететін көп мүшелі институционалданған саяси партияның таралуы [15].

Тұрақтылық көп жағдайда экономикалық дамудың деңгейіне тікелей тәуелді бола бермейді. Біріншіден, экономика мен мемлекет арасындағы тығыз байланысқа сүйенген қоғамдық тәртіп, ол репрессивті және абсолютті анық емес болуы мүмкін. Екіншіден, мемлекетте модернизация кезеңінде өмір сүрушілер үшін, экономикалық өсім жиі тұрақсыздандыратын фактор болып табылады.

Американдық саясаттанушы Дж. Элстердің пікірі бойынша, саяси тұрақтылықты қамтамасыз етудің негізгі элементі: альтруизм, әлеуметтік нормалар мен жеке мүдделер және «ар-намыс кодексі» [16].

Ал Израилдік әлеуметтанушы Ш. Эйзенштадт саяси тұрақтылықтың ең маңызды факторын еңбектің бөліну механизмі деп санайды [17].

Француз әлеуметтанушылары М. Крозье мен Э. Фридберг тұрақтылықты оның ішінде саяси тұрақсыздықты бюрократиялық ұйыммен жұмыстағы қашып құтылмайтын дефектілер ретінде қарастырады. Олардың ойы бойынша өз күшіне сүйенген бюрократиялық ұйымдардың қызметі мен дамуы өз ішінде және қоғамда тұрақсыздық пен бейберекетсіздікке алып келеді [18]. Батыстық саясаттануда тұрақтылық ұғымы бірнеше амалдар негізінде талданылады. Ең алдымен, саяси тұрақтылық талдауы басқару жүйесінің бірқалыптылығы, азаматтық тәртіп, басқарудың легитимділігі және сенімділігі сияқты сипаттамалар жататын, күрделі, жүйелік білім болып табылады. Бұдан басқа тұрақтылық тек салыстырмалы түрде, салыстырмалы мағынада, сапалы салыстырмалы өлшемдерде ғана қарастырылады.

Саяси тұрақтылық жалпыға белгілі мағынада легитимділік күштеу қауіп-қатерінің немесе мүмкіндігінің болмауымен түсіндіріледі; бұл жағдайда мемлекет дағдарыстық кезеңдерді шешу мүмкіндіктері мен амалдарына ие.

Жалпылай мағынада қарастырғанда, саяси тұрақтылық дегеніміз саяси жүйе өзінің басқару, қорғау, нығайту және басқа да функцияларын тиімді орындау мүмкіндігін білдіреді. Саяси тұрақтылық өз функцияларын тиімді орындау мүмкіндігі бар саяси субъектілердің байланысының бір бүтін жүйесін көрсетеді. Саясаттануда тұрақтылықтың ішкі саяси, аймақтық және халықаралық-саяси түрлерін бөліп көрсетеді.

## II. Қоғамның саяси жүйесінің тұрақтылығы

Саяси тұрақтылық саяси жүйенің өзегі болып табылып, бүтіндікті, сапалы сипаттамаларды және тиімді қызмет атқару мүмкіндіктерін сақтауды білдіреді. Саяси жүйе өзінің қызметтерін орындаудың негізгі белгілері, олар қоғамдағы әлеуметтік-саяси қарбаластың төменгі деңгейде болуы, үлкен келіспеушіліктердің болмауы, тұлғаның еркін дамуы, әлеуметтік топтардың жағдайының әлеуметтік тұрақтылығы, ішкі және сыртқы факторлар әсерінен болған келеңсіз жағдайларды қайта қалпына келтіру болып табылады.

Тұрақтылыққа әсер ететін факторларды жалпылама түрде үш блокқа бөліп қарастыруға болады:

Биліктің легитимділігі, оның орындалу тәсілі, тұрғындардың сенімділік деңгейі және олардың билік әрекеттерін қолдауы;

Саяси жүйенің ішкі мүмкіндігі;  
Мемлекеттің халықаралық абыройы;  
Американдық саясаттанушылар Э. Дафф, Д. Маккамонт саяси тұрақтылықтың төмендегідей белгілерін атап көрсетеді:

Әлеуметтік мобилизациядан әлеуметтік көмектің асып түсуі;

Экономикалық дамудың өсу қарқыны;  
Биліктің саяси мүмкіндік қабілетімен келісілген кірістің тең деңгейде бөлінуі;

Саяси мүмкіндіктерде қорлардың болуы;  
Азаматтарды саяси өмірге тартатын институционализацияланған, көп мүшелі саяси партиялардың кең таралуы [19, 31 б.].

Қоғамдық ішкі жүйе типологиясы бойынша тұрақтылық белгілерін төмендегідей бөліп қарастыруға болады:

*Экономикалық:* экономикалық өсу қарқыны, инфляциялық «өсім», жұмыспен қамтылу деңгейі, жұмыссыздар саны және т.б.;

*Әлеуметтік:* әлеуметтік кеселдің өсу қарқыны, әлеуметтік девиацияның таралуы, криминалдық деңгейі, саяси белсенділік дәрежесі, әлеуметтік негіздегі қойылымдар саны;

*Саяси:* сайлау жүйесінің типі, орындаушы орындардың жаңарып тұру дәрежесі, билік бұтақтарының өзара қарым-қатынасы, үкіметтің ауысу жиілігі және т.с.с.;

*Рухани:* конфессионалдылық деңгейі және оның таралу ауқымы, діннің басым типі, «жақындастық» және дін мен мемлекет арасындағы байланыстың деңгейі [20].

Саяси тұрақтылықты қарастыру барысында үкіметтің тұрақтылығына (бірінші деңгей), саяси режим тұрақтылығына (екінші) және халықтың ортақ тұрақтылығына байланысты деңгейлерін бөліп көрсетуге болады [21].

Саясаттану ғылымында билік легитимділігінің үш деңгейі көрсетіледі, олар: идеологиялық, құрылымдық және персоналдылық.

Легитимділіктің идеологиялық деңгейі қоғамда барлық халық көзқарастары мен түсінігіне сәйкес билік режиміне негізделген. Идеологиялық легитимділіктің мағынасы билік пен халықтың ұлттық-мемлекеттік қызығушылықтарына ортақ негізделген идеологияны жалпыға түсіндіру көмегімен биліктің ақталуы арқылы түсіндіріледі. Идеология биліктің саясатын әлеуметтендіретін насихат арқылы енгізіледі.

Азаматтардың билік өкілдерінің заңдылықтарына, қызмет атқаратын нормаларды реттеу нормативтеріне деген сенім мен сенімділік легитимділік биліктің құрылымдық деңгейінде

пайда болады. Билік құрылымдары бекітілген дәстүрлер мен орнатылған ережелерге сәйкес құрылатын тұрақты қоғамдық жүйеге құрылымдық легитимділік тән.

Легитимділіктің персоналдық деңгейі билік өкілдерінің жеке қасиеттерімен тікелей байланысты. Легитимділіктің бұл түрі жалпы халық ұғымында ұлттық көшбасшы, идеал ретінде қабылданатын көшбасшыны толықтай қолдауға негізделген.

Заманауи жағдайларда тиімділік негізіндегі легитимділік – билікке деген сенімділік пен оны азаматтардың қолдауындағы маңызды фактор.

Саяси мәдениеттің жоғарғы деңгейі – азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекеттің құрылуы үшін ең негізгі қажетті шарттың бірі, ал саяси мәдениеттің даму факторы қоғам мен мемлекеттің демократиясы мен гуманизациясы болып табылады.

Саяси мәдениет мемлекет қауіпсіздігінің маңызды элементі болып табылады, себебі қоғамдық мәдениет қоғамның құраушылары болып табылатын жекелеген тұлғалардың сапалы түрде орнығуына әсер ететін ақпараттық үрдістерді дамыта отырып, әлеуметтік идеалдарды өндіру арқылы интеллектуалдық құндылықтардың жолсерігі ролін орындайды. Мәдени стереотиптер негізінде қоғам мен оның әлеуметтік топтарының қалыптасуына әсер ететін азаматтық өзара теңдесу пайда болады.

Тұрақтандыру факторларының қатарына президент, парламент және үкімет институттары, сонымен қатар биліктің заңдылық, атқарушы және соттық бұтақтарға бөлінуі жатады. Жоғарыда аталған факторлардың қосындысы қоғамның тұрақты және бірқалыпты дамуына кепіл болады.

Полиэтникалық құрылымдағы мемлекет үшін ішкі саяси тұрақтылық шарттарын сақтауда этникалық топтар арасындағы келісімнің алар орны ерекше.

Тұрақтылық мемлекеттік институттар деңгейінде, сондай-ақ қоғамдық институттар деңгейінде де жүйелі өзгерістерді қарастыратын динамикалық жағдай ретінде қарастырылуы тиіс. Мемлекет пен қоғам арасында екіжақты байланысты келістіретін және қолдайтын тұрақты қарым-қатынас болуы қажет.

Дамыған саяси жүйелерде қарым-қатынас тұрақтылығы үкіметтік билік, орташа буын өкілдері, қоғамдық-саяси қозғалыстар және т.с.с қоғам мен мемлекет арасындағы делдалдар әрекетіндегі азаматтық қоғам институты мен әлеуметтік арналар қызметіне негізделген.

Көптеген жас тәуелсіз мемлекеттерде, соның ішінде Қазақстанда да ішкі саяси тұрақтылықтың өмір сүру қорлары әр түрлі әсерлерден жасанды түрде қорғайтын саяси жүйенің жабықтығына негізделген.

Демократиялық даму сәйкесінше саяси мәдениет дәстүрінің болғандығын ұйғарады [22].

Саяси тұрақтылық бұл – мемлекеттің саяси жүйесінің өзгермейтін қатаң қағидаға негізделген тұрақты дамуы ретінде емес, қоғамның әлеуметтік-экономикалық, саяси өзгерістерін, дамуын қоғамдық-саяси ортада қалыптасқан тұрақтандырушы фактор ретінде қарастыру.

Саяси тұрақтылықтағы басты нәрсе – билік құрылымдары қызметінің легитимділігінде, айқындылығында, тиімділігінде, байқалатын саяси мәдениеттің нормалары мен құндылықтарының тұрақтылығында, мінез-құлық типтерінің үйреншіктілігінде, саяси қатынастардың бір қалыптылығында байқалатын тәртіпті қамтамасыз ету.

Қарқынды түрде даму үстіндегі Қазақстан мемлекеті үшін де қоғамның тұрақтылығы, мемлекеттің ұйысуы, қоғамның топтасуы, саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету негізгі мәселеге айналып отыр.

Саяси тұрақтылық дегенде біз ұйымдасқан, келісілген, саяси құрылым қызметінің орнықтылығы және белгілі бір сапалы тұтастық шегінде болуды түсінеміз. Ол тұрақты әрі үздіксіз жүріп отыратын үрдіс және қоғам өмірі құрылымының саяси дағдысы ретінде көрініс береді. Сонымен қатар, ол ішкі және сыртқы саяси қатынастардағы динамикалық жағдай қалпында да сипатталады. Аталған жағдай саяси жүйеге өзінің базалық мінездемесі және даму тенденциясы мен негізгі бағыттарын сақтауға мүмкіндік береді.

Ішкі саяси тұрақтылықтың критеріі әртүрлі институттар мен қоғамдық топтардың және мемлекет пен оның азаматтарының мүдделерінің келісім деңгейі ретінде қарастырылады. Ол сандық және сапалық параметрлермен сипатталады және негізгі индикаторлардың шектік белгілерінің құрамы мен ауытқуымен анықталады.

Өз кезегінде ішкі саяси тұрақтылықтың үш деңгейін бөліп көрсетуге болады. Бірінші деңгей – саяси басшылықтың тұрақтылығы. Екінші деңгей – саяси режимнің тұрақтылығы. Үшінші деңгей – қоғамның, халықтың саяси тұрақтылығы. Мұнда мемлекеттің территориялық тұтастығының сақталуы, азаматтардың құқықтық тәртібі мен жеке қауіпсіздігін қамтамасыз ету, олардың құқықтары мен бостандықтарын реттеу мәселелері қамтылады.

Саяси тұрақтылықтың бөліністері мен ерекшеліктерін ескере отырып, қоғамның саяси жүйесінің тұрақтылығының бірнеше өзіндік спецификасын атап өтуге болады. **Біріншіден**, аталған жүйедегі барлық өзгерістер негізінде қоғам субъектілерінің мүдделерінің өзгерісі жатыр. Мүдделер арасындағы баланс қоғам жағдайының тұрақтылығы мен үйлесімділігіне алып келеді немесе керісінше. **Екіншіден**, қоғамдық дамудағы әлеуметтік-экономикалық күштердің тұрақты жетіліп отыруы мен оның қарым-қатынасының артуына серпін береді. Саяси жүйе өзгереді және тұрақты түрде дамып отырады. **Үшіншіден**, бұл жүйедегі өзгерістер субъективті фактордың ықпалына қатты ұшырайды. Мұнда мақсатқа бағытталған саяси еркіндік саяси өзгеріске алып келеді. Төртіншіден, қоғамның өзгеруі кезеңдік өзгеріске тәуелді, ол оның қоршаған ортаға, халықаралық қатынастарға бейімделе алуы. Осы жағдайға сәйкес саяси жүйенің тұрақтылығы орнайды.

Қоғамның саяси тұрақтылығы ондағы қалыптасқан нормалар мен құндылықтардың жүйелілігі мен бірқалыпты дамуында. Саяси жүйе тұрақтылығының өзі қоғамдық үрдістерді басқарудың жоғарылауына, әлеуметтік-саяси реттілік пен түсіністікке негізделеді.

Биліктің тұрақтылығы туралы айтқанда салыстырмалы түрде не әртүрлі саяси жүйеге, не алдыңғы өмір сүрген режимге байланысты екенін айтуға болады. Саясаттану саласында *тұрақты*, *орташа тұрақты*, *тұрақсыз* режимдер болып бөлінеді. Олардың әрқайсысының өзінің қоғамды басқару мүмкіндіктері мен қоғамдық тәртіпті реттеудің жолдары, өзін-өзі сақтау мен дамытудың мүмкіндіктері бар.

Саяси режим тұрақтылығы басқару жүйесін сақтау, азаматтық тәртіпті бекіту, басқару саласындағы легитимділікті сақтау мен сенімділікті қамтамасыз ету секілді өте күрделі мәселелерді қамтиды. Сондықтан жалпылама түрде биліктің әлеуметтік өзгерістерге бейімделе алуы, саяси күштердің теңдігі мен сәйкестілігі сияқты белгілі бір саяси үрдістер сипаттамасымен анықталады. Осы тұрғыда тұрақтылықтың негізгі критерийлері: үкіметтің билікте отыру уақыты, партияларға ықпалы, көппартиялық деңгейі.

Саяси режимдегі тұрақтылық – күрделі құбылыс, ол басқару жүйесінің сақталуын, азаматтық тәртіптің бекітілуін, басқарудың сенімділігін (тиімділігін) және заңдылығын сақтауды қамтамасыз етеді. Осы критерийлеріне қарай тұрақтылық: биліктегі үкіметтің мерзімі, оның

заң шығарушы ұйымдардағы партияның негізі, көппартиялық, парламенттегі күштің бытыраңқылығы және басқаларды қамтиды. Тұрақтылыққа жету үшін қолданылатын тәсілдер кең диапазонда қарастырылады: азаматтардың еркін саяси белсенділігін күш көрсетуге дейін көтеру және арттыру.

Тұрақтылықтың өзгеру мен реформаға қатысы жоқ, бірақ олардың іске асуының нақты тәртібін жорамалдайды. Әсіресе, ол қоғамдағы заңсыз күш көрсетудің болмауын, мойындалмаған қоғамдық күштердің билеуін қадағалайды. Осы орайда қоғамның өзіндік қорғауға деген тұрақтылығы биліктегі әлеуметтік жүйеге сай келетін, жұртшылықтың көңіл-күйіне қарай оның әлеуметтік-экономикалық үрдістегі шоғырлануын және олардың тиімділігін қамтамасыз ететін ұйымдардың сақталуын қарастырады.

Тұрақтылықтың факторларына келесілерді жатқызамыз: биліктегі конституциялық тәртіпті және заңдылық режимін қолдаудың болуы; биліктің тиімді әрекет жасауы, мәжбүрлеу күштерінің ыңғайлап қолданылуы; биліктегі ұйымдарда шынайы құрылымдық өзгерістердің болмауы; ойластырылған және тиімді үкіметтік стратегиялардың жүргізілуі, оппозицияларға биліктің төзімді қолдауы және қарым-қатынасы, халықтың стандартсыз идеяларға төзімділік деңгейі (толеранттылық); үкіметтің өзіне тиісті негізгі қызметтерін атқаруы.

Тұрақтылыққа қарсы тұрақсыздық, көбіне, сапалы реформалардың, қоғамдағы және биліктегі қағидашыл өзгерістердің болуына себепкер болады. Тұрақсыздықтың факторларына: қоғамдағы мәдени және саяси ыдыраушылықтар; биліктің жеке азаматтың қажеттілігін ескермеуі; қарама-қарсы идеологиялық позицияларды ұстанған партиялардың қатты теке-тіресі; ұйымдардың күнделікті өмірде қоғамға бейәдеп идеялар мен формаларды ұсынуы.

Әдеттегідей, саяси жүйеге қатысты және олардың жеке элементтері мен өзара қарым-қатынастары, сонымен қатар саяси жүйедегі орны туралы әр халықтың көзқарастары, идеялары, ұстанымдары болады. Саяси институттар саяси сана мен тәртіптің нақты стереотиптерінің қалыптасуын қамтамасыз етеді, оны күшейтілген түрде келесі ұрпаққа жеткізеді. Басқаша айтқанда, саяси жүйе саяси мәдениеттің даму жағдайы мен деңгейіне сәйкес болады немесе саяси жүйе нақты саяси мәдениеттің шеңберінде жүзеге асады.

Шынайы тарихи үрдістің негізінде нақты бір саяси жүйеге қатысты халық бағытының,

ұстанымдарының, көзқарастары мен идеяларының өзгеруі олардың іс-әрекеттерінен көрініс тапқан (нақты бір саяси институттарға және олардың басшыларына сенімсіздік танытуы, оппозициялық әсерлердің күшеюі, саяси белсенділіктің өсуі). Сондықтан саяси сана мен тәртіп стереотиптерінің өзгеруі сәйкесінше саяси жүйенің өзгеруін талап етеді. Басқаша айтқанда, алдымен саяси мәдениет өзгереді, содан соң – саяси жүйе.

Әдетте, саяси жүйедегі өзгеріс саяси лидерлер тарапынан жүзеге асса, онда олар халықтың наразылығын күтеді. Саяси мәдениеттің өзгеруі саяси жүйенің трансформациялануына әкеп соғады. Осылай, кең ауқымды реформалардың болуына себепші болады. Егер осы реформалар экономиканың дамуына әсер етсе, саяси жүйенің әлеуметтік базасы өсіп, ол тұрақтанады. Демократиялық мемлекеттерде саяси мәдениеттің өзгеруіне тек мемлекет басшылары ғана емес, сонымен қатар оппозиция да әсер етеді. Мұндай жағдайда екі тарап бір ортақ шешімге келіп, соның негізінде саяси жүйеге белгілі бір өзгерістер әкеледі.

Саяси жүйе өзінің ресурстары арқылы тұрақтылықты сақтайды. **Бірінші** кезектегі саяси тұрақтылықты – **реттеушілік, екіншісін – экстракциялы** деп атаймыз.

Реттеушілік мүмкіндік – ол саяси жүйенің индивидтер мен топтардың жүріс-тұрысын басқаруы, реттеуі арқылы азаматтық қоғамның орнауына әсер ете алуы. Ол тікелей міндеттеу, яғни, заңдар, үкімдер, бұйрықтар арқылы ықпал етсе, ал жанама міндеттеу арқылы баға мен кредит тұрақтылығын реттеу, қоғамдық пікірге ықпал ету арқылы әсер ете алады.

Экстракциялы саяси тұрақтылық дегеніміз мемлекеттің азаматтық қоғамнан табиғи, адами интеллектуалды ресурстарын шығарып алуы. Бұл жүйеде басқару билігіне сайлау жүйесінің орын алуы, адамдарды мемлекеттік және әскери қызметтерге, партиялық аппаратқа, экспертті-сараптамалық қызмет шақырып тағайындайды. Саяси жүйенің бюджетті толтыратын механизмдері салық салу, демеушілік сияқты институттармен іске қосылған. Қазақстан экстракциялы саяси тұрақтылықты қамтамасыз етуді соңына дейін игермеген.

Саяси тұрақтылықтың бұзылуы (дестабилизация) көлемді және сапалы болуы мүмкін. Бірінші жағдайда ситуативті көрініс алады және саяси жүйе өзінің сапасын жоғалтпайды. Ал екінші жағдайда тұрақтылықтың бұзылуы кризиске әкеледі, ол өз кезегінде басқарушылық

технологияның немесе саяси жүйенің өзгеруіне себепші болады.

Саяси тұрақтылықты біз саяси құрылымның ұйымдастырылған, келісілген, тұрақты жұмыс істеуі деп білеміз. Ол – үрдістер қиылысындағы тұрақтылық, қағида мен ритуал қоғам өміріндегі саяси үйреншікті жайттар. Саяси тұрақтылықтың ішіндегі әртүрлі институттар мен қоғам топтары мемлекет және оның барлық азаматтарының келісілген тұрақты деңгейі, соның критерийі болып табылады.

Саяси тұрақтылықтың үш түрлі деңгейін атап өтуге болады. Бірінші, ол – саяси биліктегілер (оның ұзақ билік етуі, негізгі өзгермейтін құрамы) тұрақтылығы. Екінші деңгей – саяси жүйе тұрақтылығы (қазіргі уақытта саяси кризистің болмауы). Үшінші деңгей – қоғамның, халықтың саяси тұрақтылығы. Мұнда мемлекеттің территориясы, бірлігі, тәртіптің сақталуы, жеке бас қауіпсіздігі, бостандықтары мен құқықтарының сақталуы басты орынға ие.

Үшінші деңгейлі саяси тұрақтылықты зерттеу – ең қиыны. Дәл сол деңгей тұрақтылығы көпдеңгейлі, қиын динамикалық жүйе тұрақтылығына сәйкес келеді. Бірінші және екінші деңгейлі саяси тұрақтылықтың сақталуы қоғамның тұрақсыздығы мен құлдырауына тікелей байланысты. Тек осы үшінші деңгейлі саяси тұрақтылық – халық өмірінің жақсаруына жағдайлар жасалған кезде ғана ішкі саяси тұрақтылық және ұлттық қауіпсіздік жүйесін жасауға болады.

Қоғамның тұрақтануы оның консолидациялануынсыз мүмкін емес. Консолидация қоғамның тұрақты қалпына, қоғам жағдайына байланысты оған ортақ мақсат пен мүдде, әрекеттердің келісіліп істелуі, соның іске асуына, сақталуына, қорғануына және әлеуметтік құндылықтарды сыни тұрғыда қайта қарауына жағдай тудырады. Шынайы консолидация ол тек ұлттық бірлік негізінде ғана бола алады. Ол қандай да бір билік басындағы адамдар тобы емес, жалпы халық немесе халықтың басым бөлігі болуы қажет.

Қоғамның саяси тұрақтылығы – көптеген саяси-әлеуметтік міндеттер туындысы. Ол дегеніміз, әлеуметтік тәртіп, бірыңғай құқықтық алаң, мемлекеттік қызметтер мен азаматтар арасындағы сенім деңгейі, өмір сапасы мен деңгейі. Адамдардың қауіпсіздігі мен денсаулығы көптеген саяси ұйымдар мен институттар арқылы іске асады.

Саяси басқару әр қоғамда, елде, аймақта, тарихи кезеңдерде әр түрлі формада болады. Бір формадағы саяси басқару институттары басқа елде іске аспауы не болмаса басқаша қолданылуы

мүмкін. Басқаша айтқанда, бір елдерде ол легитимді, ал енді бір елдерде легитимді емес. Саяси басқарудың кез-келген формасының ұзақ өмір сүруі оның қоғамдағы заңдылық деңгейіне байланысты. Сонымен қатар саяси басқару формасының ортақ заңды формасы жоқ. Саяси басқару заңдылығы сол елдің ұлттық, аумақтық және географиялық ерекшеліктерімен байланысты болады. Әр қоғамда саяси басқаруды мойындау және қолдау орын алған. Мұның түбірін қоғамдағы саяси мәдениеттен, яғни, белгілі бір қауымдастыққа жататын азаматтардың жалпы саяси әрекетінен іздеу керек [23].

### Қорытынды

Қоғамның саяси жүйесінің тұрақтылығын қарастыра келе, келесідей қорытынды жасауға болады:

Тұрақтылық факторларына келесілерді жатқызамыз: билік пен конституциялық тәртіптің сақталуы; биліктің қалыпты дамуында орынды күш қолдану; биліктің ұйымдасуында айтарлықтай маңызды құрылымдық өзгерістің болмауы; мемлекеттің стратегиясын ойланып және нәтижелі етіп іске асыру; оппозицияға биліктің шыдамдылығы (толеранттылығы); үкіметтің өз міндетін орындауы;

Тұрақсыздық факторларына келесілерді жатқызамыз: қоғамның мәдени және саяси бөлінуі;

азаматтардың қажеттіліктерінің билікпен орындалмауы; партиялардың бәсекелестігі, онда идеологиялық позициялардың әралуандығы; қоғамға жат идеялар мен формалардың ұсынылуы;

Саяси режим тұрақтылығы – жүйенің басқаруды сақтап қалуы, азаматтық тәртіптің бекітілуі, басқарудың заңды және сенімділігіне байланысты.

Саяси мәдениетті әлеуметтік институт ретінде саяси сараптайтын болсақ, саяси мәдениет өзінің құндылықтық бағдары арқылы қоғамның тұрақтылығы мен мемлекеттің саяси жүйесінің тұрақтылығын нығайтудың саяси-әлеуметтік тетіктерін құрайды. Әлемдік саясаттану ғылымында саяси мәдениеттің құндылықтық бағдарын азаматтардың саяси жүріс-тұрысын, іс-әрекеттерін болжаумен, саяси жүйенің тұрақтылығын азаматтардың саяси бағыттарымен тікелей байланыстырып түсіндіреді.

Саяси мәдениет өзіне саяси білім, құндылықтық бағдарлар, әлеуметтік тұлғаның жүріс-тұрыс үлгілерін қамтитын болғандықтан, азаматтардың саяси білімінің жоғары, жүріс-тұрыс үлгілерінің тұрақты және құндылықтық бағдарларының айқын болуы, қоғамның тұрақты дамуының негізгі шарттарының бірі болып табылады. Ал, керісінше азаматтардың саяси білімінің төмендігі мен саяси құндылықтарының айқынсыздығы қоғамдық тұрақсыздыққа әкеліп соқтырады.

### Әдебиеттер

- 1 Постникова Л. Политическая стабильность // Политология: взгляды на современность. – М., 1996. – Вып. 9. – С.31.
- 2 Общая и прикладная политология: учебное пособие. / под общей редакцией В.И. Жукова, Б.И. Краснова. – М.: МГСУ; Изд-во «Союз», 1997. – 522 с.
- 3 Әбсаттаров Р.Б. «Саяси тұрақтылық және ұлттық қауіпсіздік: жүйелік талдау. // ҚазҰПУ хабаршысы. Әлеуметтік ғылымдар және саясаттану сериясы. – 2012. – № 2. – С. 156
- 4 Аристотель. Сочинения. В 4-х т. – М., 1984. – Т.4. – С. 378-379.
- 5 Гоббс Т. Избр. соч. – М., 1991. – Т.2. – С.250.
- 6 Парсонс Т. Функциональная теория изменения // Американская социологическая мысль. – М., 1994. – С. 465.
- 7 Современная американская социология. – М., 1994. – С. 83.
- 8 Яковлев И.П. Системно-динамические особенности российского общества // Социально-политический журнал. – 1993. – № 5/6. – С.6-7.
- 9 Bealey F. Stability and Crisis: Fear About Threats to Democracy // European Journal of Political Research. – 1987. – Vol. 15, № 6. – P. 687.
- 10 Dowding K.M., Kimber R. The meaning and Use of Political Stability // European Journal of Political Research. – 1983. – Vol. 11, № 3. – P.15
- 11 Jaworsky J. Ukraine Stability and Instability // McNair Paper 42. INNS. – 1995, August. – P. 3-4.
- 12 Zimmerman E. Government Stability in Six European Countries During the World Economic Crisis of the 1930: Some Preliminary Considerations // European Journal of Political Research. – 1987. – Vol. 15, № 1. – P. 32.
- 13 Samuel P. Huntington (2006), Political Order in Changing Societies. New Haven and London, Yale University Press – P. 78-82.
- 14 Searing D. Theory of Political Socialization: Institutional Support and Deradicalisation in Britain // European Journal of Political Research. – 1996. – Vol. 16, part 3. – P. 43.
- 15 Duff E., Mc Camant J.F. Measuring. Social and Political Requirements for System Stability in Latin America // The American Political Science Review. – 1968. – Vol. 12, № 4. – P.31.
- 16 Elster J. (1982), «Marxism, functionalism and game theory» // Theory and Society. № 11. – P. 452-482.

- 17 Эйзенштадт Ш. Революция и преобразование обществ. – М., 1999. – С.58.
- 18 Crosier M., Friedberg E. L'Acteur et le Systeme. – Princeton, 1977. – P.69.
- 19 Duff E., Mc Camant J.F. (1968), Measuring. Social and Political Requirements for System Stability in Latin America // American Political Science Review. – Vol. 12, № 4. – P.31.
- 20 Макарычев А.С. Стабильность и нестабильность при демократии: методологические подходы и оценки. // Полис. – 1998. – № 1. – С.152.
- 21 Кажыгельдин А.М., Дзлиев М.И., Потрубач Н.Н. Безопасность социума (словарь-справочник). – М., 1997. – С. 98.
- 22 Ахметжанова Г.К. Политическая стабильность в условиях формирования новой идентичности (на примере РК). дис. ... канд. полит. наук. – Алматы, 1998. – С.30-32.
- 23 Дибиров А.З. Политическая культура и модели легитимности государственной власти. – М., 2003. – С.123.

#### References

- 1 Postnikova L. Politicheckaja ctabil'noct' // Politologija: vzgljady na covremennoc't'. – М., 1996. – Вып. 9. – С.31.
- 2 Obshhaja i prikladnaja politologija: uchebnoe pocobie. / pod obshhej redakciej V.I. Zhykova, B.I. Kracnova. – М.: MGCU; Izd-vo «Cojuz», 1997. – 522 s.
- 3 Әбсәттаров Р.В. «Сәјәси тырақтылық және ұлттық қайырсыздық: зһыжелік талдау. // ҚазҰПУ хабаршысы. Әлеуметтік ғылымдар және сәјәсәттәни сәријәсы. – 2012. – № 2. – С. 156
- 4 Arictotel'. Cochinenija. V 4-x t. – М., 1984. – Т.4. – С. 378-379.
- 5 Gobbe T. Izbr. coch. – М., 1991. – Т.2.– С.250.
- 6 Parconc T. Fynkcional'naja teoriја izmenenija // Amerikanckaja sociologicheckaja mycl'. – М., 1994. – С. 465.
- 7 Covremennaja amerikanckaja sociologija. – М., 1994. – С. 83.
- 8 Jakovlev I.P. Cictemno-dinamicheckie ocobennocti rocijckogo obshhectva // Social'no-politicheckij zһyрnal. – 1993. – № 5/6. – С. 6-7.
- 9 Bealey F. Stability and Crisis: Fear About Threats to Democracy // European Journal of Political Research. – 1987. – Vol. 15, № 6. – P. 687.
- 10 Dowding K.M., Kimber R. The meaning and Use of Political Stability // European Journal of Political Research. – 1983. – Vol. 11, № 3. – P.15
- 11 Jaworsky J. Ukraine Stability and Instability // McNair Paper 42. INNS. – 1995, August. – P. 3-4.
- 12 Zimmerman E. Government Stability in Six European Countries During the World Economic Crisis of the 1930: Some Preliminary Considerations // European Journal of Political Research. – 1987. – Vol. 15, № 1. – P. 32.
- 13 Samuel P. Huntington (2006), Political Order in Changing Societies. New Haven and London, Yale University Press – P. 78-82.
- 14 Searing D. Theory of Political Socialization: Institutional Support and Deradicalisation in Britain // European Journal of Political Research. – 1996. – Vol. 16, part 3. – P. 43.
- 15 Duff E., Mc Camant J.F. Measuring. Social and Political Requirements for System Stability in Latin America // The American Political Science Review. – 1968. – Vol. 12, № 4. – P. 31.
- 16 Elster J. (1982), «Marxism, functionalism and game theory» // Theory and Society. № 11. – P. 452-482.
- 17 Jeјzenshtadt Sh. Revolјucija i preobrazovanie obshhectv. – М., 1999. – С. 58.
- 18 Crosier M., Friedberg E. L'Acteur et le Systeme. – Princeton, 1977. – P. 69.
- 19 Duff E., Mc Camant J.F. (1968), Measuring. Social and Political Requirements for System Stability in Latin America // American Political Science Review. – Vol. 12, № 4. – P. 31.
- 20 Makarychev A.C. Ctabil'noct' i nectabil'noct' pri demokratii: metodologicheckie podxody i ocenki. // Polic. – 1998. – № 1. – С. 152.
- 21 Kazhygel'din A.M., Dzliev M.I., Potrybach N.N. Bezopacnoct' cociyma (clovar'-cpravochnik). – М., 1997. – С. 98.
- 22 Axmetzhanova G.K. Politicheckaja ctabil'noct' v yclovijax formirovanija novoj identichnocti (na primere RK). dic. ... kand. polit. nayk. – Алматы, 1998. – С. 30-32.
- 23 Dibirov A.Z. Politicheckaja kyl'tyra i modeli legitimnocti gocydarctvennoj vlacti. – М., 2003. – С. 123.



4-бөлім  
**ШЕТЕЛ БАСЫЛЫМЫ**

---

Раздел 4  
**ЗАРУБЕЖНЫЕ ПУБЛИКАЦИИ**

---

Section 4  
**SCIENTIFIC LIFE**

Brusilovskii D.A.,  
Ajbekova K.A.

**Christian-muslim co-operation  
as one of the mechanisms of  
dialogue among civilizations in a  
globalizing world (on materials  
of the turkic language peoples)**

The article provides concrete proposals to achieve a positive and effective intercultural and interfaith dialogue, and identifies the causes of the difficulties of interreligious dialogue in the context of globalization. The article discusses the theoretical and methodological aspects of the problem of intercultural and interreligious dialogue in the present historical epoch, shows prospects and the role of dialogue in the socio-political and spiritual life in connection with the changes that occur under the influence of globalization. The author also substantiates the need for intercultural and inter-religious cooperation as the main mechanism for dialogue among civilizations in the context of globalization. Some might say that it is impossible to come to constructive dialogue and mutual cooperation. The topic presupposes a multidisciplinary approach as well as the following research methods: analysis, synthesis, induction, deduction, dialectical and system analysis, comparative history and expert analysis.

**Key words:** intercultural and interreligious dialogue, dialogue between civilizations, dialogue of cultures, East-West co-operation, tolerance, Turkic language peoples, value, mechanism, globalization, jihad, conflict, coexistence, religious consciousness, Christian-Muslim co-operation, Turkic civilization, Turkic world, international organizations, international relationships, "clash of civilizations", conversion, human consciousness, humanism, religious pluralism, problem of social and individual consciousness, Religion Studies teaching methods, possibilities and limits of cooperation, interdisciplinary approach.

Брусиловский Д.А.,  
Ажыбекова К.А.

**Христиан-мұсылман  
ықпалдастығы жаһанданушы  
әлемдегі өркениеттер сұхбаты  
тетіктерінің бірі ретінде  
(түркітілдес халықтардың  
материалдарында)**

Мақалада заманауи тарихи кезеңдегі мәдениетаралық және дінаралық пікіралмасу мәселелерінің теориялық және әдістемелік қырлары қарастырылады, жаһанданудың ықпалымен болып жатқан өзгерістерге байланысты қоғамдық-саяси және рухани өміріміздегі сұхбаттың келешегі мен рөлі көрсетіледі. Автор сонымен бірге мәдениетаралық және дінаралық ықпалдастықтың жаһандану жағдайындағы өркениет сұхбатының негізгі тетігі ретінде қажеттілігін негіздейді. Тақырыптың өзі тәртіпаралық тәсілден, сондай-ақ төмендегі зерттеу әдістерінен: талдау, синтез, индукция, дедукция, диалектикалық және жүйелік талдау, салыстырмалы-тарихи және сарапшылықтан тұрады.

**Түйін сөздер:** мәдениетаралық және дінаралық сұхбат, өркениетаралық сұхбат, мәдениеттер сұхбаты, Батыс-Шығыс ықпалдастығы, қауіп-қатерге төзімділік (толеранттылық), түркітілдес халықтар, құндылық, тетік, жаһандану, джихад, қақтығыс, қатар өмір сүру, діни сана, христиан-мұсылман ықпалдастығы, түркі өркениеті, түркітілді әлем, халықаралық ұйымдар, халықаралық қатынастар, «өркениеттер айқасы», (сенімнің) өзгеруі, діни пікір алуандылығы (плюрализм), қоғамдық және даралық сана мәселесі, дінтану пәнін оқыту әдістемесі, ерекшелік, ықпалдастық мүмкіндіктері мен шекаралары, тәртіпаралық тәсіл.

Брусиловский Д.А.,  
Ажыбекова К.А.

**Христианско-мусульманское  
сотрудничество как один из  
механизмов диалога цивилизаций  
в глобализирующемся  
мире (на материалах тюркоязычных  
народов)**

В статье рассматриваются в теоретическом и методологическом аспектах проблемы межкультурного и межрелигиозного диалога в современную историческую эпоху, показываются перспективы и роль диалога в общественно-политической и духовной жизни в связи с теми изменениями, которые происходят под влиянием глобализации. Автор также обосновывает необходимость межкультурного и межрелигиозного сотрудничества как основного механизма диалога цивилизаций в условиях глобализации. Сама тема предполагает междисциплинарный подход, а также следующие методы исследования: анализ, синтез, индукция, дедукция, диалектический и системный анализ, сравнительно-исторический и экспертный.

**Ключевые слова:** межкультурный, межрелигиозный, междисциплинарный диалог, диалог культур, Западно-Восточное сотрудничество, толерантность, тюркоязычные народы, ценность, глобализация, джихад, конфликт, сосуществование, религиозное сознание, христианско-мусульманское сотрудничество, тюркская цивилизация, тюркоязычный мир, международные организации, международные отношения, «столкновение цивилизаций», изменение (веры), гуманизм, религиозный плюрализм, проблема общественного и индивидуального сознания, методика преподавания религиоведения, возможности и границы сотрудничества, междисциплинарный подход.

**CHRISTIAN-MUSLIM  
CO-OPERATION AS ONE  
OF THE MECHANISMS  
OF DIALOGUE AMONG  
CIVILIZATIONS IN A  
GLOBALIZING WORLD  
(ON MATERIALS OF THE  
TURKIC LANGUAGE  
PEOPLES)**

In the modern context, when there is a struggle for the preservation and strengthening of international cooperation in the world, it is necessary to understand the ideological and political role of religion in the international stage. Among the known movements and centers at national and regional levels, working on the issue of dialogue between cultures, religions and civilizations, we can call the Institute of Interreligious and Intercultural Dialogue, Interfaith International Centre (Oxford, UK), Institute of Global Dialogue, International Movement for a Just World (Kuala Lumpur, Malaysia), the Center for Muslim-Christian Understanding Prince Walid bin Talal, (Georgetown University, USA), the Fund «Appeal of Conscience» (USA), the Academy of Social Sciences (Shanghai, China), the International Centre for Dialogue among Civilizations (Tehran, Iran), the World Public Forum «Dialogue of Civilizations» (Isle of Rhodes, Greece), initiator of its creation was Russian organization – the Center of National Glory and the St. Andrew Foundation, an international non-governmental organization “Platform Dialogue Eurasia”, the decision on its establishment was adopted by the International Forum writers’ and journalists’ organizations in Astana (Kazakhstan), the public Association “Dialogue of Cultures and Civilizations”, the center of intercultural dialogue “Philosophical Globe” (Kyrgyzstan), the Qatar Center for Muslim Studies, Sudan Council on religious coexistence and many others. Despite the abundance of such organizations, it is difficult to count upon the promotion of inter-civilization and inter-cultural global dialogue and harmonization of international relations in the absence of interaction in society, both nationally and regionally.

In the course of the last decades have emerged evidences indicating not only the end of an old paradigm of “The clash of civilizations”, but also necessity to provide human dignity and hope for justice in the face of modern rude challenges – international terrorism, environmental crisis, illiteracy and poverty, drug dependency (narcomania) and alcoholism, Ebola, AIDS, a risk of thermo-nuclear war and so forth. All problems of the XXI century are interdependent and can be resolved only collectively. In the first place let’s face the war-and-peace problem. It is true that “on the planet there is nothing worse, more absurd and horrible than war with millions of rational beings extirpating millions of other beings

like them". [1] Without resolving the war-and-peace problem it is impossible to resolve other global ones. As "wars come up in the human minds, it is human minds where a peace protecting system must be created". [2] Could such a system be created? Is there any hope for human to have peaceful skies over head? In fact 99 % of its time the Earth existed without human. We are the only one moment of this history. And whatever stupid thing we could have done – either to cause rise of temperature to ten degrees or to poison air and water, or to extirpate the fish supplies at sea or even to unleash the thermo-nuclear war – the life won't stop. The humankind as species can be gone for good, but it would hardly touch on microorganisms. [3] So we did pay a lot of attention to the method of solution of that previously mentioned global problem. In this regard we had to get outside the deep roots of the problem, to bring its origin and specifics to light. Some might say that it is impossible to come to constructive dialogue and mutual co-operation. Our comprehension of the dialogue is to see each other in a different light – not the light of the past, but of the future where we will inevitably be closer to each other in many respects. It is of high conceptual importance to change our relation to diversity and use it with the utmost benefit. We can stanch the world wounds, not let it be destroyed, enhance our understanding of the best qualities of our soul if we act all together. Together diseases are easier to fight against, the climate on the planet to save, space to domesticate and a dialogue to provide. People have survived enough conflicts, universal wars and catastrophes in order to learn how to value a human life and understand what mutual values the co-operation can be based on.

In this article, a lot was said about culture dialogue, possibilities and boundaries of dialogue and tolerance in order to create not only the atmosphere of confidence and to improve the international climate, but also to build nuclear-free noncoercive peace. But how can we reach immediate shift-over from political confrontation to intercultural and interreligious dialogue, from religious fanaticism to tolerance and pluralism, from irreconcilable interstate antagonism to mutual spiritual environmental and economic security? Where to start? There won't be peace in the world until there isn't real truce not only between believers and non-believers, but also between religions. We do can feel safe as long as the world of religions – both distant and near – is guaranteed. But will come the day when Abrahamic religions harmonically coexist with non-Abrahamic ones? Will the religions be able to get along with each other not

claiming the possession of unique truth and required conditions that allegedly lead to salvation not only of one single person, but the whole world? What should the modern religion look like in order to reconcile with the others and to adapt for the epoch of advanced science and rapid globalization? Do we have right to give guidance to religious people, tell them what position they should take up towards any religion? This is topical issues but we do know that reconciliation is required and the situation must promote it to make it happen. Another point at issue is that only when people realize their liability for peace without war, understand the world being indivisible and advocate for it at the expense of their own lives till the very end, the peace can conserved and hard-faced. First of all we must understand that the problem of intercultural dialogue and tolerance inevitably and closely related to the problem of human consciousness because the dialogue is held not between science and religion, philosophic systems and religions but among people having specific human and religious experience. Dialogue specifics include in special ability to perceive the other. Therefore we should take the following moments into account. Firstly, the problem of collective and individual consciousness is far from its solution. Secondly, given dialogue specifics it's necessary to put an emphasis on individual consciousness, on self-consciousness phenomenon in particular. Thirdly, specific conditions of formation of individual consciousness are one of the main reasons of existence of religion in globalization century. Fourthly, it's necessary to understand that specific conditions of formation of individual consciousness are not only the nearest social medium (a family, a street, a kindergarten, a school, a university, a staff, social and governmental organizations, cultural departments, books, magazines, television) of the believer, but also a unique combination of all credentials of living of a single confessional representative. The Holy Scriptures, for instance, play a crucial role in the modern world. But for formation of human behavior crucial role play life circumstances, the ones that serve as basis for the Scripture interpretation. Fifthly, it must be stressed that the influence over the spiritual world of a religious person from those surrounding him is not automatic, his practical activity plays a crucial role in it. Besides believer's purposeful acts and actions aimed at self-education are of high importance for individual consciousness development. Sixthly, in the current conditions of democratic society every pietist should have real chances to participate in all-around socially useful activity encouraging the

